

НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Иә, ...

біз осылай жазуды бастадық

*«Қазақ драма» курсы студенттерінің
шығармашылық жұмыстары*



АСТАНА





Иә, сендер осылай жазуды бастадыңдар ...

2010 жыл. Назарбаев Университеті ашылып, алғашқы шәкірттерді қабылдады. Ол – Дайындық мектебі болып аталды. Аптасына сенбі күні ғана қазақ тілі болады. Сағынып көрісеміз. Назарбаев Университеті - Қазақстандағы оқу таза ағылшын тілінде жүретін халықаралық деңгейдегі нағыз заманауи оқу орны. Атағы бірінші күннен аспанға шығып тұр. Ендеше бұл универдің студенттері ең алдыңғы қатарлы болуға тиіс қой.

7-желтоқсан, 2010 жыл. Тарихи күн болды. Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаев Университетінің алғашқы студенттеріне дәріс оқыды. Шетелдік қонақтар да көп келді. Осы бір жантолқытар кездесу біздерге үлкен сенім артып, күш-қайрат берді. Біз 9-ақпанда (2011 жылы) ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдық мерейтойын тойладық. Сол кезден бастап Назарбаев Университетінің өнер тарландары өмірге келе бастады. Алғашқы журналдар шықты, «Аққулар ұйықтағанда» поэмасының желісінде сахналық қойылым болды. Біздің керемет актерларымыз бен актрисаларымыздың (әсіресе Дина Асқарованың) өнеріне келген қонақтар, журналистер таңдай қақты. «Аққу» күйін Арғын Нұртазин орындап, биін Айгерім Өмірханның биші қыздары шығарды. Ал біздің күйшілеріміздің ерлігі – ол ерекше болатын!!

Міне, содан бері төртінші жыл. Студенттер саны да өсіп жатыр, университет те қалыптасып, дамып жатыр. Аяқтан нық тұрып кету үшін уақыт керек және үлкен еңбек керек. Алдыңғы толқын студенттер легі кейінгі толқынға орын беріп, өздерінің өнерлерін, өнегелі тағылымдарын үйретіп жатыр. 2013-2014 оқу жылында «Қазақ драма» курсы ашылды да, ол курста 1-3 курс студенттері араласып оқыды. Сонда біз студенттер арасындағы ынтымақтастықты, достық қарым-қатынасты көрдік.



Жалпы студент болсын, басқа тыңдармандар болсын тыңдаған ақпаратты уақыт келе ұмытады, жазып алғанды 5-10 пайыз есте сақтайды, көргенді 20-30 пайыз, ал өзі жазып, өзі шығарғанды, өзі тапқан жаңалықты ол 100 пайыз есінде сақтайды. «Қазақ драма» курсының мақсаты: өзін жеңу, өзіндегі комплексті жеңу, шығару, жазу, жазғанынан ләззат алу, өзі сценарист, өзі режиссер, өзі актер болу еді. Біз осы мақсатқа жеттік.

Қымбатты шәкірттерім, ұстаз жалғыз өзі – жалғыз жұлдыз, ал түнде аспанда жалғыз жұлдыздың сәні де, сәулесі де жеткілікті болмайды, аспанға жарқыраған көп жұлдыздар ғана сән береді. Сендер әрқайсыларың бір-бірлеріңе сәулелеріңді түсіріп, одан бетер сәулелі жарық болуға, әңгіме, өлең, драмаларық шығармаларды жақсы жазуға көмектестіңдер. Мен де сендермен бірге өстім, бірге қуанып, кейде-кейде (сахналық қойылым кезінде) бірге жыладым.

Қымбатты шәкірттерім! Сендерге шығармашылық табыс тілеймін, Әдемі бастаған сәулелі жарық жолдарыңды тастап кетпеңдер. Мен сендермен бірге сапардамын. Болашақта ұлы суреткер болатындарыңа сенемін.

Ізгі тілекпен, Гүлтас апай. 26.12.2013 жыл



Сценарийлер



Әйгерім Өмірхан
Инженерия мектебі, 3-курс

ЗАҒИП

(2 актылы, 7 көріністі пьеса)

Қатысушылар:

Шәміл – музыкант.

Баян – Шәмілдің әйелі

Ғазиза – биші қыз

Министр

Поштален

Ана – елес

Періштелер

Жүргізуші

Гүл сатушы қыз

Көркем – Ғазизаның жолдас қызы.

1-көрініс

(Кеш. Шәміл фортепиано алдында. Баян ас үйде тамақ әзірлеп жатыр. Шәміл фортепианоны қайта-қайта соққылап, музыаның келмей жатқанына ашуланады.)

Баян. Шәміл, мен саған мен үйде болғанда фортепианоны ойнамай-ақ қоюыңды сұрадым емес пе?! Менің басым ауырады... Жынданып кететін шығармын.

Шәміл. Жаным, түсінші, бұл музыка ғой!

Баян. Музыка! Сенің музыкаңның кесірінен мен таң атқаннан кеш батқанға дейін жұмыста жүруге мәжбүрмін.

Шәміл. Кішкене ғана шыдашы, аяулым! Жақында ол келеді, менің музам! Үлкен дүние, менің ең керемет сәбиім келеді өмірге! Сосын мені бұрынғыдай Парижге шақырады, екеуіміз Эйфель мұнарасындағы кафеге барамыз! Қаланы тамашалап,



бұрынғыдай ең бақытты боламыз, Баянушка! *(Баянды құшақтағысы келеді, ол рұқсат бермейді.)*

Баян. Париж дейсің бе?! Париж тұрмақ, Астанадағы кинотеатрға бармағалы қаншама уақыт болды!

Шәміл. Кино дейсің бе? Киноны мен қалай көремін?

Баян. «Мен, мен, мен»! Неге біз осы ылғи да сен туралы айтамыз?! Мен туралы ойлайтын адам бар ма бұл дүниеде?!

Шәміл. Баян, сабыр етші, мен қалайда көремін, шын айтамын! Сені тағы да бір рет бақытты етуге уәде беремін!

Баян. Қойшы енді, Шәміл. Құр сөздің қажеті қаншама? Көмектеспейді саған ол методика, неге түсінбейсің соны? Сегіз жыл өтті. Бәрі бекер. Көрмеген көзің сол қалпында. Ас үйде тамағың әзір, барып ішерсің. Менің анама жолығуым қажет. Жұмыстан кеш оралам, мені күтпе.

Шәміл. Жарайды, абайлап жүр (дәрменсіз). Мен көремін, көремін әлі! *(Баян есікті тарс еткізіп жауып, шығып кетеді.)*

Баян. Әрине, сен үшін абайлап жүруім керек.

2-көрініс

Арада біраз уақыт өтеді. Шәміл күнделікті көз жаттығуларын жалғастыра береді. Көктемнің шуақты күні. Шәміл фортепиано алдында көңілді, жеңіл, әсем мелодияны ойнап отырады.

Шәміл. Шуақты көктем, енді аз күнде жер ана жап-жасыл болып, сулуанып сала береді екен ғой. Жоқ, жоқ, мен көз жаттығуларын тынбастан жасауым керек. Мен көруім керек. Бір күнде алған жанарымды бір күнде қайтарып береді. Мен сезем ғой. Иә, мен түс көрдім, ғажабы мен түсімде көремін (иығын көтереді). Жоқ, әде, мәңгілік тасқараңғыда қаламын ба? Шындығында, Баяннан басқа кімім бар? Не бауырым, не қарындасым жоқ. Әкем мен анам да өмір жарығын маған қиып кетіп еді. Енді міне ол жарық та мені тастап кетті. Ей, Алла, егер мен жарық дүниені көрмесем, мені өзіңе ал. Мені Баянға масыл



етпе. Жетті, болды. Тоқтаттым өзімді алдағанды. Баян, Баян, енді сені азаптамаймын. Мен жарығы жоқ дүниенді қажет етпеймін (жылайды).

(Жеңіл музыка ойналады, қоңыраулар сыңғырағандай болады. Бөлмеге періштеер келеді)

1-Періште. Шәміл, Шәміл, сен көресің деп, бұлақ айтты, естідің бе? *(Шәміл ойынды тоқтатады, жан-жағына қарайды.)*

Шәміл. Бұл кім?!

2-Періште: Шуақ та айтты, естідің бе?

Шәміл. (Орнынан түрегеп, қорғанатын қалыпқа тұрады). Кім бұл, мені мазақ ете бастадыңдар ма?

3-Періште. Шәмі-і-і-л, суға барып едім, толқын да айтты, Шәміл көреді деді.

Шәміл. Соңғы рет сұраймын, кім бұл? Неге мені мазақ етіп тұрсындар? Мен не істедім сендерге? Кетіндер, кетіндер.

1-Періште. Шәміл, біз саған көмектесуге келдік. Біз сенің қолдаушы періштелеріңбіз. Сенің қатты қиналғаныңды, Алладан тілегенінді есітіп, қол ұшын беруге келдік. Қазір саған қасиетті Анаң келеді. Қорықпа, мүмкін жанарың да оралар.

Шәміл. Рас айтамысындар?! Бірақ бұл мүмкін емес қой! Қалайша?

1-Періште. Неге мүмкін емес? Баянды үміттендіріп, сөз бергенінді ұмыттың ба?

Шәміл. Ұмытқам жоқ! Бірақ бұл фантастика ғой! Мен енді көретін болам?! Мүмкін емес!

Періштелер. Мүмкін! Мүмкін!

Шәміл. Жо-жоқ! Мен тағы да есімнен адастым! Дені сау адам дауыс естімейді! Кетіндер! Мен соқырмын! Мәңгілік соқыр боп өтем, шарасызбын! Қайран дүние, неге өзімді осынша алдадым?! Көрмеймін мен енді қайта! Көрмеймін... *(Пауза. Шәміл әлсіреген, дәрменсіз. Көзінің жасын сүртіп, басын изеп, фортепианосына келіп отырады, фортепианоны ойнай бастайды.)*



Шәміл. Періштелерміз дей ме? Кімді алдағысы келеді? Періште қайда, мен қайда? Болды, болды, бір шешімге келуім керек... Баянның ... Баянның... Баян, сен мен үшін емес, өзің үшін аман бол, маған енді ешнәрсенің керегі жоқ... Жоқ...

(Шәміл басын шайқап, пианиноны бір ұрып, орнынан тұра беріп, шалынып құлайды, қатты қиналып жатады. Сол кезде сахнаға Аруана келеді. Шәмілді айналып жүріп:

Ана. Балам, Шәміл, жарығым, қиналмашы. Бұл мен ғой. Сенің анаңмын. Жарығым, күдеріңді үзбе. Сен өз өміріңді, бізден қалған өмірді жағастыруың керек. Сенің ұрпағың болады.

Шәміл. Анашым, өзіңнің даусың ғой. Сен қайдасың? Ана, қиналдым, енді шыдар алар емеспін.

Ана. Балам, жалғызым, Алланың құдіреті шексіз. Оның бұйрығы болмаса, мен саған жете алар ма едім? Мен жаратушының жақсы хабарын алып келдім. Жанарыңды құдіретті Алла қайтарады. Сенің тілеуің періштеер арқылы Аллаға жетті. Егер шын жыласаң, шын тілесен, Алла естиді деп едім ғой.

Шәміл. Періштелер, иә, олардың дауысын естігенмін. Періштелер...

Ана. *(Ақ жаулығымен баласының көзін сүртеді. Аспанға қарап, қолын созады. Періштелер келеді. Олар анаға хабар жеткізіп жатқандай).*

1 - періште. Сабыр ет, ана. Балаңның көзі көреді деді.

2 – періште. Иә, сабыр етіңдер.

Ана. Балам, құлыным, таста қара көзілдірігіңді. Енді сенің дүниең жарық болады. Енді сен көретін боласың? Көрдің бе, Шәміл?

Уа, адамдар, дүние нұрын сүйіңдер,

Бір-бірлеріңді бақытты етіп күліңдер!

Жарық дүниенің нұрымен жанды суарып,

Жарқ күннің қадірін, қадірін жақсы біліңдер.









Шәміл. Анашым, Жарық дүние! Көрдім, көріп тұрмын, Ана! Анашым, сізді көріп тұрмын. Анашым, құтқарушым, сағынышым. Жарық өмірге екінші рет әкелдің бе?

Анасы мейірленіп қарап тұрады.

Шәміл. Сағындым ғой сізді ана. Сіз де, әкем де мені жалғыз тастап кеттіңдер ғой.

Ана. Құылным, бізді қатты сағынба. Әкең екеуміз ол дүниеде де біргеміз. Ойлайтымыз сен ғана. Балам...

Шәміл. Иә, анашым, не айтқың келді? Неге үндемей қалдың?

Ана. Балам, әлі күдіретті музыка тудырасың. Бірақ жүрегің талай ауырар, балам.

Шәміл. Ауырады?! Ана, мен ең бақыттымын! Жарық дүниеден артық бақыт бар ма? Рақмет, рақмет.

Ана. Шексіз алғысымыз бір Аллаға болсын. Балам, сабыр ет, аз ғана құпияда ұстай тұр. Қуанатын шақ келген жоқ

Шәміл. Ана, анашым неге? Неге құпия? Баянға да айтпаймын ба?

Ана. Иә, екеуміздің уақытша құпиямыз болсын! *(Ана кетеді.)*

Шәміл. Ана! Анашым, қайда кеттің?!
(Осы сәтте бөлмеге Баян келе жатады, анасының сөзі есіне түсіп, көзілдірігін ала беремін дегенде жығылып қалады. Баян жерде жатқан Шәмілді көріп, қасына жүгіріп келеді.)

Баян. Шәміл, Шәміл, саған не болды? Неге жерде жатырсың?
(Шәмілдің басын қолына алады.)

Шәміл. Баян, Баян ... енді бәрі өзгереді! Маған... жаңа, анашым, анашым...

Баян. Шәміл, сенің қызуың көтеріліп кетіпті ғой! Сен жай сандырақтап тұрсың, анаң баяғыда о дүниеге кеткен. Жүр төсегіңе апарып жатқыжайын.

Шәміл. Баян, Баян, мен енді... көретін болам ... Жаңа ...
Баян. Иә, чудо болса, көресің. Дәрінді берейін...
(Ананың елесі. Айтпа деп басын шайқап тұрады)



3-көрініс

(Таң атады. Шәміл креслода отырады. Өзімен-өзі күлімсіреп отыр. Баян Шәмілдің көріп кеткенін әлі білмейді.)

Баян. Неге күлімсіреп отырсың?

Шәміл. Мен бе күлімсіреп отырған?

Баян. Ия, сенің дәл өзің. Бір ғажайыпты көргендей ырзасың ғой...

Шәміл. Ғажайып деймісің? Жай, армандап отырғаным ғой.

Баян. Армандағаннан бір нәрсе шықса, осыған дейін шығар еді ғой. Асыңды әзірлеп қойдым. Мен жұмысқа кеттім.

(Шәміл креслода қала береді. Ойында жаңа әлемді көргендегі қуанышынан туған композиция ойнап жатады. Алайда, мотор даусы шыққан соң музыка кенет өшеді. Шығар есікке барып қараса, Баянды бір кісі қарсы алып, бетінен сүйіп, гүл беріп, жатыр. Баян да оны құшақтап, қолымен аузын басады. Олар шығып кетеді.)

Шәміл. Менің көзім соқыр болса да, сезімім соқыр емес еді. Бәрін де сезгенмін. Салқындық... Бірақ мен сені қалай кінәлаймын, Баян? Жаным, Баяным. (Көзілдірігін алып, сахнаның шетіне кеіп тұрады).

Иә, жол апаты. Әкем мен шешем машинаның артында отырған, ал мен жүргізушінің қасында едім. Жүргізуші екеуіміз белдікпен байланғандықтан ұшып кетпедік. А әке -шешем мерт болды. Мен 6 ай ауруханада жаттым, ақыры жанарсыз қалдым. Үйленгенімізге 8 ай ғана болған. Баянның аяғы ауыр еді. Біздің хабарымызды естігенде Баян есінен танып қалып, ол да ауруханаға түсіпті. Дәрігерлер өзін аман алып қалды, ал баланы сақтай алмапты. Міне содан бері 8 жыл өтті. Бізде күн сияқты жалынды сезім болған, болған. Бірақ оның да жалыны, жарығы менің жанарым сияқты өшті.

Басында Баянымның үміті бар еді, бірте-бірте ол да сөнді. Қызық, Баянға айтпа, сабыр сақта дегені қалай? Түсінікті, түсінікті болды. Баян енді мендік емес екен ғой. Тағдыр маған



енді қандай сый дайындап тұр? Неге мен өз Баянымды біреуге беруім керек. Жоқ бүгін, сәті түссе, Баянға айтамын. Өз Баяным, өз махаббатым, мүмкін Самат жолдасымыз еді ғой. Жай келіп жүрген шығар? *(Орындыққа барып отырады)* Әлі бәрі баяғыдай болады.

(Баян жұмыстан келеді. Шәміл жалма-жан көзілдірігін кие қояды. Шәмілге тәкаппарлана қарағанымен, өзі сондай мәз. Шәміл отырған бөлмеге кіріп, айнаға өз-өзіне сүйсіне қарайды.)

Баян. Қалың қалай, Шәміл?

Шәміл. Менің қалым қалай болушы еді, баяғы бір сарын, ескі сарын. *(Құпиясын әлі де ашар емес. Өзіне сүйсіне қараған Баянға қарап)* Сенің өзің сұлу боп кетіпсің ғой...

Баян. Не?

Шәміл. Өзіңе соншама сүйсініп қарап тұрғаныңа қарап айтқаным ғой.

Баян. Не деп тұрсың?!

Шәміл. Жәй, жәй, мен сезем ғой...

(Баян көпшілікке қарап, иығын қозғап, қолын жаяды. Шәміл айтуға ыңғайанып) Баян, ... *(есіктің қоңырауы шыр етеді. Баян есікке жүгіреді. Поштален келеді)*

Поштален. Шәміл Еркінұлының пәтері ме?

Баян. Иә.

Поштален. Ол кісі бар ма?

Баян. Иә, үйде. Бірақ маған айта беріңіз.

Поштален. Жоқ, ол кісі өзі қол қою керек.

Баян. Ол кісі зағип қой. Маған бере беріңіз.

Поштален. Кешіріңіз, міне мына жерге қол қойыңыз. Жақсы сау болыңыз.

Баян. Сау болыңыз.

Шәміл. Баян... қандай хат?

Баян. Қазір ашып оқиын. Уважаемый Шамил Еркенович!...

Шәміл, сен қашан жіберіп едің?

Шәміл. Мәскеуден келді ме? Не дейді? «Жарық дүние» ғой.





Баян. Жарық дүние деген не? Короче, сені Москваға халықаралық Фестивальге шақырыпты.

(Шәміл, екі қолын кеудесіне қойып, қуанады).

Баян: Шәміл, түкке түсінсем бұйырмасын. Қашан жібердің?

Шәміл. Тура үш ай болды. Бір күні Саят досым келгенде мен «Жарық дүниені» орындадым. Ол: «Шәміл, мынауың шедевр, шедевр. Маған берші Москвада халықараық конкурс өтеді соған жіберейін, сенің музыкаңнан артық музыка болмайды» деп, алып кеткен болатын.

Баян. Маған неге айтпадың?

Шәміл. Мен саған тындатайын дегенмін, бірақ сен ол күні үйге келмей қалдың, «мамамдарға барып, сонда қала салдым» деп едің ғой.

Баян. Одан бері де үш ай өтті ғой.

Шәміл. Кейін ұмытып кетіппін. Сенің қолың тимей кетті ғой.

(Баян ыза болып, басын шайқайды)

Баян. Шәміл, енді не істейсің? Москваға барасың ба? Жол шығынын төлеп, билетін де салып жіберіпті ғой. Мәскеуге қалай жалғыз барасың? Мен бірге барайын.

Шәміл. Баян, әуре болма, Саят барады. Солай келіскенбіз.

Баян. Сонда қашан дейді? Мәсаған, ертең шығуың керек екен ғой. Мен заттарыңды дайындайын (екеуі де сахнадан шығып кетеді. Шәміл сырт киімдерін киіп шығады, Баянның қолында чемодан).

Шәміл. Баян ...

Баян. (қарайды) Иә.

Шәміл. Өзіңді күтіп жүр, денсаулығыңа қара.

Баян. Шәміл, сенде бір өзгеріс бар сияқты.

Шәміл. Мен де ме, жоқ әлде сенде өзгеріс бар ма? Менде ... не өзгеріс болсын? (Баян қипақтап, көзін аспанға қаратып, басын шайқайды. Шәміл оны көріп тұр).

Баян. Шәміл, мен бірге барайын. Саған қиын болады.



Шәміл. Баян, жоқ, әуре болма. Оның үстіне жұмысың бар, мамаң бар... Сен осындағыларға да керексің. Оның үстіне мен жоқ кезде жақсылап демалып ал.

Баян. Шәміл, қашан ораласың?

Шәміл. Оны білмеймін... Мүмкін сонда қалып көзімді көрсететін шығармын.

(Баян Шәмілді құшақтап, бетінен сүйеді. Шәміл тек құшақтайды, бірақ сүймейді.)

4-көрініс

(Зал. Көрермендер. Халықаралық конкурс. Шәміл сахнада өз туындысын ойнауда. Жайбарақат басталатын әуен, тасыған өзен секілді өте екпінді құлаш алып барып тоқтайды. Шәмілдің «Жарық дүниесі» Көрермен орындарынан тұрып қол соғып тұр).

Жүргізуші: Дамы и господа! Сегодня я имею честь вручить гран при нашего конкурса Шамилю Еркинову с Астаны! Bravo, Шамиль! Поздравляю вас с вашим фееричным возвращением! К тому же, хочу Всем объявить о том, что Шамиль вернул свое зрение и будет впредь радовать нас своим творчеством!

(Залдағы көрермендердің көпшілігі көздеріне жас алған.)

Көрермендер. Bravo! Бис! Бис!..

(Жұрт Шәмілді құттықтап, гүл беріп жатады).

Министр. Шәміл, Еркенұлы, сіз тәуелсіз еліміздің абыройын аспанға шығардыңыз. Сіз Қазақстан Композиторлар Одағының мүшесі болдыңыз. Сізге өзіңіз қалаған қаладан Астана ма, Алматы ма пәтер береміз. Таңдаңыз. Мұндай музыканы, әлем мойындаған музыканы өзіміздің бауырымыз, қазақтың жігіті жазды. Енді тамыз айында Парижде өтетін конкурсқа қатысасыз.

Шәміл. Рақмет, рақмет. Шынымен үй дейсіз бе?

Министр. Иә, үш бөлмелі үй!

Шәміл. Онда Алматыдан болса, жақсы болар еді. Өнер адамдары үшін Алматының орны бөлек қой.



Министр. Болды, Алматы десеңіз, Алматы болсын.
(Шәмілдің музыкасы естіліп тұрады. Музыка фонында өлең оқылады).

Жарық дүние, жап-жарықсың, сен керім,
Арманымсың, аяулымсың сен менің.
Саған ғашық бар тіршілік ғаламда,
Музам менің сәуле ойнаған санамда.

Жарық дүние, тастама мені қапасқа,
Жаншыма жанды, жамадықтарды аласта.
Кеудемдегі жарықты сыртқа шығар деп,
Жалынам саған, Қүдірет, жалбарынамын, жалынам.
Тастама мені, тастама мені қапасқа...

Күн нұрыңнан шашу шаш менің музама,
Толқысын ғажап, музыкам менің толқысын.
Ақ жауыныңмен жанарма тамшы бер,
Шалқысын жүрек, қуансын көңіл тасысын.
Тастама мені, тастама мені қапасқа...

Уа, зағиптар, күдер үзбеңдер жарықтан,
Жарық дүние кеудемізде орныққан.
Жанары барлардың соқыр тірлігі қауіпті,
Оларға да тілейік жанар Ғарыштан!

Уа, адамдар, дүние нұрын сүйіңдер,
Бір-бірлеріңді бақытты етіп күліңдер!
Жарық дүниенің нұрымен жанды суарып,
Жарқ күннің қадірін, қадірін жақсы біліңдер.



2 - АКТ

1-көрініс

(Баянның үйі. Диванда Самат отыр. Самат, халат киіп алған. Теледидардан Шәмілді көрсетіп жатыр)

Самат. Баян, Баян, мұнда кел. Шәмілді қара.

Баян. (келіп, қарап тұрады. Қолында кесесі бар).

Тілші. Шәміл Еркенұлы, сіздің «Жарық дүниеніз» әлемді шарлап кетті. Сізді тамыз айында Парижге шақырыпты, онда қандай шығармаңызды орындайсыз?

Шәміл. Онда үш шығармамды алып бармақшымын.

Тілші. Егер құпия болмаса?

Шәміл. Әрине құпия.

Тілші. Жарайды, үшеуін емес бір шығармаңызды ғана айтыңызшы.

Шәміл. Жарайды айтайын. Ол шығармамның атауы «Кешір» деп аталады.

Тілші. Қызық екен. Сіз кімнен кешірім сұрайсыз?

Шәміл. Ең қымбат жаннан...

Тілші. Рақмет, сізге шығармашылық шабыт тілейміз.

(Самат, орнынан тұрып, Баянды құшақтамақ болады, Баян үнсіз кухняға шығып кетеді).

(Самат пен Баян шай ішіп отыр. Есіктің қоңырауы шырылдайды. Самат пен Баян бірдей есікке барады. Пошта тасушы)

Почтален. Сізге хат келді (Баянға береді).

Баян жама-жан ашып оқиды.

Шәмілдің даусы. Баян, сәлем. Мен үшін қатты қиналдың, 8 жыл. Аз уақыт емес. Енді сенің қиналмағаныңды тілеймін. Бақытты болғаныңды тілеймін. Менің жағдайым жаман емес... Мені күтпе. Тағдыр ғой... Саматпен бақытты боласың. Сені қадірлей алады деп ойлаймын. Ажырасу туралы өтініш бергенмін. Уақыты келгенде Астанаға барып қайтамын. Мен



саған ренжімеймін. Бақытты бол, денсаулығыңды күт. Кешір. Шәміл.

Баян. Бақытты бол, денсаулығыңды күт... (көзіне жас алып, басын шайқап, хатты Саматқа беріп, сахнадан шығып кетеді).

Самат . Бәрін сезген екен ғой. Сонда қалай? Ол кетпей тұрып, көрген ғой сонда?.. (Сахнадан шығады).

2-көрініс

Афиша. *(Шәміл дауыстап оқиды).*

Ғазиза Асқарқызы. Халықаралық би конкурстарының лауреаты.

Мүмкіндіктері шектеулі жандардың концертіне шақырамыз!

Алматы қаласы, Республика сарайы, басталу уақыты: сағат 16.00

Шәміл. Ғазиза, Ғазиза Асқарқызы. Иә, мен бұл қызды теледидардан көрдім де. Керемет билейді. Міндетті түрде барайын. Бүгін ғой (сағатына қарайды) Баруым керек. Үлгеремін.

Гүл сатушы. (Шәміл аппақ раушан гүлін тандайды) Мырза, бұл гүлді сүйгеніңізге сыйлайсыз ба?

Шәміл. А, не дейсіз?

Гүл сатушы. Сіз де, гүл де солай деп тұр. Егер сіз қаласаңыз, ол қыз сізге жар болады.

Шәміл. Рақмет, айтқаныңыз келсін. *(Бұрылып бара жатып)* Бұл жұрттың бәрі көріп кел болып кеткен бе? *(күледі)*

Гүл сатушы. 30 жылдан бері гүл сатып жүрмін ғой. Гүлдің тілін мен білмегенде кім біледі? Таңертең келгенімде-ақ бұл ақ гүлім қуанып, бүгін мені бақытын іздеп жүрген бір жігіт алады. Олар бақытты болады» деген болатын. Иә, басқаша ойламаңыздар, мен гүлдермен сөйлесе аламын, тілдерін мен түсінемін. Қызық бұларда да қызғаныш болады.

Жүргізуші. Сахнаға әлемді ғажап биімен таң қалдырған Ғазиза Асқарқызын шақырамыз! *(Ғазиза билейді. Көрерменге тағызым жасайды, Залдан айғай. Браво! Керемет!)*





Шәмiл. *(Өзімен өзі)* Керемет! Ғажап! Жанарсыз Жамалым-ай, қандай әдемісің? Тағдыр... тағдыр... *(Елдің бәрі қол соғып жатыр. Гүл беріп жатыр. Шәмiл де жақындайды).* Ғазиза, Сіздің биіңіз керемет болды! Мен сіздің өнеріңізге тәнтімін, музыканың әрбір нотасына қимыл бердіңіз, әуенге керемет жан бітірдіңіз. Мына раушан гүлдер сізге, Ғазиза!

Ғазиза. Голландық розалар! Менің сүйікті гүлдерім...Ммм...Рақмет сізге!

(Шәмiл Ғазизаны қолынан алады.) Кешіріңіз. Сіз музыкантсыз ба?

Шәмiл. Қалай таптыңыз?

Ғазиза. Иә, нотаны айтқан соң ғой. Жалпы, сезем ғой.

Шәмiл. Иә, білемін. Ол солай ғой.

Ғазиза. Қалай білесіз? Мен зағиппын ғой.

Шәмiл. Ғазиза, кешіріңіз, қашаннан бері...

Ғазиза. Сегіз жыл болды. Бірақ сәтте қара түн, қапасқа түсіп кеткендей болдым... Анам өмірден қайтқан күн болатын. Мен қатты жыладым.

Шәмiл. Бір-ақ күнде көрмей қалдыңыз ба?

Ғазиза. Иә, анамды шығарып бара жатқанда ... Анамның соңғы сапарын көрмесін деді ме? Көрмей қалдым.

Шәмiл. Ғазиза, кешіріңіз. Сізді ренжітемін деген ойым жоқ еді. Кешіріңіз. Мынадай керемет биді қайдан үйрендіңіз?

Ғазиза. Жоқ, несіне ренжиін. Анам марқұм мені бала кезімнен биге апарды. Менің бұл жеңістерімді ең жақындарым анам да, әкем де көрмеді. Әкем мен үшке толғанда жол апатынан қайтыс болған. Ой, кешіріңіз, сізге бүкіл тарихымды айтып тұрғанымды көрмейсіз бе? Ал сау, болыңыз. Рақмет. Көркем, қайдасың?

Көркем. Ғазиза мен сені күтіп тұрмын. Жүр (екеуі бұрыла береді).

Шәмiл. Ғазиза, мен сізді енді қайдан табамын?

Ғазиза.*(сықылықтап күледі)* Жер бетінен табасыз. Ертең жол жүріп кетемін. Қазақстанның шығысында Рахман қайнары бар



екен. Көзге жақсы болысады дейді. Сонда барып қайтпақпын. Сау болыңыз. (Ғазизаны бір қыз жетектеп сахнадан шығып кетеді)

Шәміл. Ғажабын-ай, әдемісін-ай. Алла Тағалла, менің жүрегіме не сыйлап тұрсың? Гүл сатушы апайдың сөзі рас болмасын. Жамалым, Ғазиза, Кереметсің. Мен де Алтайға, Рахман қайнарына барамын. Мені де Алтай шақырады.

(Санаторийда болған күндердің бәрінде Шәміл Ғазизамен күнделікті кездесіп тұрады).

Ғазиза. Шәміл аға, сіз бұлай көп келе бермеңіз, мен сізге бауыр басып кетем ғой.

Шәміл. Ғазиза, мен сізге бауыр басқалы қанша күн, тіпті жыл, жоқ тіпті ғасыр өткендей! Ғазиза, мен сізге ғашықпын. Сізсіз өзімнің өмірімді елестете алмаймын, таңертең тұрсам да, түнде ұйықтасам сіз туралы ойлаймын. Білесіз бе, Ғазиза, мен сізді түсімде көргем... Біз екеуіміз қол ұстасып жарыққа қарай жүріп бара жаттық...

Ғазиза. Еһ... Жарық, жарық, мен үшін жарық болған енді тас қараңғы...

Шәміл. Ғазиза менің музыкамды тыңдайсыз ба?

Ғазиза. Қайдан?(Пауза)

Шәміл. Қазір, ұялы телефонымда бар. («Жарық дүние» тыңдап отыр)

Неге үндемей қалдың? Ғазиза, сөйлеші, маған өкпелеп отырсың ба?

Ғазиза. Сізге несін өкпелейін. Тағдырыма болмаса. Жарық пен қараңғы бір-біріне қосылмайтын екі әлем ғой.

Шәміл. Неге? Жоқ біз бір әлемде, бір ауада, бір тіршілікте мекен етеміз, Ғазиза. Мен музыка жазам, сен оған жан беріп билейсің. Музыка ғой. Менің музам ғой сені тауып берген. Дәл менің музыкама сен керемет би шығардың, орындадың. Есіңде ме, Ғазиза. Ол түн ғажап түн болатын. Ай қызығып, мүмкін менен сені қызғанып, елжіреп қарап тұрған болатын.



Ғазиза. Өткендегі Көркемнің туған күніндегі кешті айтасыз ба? Иә, сол кеш ерекше болып еді. Сонда сіз ол музыканы сол сәтте шығардыңыз ба?

Шәміл. Иә, ол өзіңе арналған. Оның атын «Жамалым» деп қойдым.

Ғазиза. *(басын шайқап, аспанға қарайды).* Шәміл аға, мені мазақ етпеңізші. Жаныңыз ашыса, мазақ етпеңіз. Құдайдың да жылатқаны аз емес. Өтінем. Мен жас қыз емеспін, шындық пен өтірікті айыра аламын. Менің жүрегіме түскен тас жеңіл емес, енді сіз одан бетер ауырлатпаңызшы.

Шәміл. Неге? Жаным-ау неге олай дейсің?

Ғазиза. Неге, неге, неге деген сұрақты қоймаңыз маған! Кешіріңіз, енді маған келмеңіз.

Шәміл. Ғазиза, Жамалым, жаным... Шіркін сен екеуіміздің дүниеміздің бір-біріне қандай жақын екенін білсең ғой... Жамаым, сен маған бөтен емессің. **Ғазиза.** Неге маған Жамалым дейсіз?

Шәміл. Мен сені алғаш сахнадан көргенде «Менің Жамалым, сен қандай әдемісің, кереметсің!» дегенмін.

Ғазиза. Сау болыңыз. Мен бүгін дәрігерге баруым керек.

Көркем . Сәлеметсіз бе, Шәміл аға! Ғазиза, жүр кеттік.

Ғазиза. Сау болыңыз.

Шәміл. Қыздар, байқап жүріңдер, кездескенше.

3-көрініс

(Кеш. Ғазиза беседкада жалғыз отыр. Шәміл артынан келіп, қыздың иығына костюмын жабады).

Ғазиза. А, сіз бе едіңіз? Сізді келмейтін шығар деп ойлап едім.

Шәміл. Ғазиза, алдында тым асығыстық жасап, ренжітсем кешірім өтінем.





Ғазиза. Шәміл аға, мен де кешірім өтінемін. Кешіріңіз. Шәміл аға, сіз білмейсіз ғой. Менің жан дүниемдегі қаншама жарқылды, қаншама толқынды, қаншама қайғы-мұңды ...Сіз осы әлем қандай ғажап, өмір деген сондай керемет дейсіз. Иә, мен білемін. Мен сол жап-жарық әлемді сағындым. Сіз түсінесіз бе?! Шіркін-ай, тым болмаса енді бір-ақ рет жарық Күнді өз жанарыммен көрсем ғой... Алатауды, мөлдіреп аққан бұлақты, сәби күлкісін көрсем ғой...

Шәміл. (Ғазизаны жеңіл құшақтап тұрып) Ғазиза, Жамалым, сен көресің! Міндетті түрде көресің! Егер шын тілесей! Шын көргің келсе, Аллаға сен, оның құдіретіне сен. Ол – жарылқаушы, оның қолынан бәрі келеді.

Ғазиза. Бұл ертегі ғой...

Шәміл. Ертегі емес, шындық! Мен саған ешкімге аспаған бір үлкен құпиямды ашайын ба? (Музыка әуені естіледі. Шәміл музыканы тыңдап қалады)

(Сол кезде сахнаға періштелер шығады. Шәміл ойланып отырып қалады).

1-Періште. Ғазиза, сені көреді деп, бұлақ айтты естідің бе? (Ғазиза, жан жағына елеңдеп тұр. Шәміл түк түсінбей оған қарап қалған).

2-періше. Ғазиза, сенің Алатауың да айтты ғой, естідің бе?

Ғазиза. Алатау, Алатау айтты...

3-періште. Иә, иә, судың толқындары да айтып жатыр, естідің бе?

Ғазиза. Не, нені айтты? Шәміл аға, қасыңыздағылар кімдер? (Ғазиза басын ұстап, отыра қалады).

Періштелер. Ғазиза, қорықпа, сен көретін боласың. Қорықпа.

Ғазиза. (Ғазиза таңданып, жан-жағына қарап) Сіз де естіп тұрсыз ба, Шәміл аға?!

Шәміл. Нені? Жоқ, мен ештеңе де естіп тұрғам жоқ... Ол не?

Ғазиза. Тек, жәй, әншейін.



Шәмiл. (Қуанып кетiп). Тоқтай тұр! Мен бiлемiн! Дауыс естiдiң бе? Көресiң дедi ме?

Ғазиза. Ия, ия! Сiз оны қайдан бiлесiз?

Шәмiл. Ал ендi мұның бәрiн, әппақ қанатты перiштелер айтты ма?

Ғазиза. Тоқтай тұрыңызшы, Шәмiл аға! Бiр құпия туралы айтамын деп едiңiз ғой?..

Шәмiл. Сол ғой, құпия... Осы, осы болатын. Олар өздерi келiп айтыпты ғой. Рақмет, Жаратушы, рақмет! Естушi, Рақмет Жарық дүниенi көрсетушi, мың алғыс! Ғазиза, ендi бәрi керемет болады. Жаным, сеншi менiң сөзiме.

Ғазиза. Рас айтып тұрсыз ба? Жүрегiме толқын келiп тербеткендей, марқұм анамның алақаны сияқты, жұп-жұмсақ.

(Екеуi үн-түнсiз, бiр бiрiнiң қолынан қатты ұстап алған. Шәмiл күлiмсiреп бiресе аспанға, бiресе Ғазизаға қарайды)

Ғазиза. Мiне, менiң үйiме де келiп жеттiк.

Шәмiл. Қайдан бiлдiң?

Ғазиза. Мiнеки, баспалдақ... Мен баспалдақты сезем ғой... Рақмет сiзге, бүгiн ерекше күн болды. Арманның биiгiне шығып кеттiк. Бiрақ арман мен шындықтың ауылы бiр-бiрiне өте алыс екенiн ұмыта жаздаппын. Сау болыңыз!

Шәмiл. Бәрi Берушiнiң қолында. Ендi бәрi керемет болады. Ғазиза сенiмiңдi жоғалта көрме. Сау бол, көрiскенше. (Ғазизаны бауырына тартып құшақтайды.)

4-көрiнiс

(Сахна дәл ортасынан бөлiнген. Алғашында мәз боп қалған Шәмiлдiң қуанышы су сепкендей басылып қалады. Өз бөлмесiне көңiлсiз оралады. Шәмiл музыка ойнайды. Шәмiлдiң әуенiне Ғазиза мың бұрала билейдi. Ғазизамен бiрге перiштеер де билейдi). Перiштелер сондай мәз! Аппақ қанатты, әдеми перiштелердi Ғазиза көрiп тұр екен... Перiштелер мәз болып, бөлменi бiр айналып, сахнадан шығып кетедi..



Ғазиза. *(қолымен көзін жауып, біресе ашып, тағы жауып көреді).* Қандай кереметсің, Жарық дүние! *(Шәміл «Жарық дүниені» ойнап жатады)* Қандай сұлусың! Құдірет Иесі, мен Өзіңе тағызым етемін. Сен – Жарылқаушысың! Мен сені көріп тұрмын Жарық дүние! Шынымен көрдім! Көрдім. Шәміл! Шәміл!

Ғазиза. Шәміл, Жарық дүнием! Мен сендерді көріп тұрмын!
(Шәміл, Ғазизаға сүйсініп қарап тұрады, екеуі біріне бір құшақ жая жүгіреді)

Шәміл. Жамалым, сағынышым, жарық күнім! Жаратқан ием; біздерді кездестіру үшін бізге осындай ауыр сынақты берген екенсің ғой?

Ғазиза. Шәміл, Шәміл, қандай керемет! Әлем қандай сұлу. Қандай керемет. Шәміл, бұл менің түсім емес пе?

Шәміл. Жоқ, Жамалым, бұл екеуміздің өңіміз. Бұл екеуміздің жарық дүниеміз!

СОҢЫ





Айболат Қойшыбай
Инженерия мектебі, 3-курс

Жақсылық жасауға мүмкіндік

Қатысушылар:

Жансерік – басты кейіпкер

Асан – жетім бала

Жанна – Жансеріктің жары

Хирург – дәрігер

Бұзақы жігіттер

Бала – Асанның баласы

1- көрініс

(Көше. Төбелес. 3-4 жігіт бір жігітті ұрып жатады. Төбелесін жатқан жерге Асан жақындайды)

1-жігіт: Аямаңдар, соғыңдар. Сен неге ақшасыз жүресің а? Ақша саған керек бомаса, бізге керек. Екінші жолы ақшаны өзің әкеп беріп тұратын боласың. Түсіндің бе?

2-жігіт: Ей, неге түсіндім деп айтпайсың? Әлде естімей тұрсың ба? *(Ол да ұрады)*

3-жігіт: Құлақ-шекеден жақсылап ұрсаң, жақсы естиді. *(Ұрады, Жансерік жерге құлайды.)*

Асан. Ей, жігіттер! Бұларың не?

1-жігіт: Шаруаң болмасын, аулақ жүр. Шегол, кет ары. Телефоны жаман емес екен (қарап қалтасына салып алады).

2-жігіт: Мылжа-мылжаңды шығармай тұрғанда, келген бағытыңмен кері қайт *(Асанды жұлқылайды)*.

Асан: Балалар, сендерге не болған?! Сөзге келмей жатып, тап бергендерің не? Оған қоса үшеу болып, бір адамға тиісу ерлік пе?

2-жігіт: Мынау кімге ақыл айтып тұр өзі. Сабақ үйретейін деп келіп пе ең? Көрсетейін онда мен саған бүгінгі сабағыңды.



(Асан қалтасынан ысқырығын алып ысқырады. Адамдар, милиция жүзгіріп келе жатады, бұзақы балалар қашады).

Асан. Жарақат алып қалған жоқсың ба? *(Жансерікті тексере қарайды).* Жаным сүймейді бұндай жандарды. Ар ұят, намыс дегенді мүлдем білмейді. Сенің еш жерің ауырып тұрған жоқ па? Мына жерің ісіп кетіпті ғой. *(маңдайын қолымен көрсетеді).* Менің атым Асан, ал сенікі ше? *(Жансерік үндемей Асанға қарап тұрады).* Неге маған бұлай таңырқай қарайсың? Әлде шынымен зақым алып қалғанбысың? Жүр онда менімен. Сені шұғыл түрде дәрігерге көрсету керек. *(Екеуі ауруханаға қарай беттейді).*

Асан. Сен бұл жерден емес сияқтысың. Бұл аудан көше кезіп, қыдыратын жер емес. Жалғыз болсаң, бұл жерлерге келмей ақ қойғаның дұрыс болады, жігітім. Бұзақылардың ауданы осы жер ғой. *(Жансерік ауырсынады)* Шыда, шыда. Міне, келіп те қалдық.

Дәрігер бөлмесі.

Дәрігер: Не болды? Жол апаты ма?

Асан. Жоқ, аға, бұл жігітке жәрдем керек *(Жансерікті көрсетеді).* Жолда бұзақылармен төбелес болған еді.

Хирург. Сен маған не бүлдіргендеріңді емес, бұл жігітке не болған айсаңшы?

Асан. Аға, мен білмеймін. Мен төбелестің үсінен шықтым... Өзі бір түрлі. Сөйлемейді. Басы да ісіп кеткен. Өзіңіз көріңізші!

Дәрігер Жансерікті біраз тексереді. Қабағын түйеді.

Дәрігер: Иә, әзір дәл айту қиын, біраз бақылау керек. Бұл жігіт бүгін осында қалуы керек. Сіз бұл жігітке кім боласыз? Жақындарына хабар бере аласыз ба?

Асан. Мен... бұл жігітті жалпы, танымаймын. Айттым ғой ... Үш бұзақы жігіт, тепкілеп ұрып-соғып жатыр екен. Тағы да болса менің мынау ысқырығымның пайдасы тиді. Адамдар келе бастағанда бұзақыар қашып кетті. Аға, кеш болып барады. Маған қайту керек. Бара берсем бола ма?



Дәрігер: Болмаса мекен жайыңды қалдырып кет, заң орнынан адамдар іздейді ғой, керек болып қалар.

Асан. Менің өз үйім жоқ. Жетімдер үйінде тұрамын. Егер іздесе, жетімдер үйі деп айтарсыз. Сағат сегіз болып қалыпты. Кешіріңіз, маған кету керек. Аға, көмектесіңіздерші, есі кіргенде мекен-жайын өзі де айтар. Әйтпесе, ұялы телефоны бар шығар.
(Жансерік басын шайқайды. Ұялы теефонын бұзақылар алып қойған)

Дәрігер: Сен уайымдама. Сен ең бастысын істедің, бұл жігітті далада қалдырмай осында алып келдің. Шынымен бұл жігіт өз өмірі үшін алдымен саған қарыздар. Ал біз өз қолымыздан келгенді жақсы атқаруға уәде етеміз.

(Медбикеге) Әзірше, толтыра бер. Басына зақым келді ме? Есін жинаған соң толық мәіметті жазасың. Палатаға апарыңыз.

(Медбике Жансерікті қолтығынан демеп, сахнадан шығады).

Дәрігер. Жастардың тәртібіне қатты көңіл бөлу керек. Сырттағы жұрт білмейді. Ал бізге күнде қаншама зәбір көрушілер түседі. Тоңып секіргендік емес, тойып секіргендік қой.







2-көрініс

Жансерік әйелімен көліктің ішінде отыр. Жол автокөліктерге толып тұр. Кептелісте тұрғандарына жарты сағат болды.

Жансерік. Саған тезірек жинал деп өтініп едім. Енді міне, бір орында қозғалмай тұрғанымызға жарты сағат болды.

Жанна. Бүгін сенбі ғой. Бұл уақытта осыншама машина болады деп кім ойлайды.

Жансерік. Жарайды, болары болды. Енді тезірек қозғалып кетсек еді.

Жансеріктің түрі бұзылып кетеді. Бетінен қиналып кеткені байқалады.

Жанна. Тағы да басың ауырып тұр ма?

Жансерік. Иә, суық келді. Қайтадан қыс бойы мазам болмайтын болды-ау.

Жанна. Суық түсті, жылы киін деп, айтпадым ба?

Бұлардың машинасына қарай нашар киінген адам беттеп келді.

Жанна. Жансерік, анау бізге қарай келе жатыр. Қуып жіберші. Өтірік мүсәпірсіп қайыр сұрай бастайды. Шынында барып тұрған алаяқ, еріншектер.

Жансерік. Жанна, олай дегенің не? Адамның тағдырын білмей тұрып, олай деуің ағаттық. Кім біледі, мені өлімнен аман алып қалған жетім болуы да мүмкін ғой? Сол жігіттің тағдыры әлі де мені мазалайды. «Көмектесіңіші» деп, мен үшін дәрігерге жалынған түрі әлі көз алдымда. Жөн дүзу рахмет те айта алмадым. Қанша іздесем де таба алмадым. Жетімдер үйіне де іздеп бардым. Аман болса екен өзі.

Терезені әлгі адам қағады.

Бейтаныс. Сәлеметсіз бе, машинаңыздың терезелері кір екен, жуып берейін бе? Ақысы бес жүз -ақ теңге. (*Қатты-қатты жөтеледі*).

Жанна. Жансик, оны не қыласың? Көлік жуу орталықтары толып тұр ғой! Сонда барып жусақ болмай ма? Терезені жаба салшы. Машинаның іші суып кетті.



Жансерік. Кешіріңіз менің әйелімді (*бейтанысқа қарап*). Сізді бағанадан бақылап тұр едім, бүгін жұмысыңыз жүрмей тұрған секілді. Мына бір азнаулық ақшаны аздық етпегейсіз. Онсыз да көлік жуу орталығына беретін ақша. Машинаны өзім де жуа аламын. Ал мынау (*ақшаны көрсетіп*) сізге керек болып қалар. (2000 теңге береді. *Бейтаныс аң-таң болып тұрып қалады. Машиналар ағымы қозғала бастайды. Жансерік те орнын қозғалады*).

Жансерік. Осы мен сізді бір жерден көрген секілдімін. Сіз мені танымайсыз ба? (*Машиналар тез қозғалсын деп, Жансерікке дыбыс береді*)

Бейтаныс. Білмедім, бірақ маған да сіз таныс болып көріндіңіз.

Жансерік. Олай болса тағдыр бізді әлі тоғыстырар. Аман сау болыңыз.

Жансерік машиналар ағымымен алыстап кете береді. Жолда қалып бара жатқан Асан еді.

3-көрініс

Асан. Дәрігер, (*күрсінеді*) шыныңызды айтыңызшы, маған не болған? Қауіпті ме? Жұмысқа шықсам бола ма? Үйде жанұям маған қарап отыр. Мен жұмыс істемегелі бір апта болды. Балам да аш қалған шығар... Дәрігер... Неге үндемейсіз?

Дәрігер. Асан Бекболатұлы, тексерулердің жауабын алдым. Бірақ олар көңіл қуантарлық емес. (*Біраз кідіреді*) Қалай айтсам екен, сіз өте кеш келдіңіз. Сізде өте қатерлі ісік бар екен. Біз қолымызда барды істейміз. Бірақ сіз ауруыңызды асқындырып жіберіпсіз.

Асан. Жоқ... Керегі жоқ, ары қарай жалғастырмай-ақ қойыңыз. Жетер осы. Жетер... Сізге көп рахмет!

Дәрігер. Әлі де үміт бар, бірақ сауықтыру іс шараларын тез бастау керек.

Асан. Керегі жоқ. Менде оны көтеретін әл-ауқат та, құлқы да жоқ. Балама, әйеліме не деп айтам?! Қалай қалдырам оларды



жалғыз?! Несіне сізге айтам бұларды? Сізге мені түсіну қиын. Сіз жалғыздық пен шарасыздықтан жаралған жоқсыз. Неге? Неге мен? Не жазығым бар еді? Не көріп едім бұл жазмыш дүниеде? Көп болып па еді менің бақытым? Ұлым, сүйген жарым... екі бақытым. Тағдырым мені сендерден де айыратын болды. Кешіріңіз дәрігер, мен кетемін. (*Асан шығып кетеді*)

Асан көшеде жалғыз өзі кезіп келеді.

Асан. Ей жалған. Аххахха (*ызалы күлкі*). Сен мені ұттың, ұтылдым мен. Алдадың сен мені, алдамшы үміт отын сөндірдің. Келістім барлығына! Тек, бір өтінішім бар. Жетімегімді қинай көрмеші. Соның бақыты үшін өмір сүрдім. Сол мен көргенді көрмесін дедім. Оған көмектесші. Аяғынан тұрып кеткенше өмірді неге қимадың? Сұм жалған...

4- көрініс

Жансерік көлігімен келе жатып қолында шелегі бар ұл баланы көреді. Тоқтайды.

Жансерік. Балақай, жаңбыр жаууға таяп қалды. Бұлтты қара. Анау бір иттер жүр, қорықпайсың ба?

Бала. Қорықпаймын, мен еш нәрседен қорықпаймын.

Жансерік. Мықтысың, батырым. Неге қорықпайсың? Мен бейтаныс адаммын ғой, менен де қорқпайсың ба?

Бала. Иә, қорқпаймын. Батыл бол, әділ бол деп әкем айтып кетті. Ол өзі ешкімнен қорықпаған еді, әділ еді. Әкем шынымен де, өте жақсы еді.. (*мұңайып*)

Жансерік. Ендеше, қазір ол сенімен бірге емес қой? Дегенмен де батыр тәрбиелегені үшін оған алғыс айтар едім, елімізге сен сияқты батырлар керек. Қайда тұрасың өзің? Үйіңе дейін жеткізіп тастайын?

Бала. Мен қазір үйге бармаймын. Маған әлі жұмыс істеу керек. Ақша тапқан соң ғана барамын. Анама қалай қараймын әйтпесе? Аға, бұл машина сіздікі ме? Сіздің машинаңыздың терезелері кір екен, жуып берейін бе? Ақысы бес жүз-ақ теңге.



(Жансерік елең ете қалады бұл сөздер таныс болып көрінеді)

Жансерік. Балақай, сен бұл кәсіпті кімнен үйрендің?

Бала. Әкемнен. Бұл жұмысым уақытша ғана. Мектеп бітірген соң мен дәрігер боламын. Себебі, менің әкем адамдарға көмектесуді ұнататын. Ол да дәрігер болуды армандаған екен... Бірақ... Сонда да әкем талай адамдарға көмектесіпті.

Жансерік. *(өзіне өзі)* Мүмкін емес. Жай ғана ұқсастық болар. Жоқ, дәл өзі. Менің құтқарушым. Дәл, соның ұлы. Ол да осындай болатын. Балақай, сенің атың кім? Әкеңнің кім болып істеп еді? Қай жерде өсті?

Бала. Аға, сіз оны не қыласыз?

Жансерік. Кешір балақай, білем саған ештеңе түсініксіз. Бірақ мен сенің әкеңнің алдында борыштымын! Барлығын түсіндірем саған. Мынау менің телефоным *(визиткасын береді)*, маған міндетті түрде хабарлас.

Бала. Жансерік Айдаров. «ҚазақМыс» қоғамының президенті. Аға, сонда сіз Жансерік ағасыз ба?

Жансерік. Иә, балақай. Бүгін сені кездестіргенім қандай жақсы болды. Жақсы, алда ұзақ уақыт бірге боламыз. Ал сау бол. *(Бала жүгіріп сахнадан шығып кетеді)*.

Жансерік. Ұқсайды... Қателесуім мүмкін емес. Іздегенім табылды- ау. Кеш те болса табылды. Енді өмірлік қарызымды қайтарармын... *(Балаға қарап)* Сен де көп адам өмірін аман алып қаласың, міндетті түрде жақсы дәрігер боласың.

Соңы







Айдана Таңбай
Ғылым және технология мектебі, 3-курс

ЛЕЙЛА
(киносценарий)

Қатысушылар:

Лейла
Арман
Расул
Профессор
Айнұр
Маржан
Аудиториядағы студенттер
Мұз айдынындағы жастар
Саша
Айка

1- көрініс

Таң атқан кез. Лейла жатақхананың шатырындағы алаңқайдан таңның атқанын қарап армандап отырады. Құлағында құлаққап.

Лейла. Бүгін күннің көзі ерекше әдемі, мүмкін бүгін, мүмкін...хм...жоқ, мүмкін емес... Кәдімгі күн, күндегідей сабаққа барамын, лекцияларымды тындаймын, сосын анатомиядан quiz болады, бөлмеге келіп ассайнменттерді жасап, кеш жататын шығармын... Эхх, шынымен де әпкем айтпақшы, біздің студенттер задроттар..

Өмір деген қызық екен, адамдар өмір бойы асығыста, бір жаққа асығып тез жүгіріп жүреді, тіпті бір рет дем алуға уақыттарын аяйды. Біреулер тек сабаққа берілген, біреулері клубтарға барудан басқа қызық білмейді, ал кейбіреулері тіпті компьютерден бастарын көтермей виртуалды өмір сүреді, адамдар жүрген зомби... Тіпті паркке, пикникке баратын достарымның уақыттары жоқ, далаға шығып алып, жарысып өлең айтсақ, немесе шарлар сатып алып, далада жүрген балаларға таратсақ,



тіпті катокқа баратын адам жоқ қой, осы жұмада қайтадан жалғыз барамын ба? Жоқ әлде бармай-ақ қояйын ба? Жалғыз барудан жалығып кеттім... Эххх не деген заман?... 100 жыл, 200 жыл бұрын өмір сүрсек қандай болатын едік, бәлкім бабаларымыз сияқты ақын, әнші, сал-сері болатын ба едік, немесе кинолардағы европалықтар сияқты үлкен көйлектер киіп ап, балдарда билеп жүретін бе едік, жігіттер фрак киіп, қыздарды биге шақырып танысса, немесе өлең шығарып, қыздарға романстарын айтып жүрсе, не деген ғажап! Сол заманның қыздары қандай бақытты болған. Сол қыздар қазіргі біздің жайымызды көрсе, аяғандарынан жылап жіберетін еді... Неге қазір ондай емес?

(Біреудің даусы Лейланың ойларын бөліп жібереді.)

Арман. Қандай емес? Мүмкін байқамайтын шығарсыз?

(Арман артында отыр екен. Лейла сасқанынан құлағындағы құаққабын шешіп үндемей қалады). Қорықпаңыз менен, менің есімім – Арман. Ал сіз Лейласыз. Солай ма?

Лейла. Иә, дәл солай, сақшы жігіт (кекетіп сөйлейді). Ал сау болыңыз.

Арман. Сабаққа барасыз ба, асханаға ма?

Лейла. Ол енді менің өз шаруам.

2 – көрініс

Лейла биология лекциясында

Профессор. Генетика деген ол өте терең тақырып, адамның көзі, шашы, мұрынның пішіні барлығы гендік дәрежеде қарастырылған. Тіпті қандай аурумен аурып, ауырмайтынын генетика арқылы білуге болады. Бірақ та көптеген жаңа ашулар адамның геномына сыртқы факторлардың әсері зор екенің дәлелдеуде. Яғни, маңыздысы, геннің жиынтығы емес, соның ішінен экспресияланатын гендер, олардың өзара қарым қатынасы маңызды. Ағылшын ғалымы, Джин Робинсон, араларды зерттеп олардың бір ұядан басқа ұяға көшіргенде олардың гендік дәрежеде өзгерістерін байқаған, кейде тіпті түр келбеті өзгеріп жаңа ұялас араларға ұқсап кетеді. Адамдар да сол сияқты...

Лекцияны жалғастыра береді.. Аудитория ішінен бір оқушы:



Студент. Сонда сіздің айтуыңызша адамдар 40 жыл бойы бір адам боп, мысалға қазақ болып, Америкаға көшсе, біраз уақыт ішінде гендер қарым қатынасы өзгеріп, басқа жаңа адам болады ма???

Профессор. Бұл жерде кішкене тереңірек қарау керек. Мысалға делік, сіз өте оптимисті, энергияға толы, өте белсенді адамсыз. Бірақ бір жағдайларға байланысты басқа қалаға көштіңіз, сізге ұқсайтын достарыңыз, қызық өміріңіз бұрынғы қалада қалды. Жаңа университетке бардыңыз, ол жердегі адамдар әрқайсысы өз бетімен жүретін песимисттер қоғамына жолықтыңыз. Бірінші, сіз көп ойланасыз, неге адамдар сондай, бірақ та ештеңе жасамай жүре бересіз, кейін сол жағдайға үйреніп кетесіз де өзіңіз де сол адамдарға ұқсап кетесіз, бәлкім орын ауыстырғаннан бері сіздің гендеріңіз арасындағы қатынас өзгерген шығар, оны біз қазір біле алмаймыз, бірақ жақын арада ғалым оны тауып білетініне күмән келтірмеймін.

Қоңырау соғылады.. Студенттер шулап аудиториядан шығып кетеді.

3 – көрініс

Лейла сабақтан кейін жатақхана бөлмесінде қыздармен сөйлесіп шай ішіп отыр

Айнұр. Тууф, бүгін ағай не деп кетті лекцияның үстінде, не бір жоқ араларды адамдармен салыстырып, не ұқсастығымыз бар олармен?

Маржан. Гендердің қарым-қатынасы дейді, олар немене сөйлей алатын боп ты ма? (*қыздар күледі*) Лейла, сен ше, сен қалай ойлайсың??

Лейла. А, не туралы??

Маржан. Лейла, сен бізді тыңдап отырсың ба, жоқ әлде вообще? Че то, сен бүгін бір түрлі боп жүрсің?

Айнұр. Бірдеңе болып қалды ма? Айтшы, айтшы, бізге қызық қой. Айтшы, Лейла.

Лейла. Жоқ, ештеңе емес.

Айнұр. Сен бізді алдама, күнде адамдар зомби, зомби деп жүретінсің, ал бүгін жүзіңнен күлкі кетпей қойды ғой.

Маржан. Келісемін, давай колись, не боп қалды?



Лейла. Жай, әншейін бүгін бір жігітті кездестірдім... жарайды, ештеңе...

Қыздар екеуі жарыса айғай салып

Айнұр мен Маржан. Жігіт дейсің бе? Біздің қиялшыл кішкентай балашкамыз, армандап жүретін Лейлажанымыз ғашық боп қалған сияқты ғой. Уррра!!! Ихууу!!!(қыздар қуанып, ойнап, билей бастайды)

Лейла. Жынды қыздар тіпті олай емес. Ешкім-ешкімге ғашық болған жоқ. Жарайды, айтып берейін. Только тыныш, тындандар. Мен как обычно, таң атқанда жаташкамыздың төбесінде қиялдап жаттым, құлағымда музыка, өзім байқамай ойларымды дауыстап айтып жатырмын екен, а оказывается, сол кезде аты Арман деген бір жігіт артымда отырып, бәрін тыңдап отыр екен. Басында мен шошып қалдым...

Айнұр. Айттым ғой мен саған төбеде жүру қауіпті деп, тындамайсың ғой. Сонан соң не болды?

Лейла. Сосын ашуландым ... Бірақ бүгінгі лекциядан кейін оның маған айтқан екі ауыз сөзінде шындық бар екенін түсіндім.

Маржан. Ол қандай шындық? Туф, Лейла дұрыстап айтсаңшы адам сияқты, жұмбақтамай.

Лейла. Мен өзім қоршаған адамдарға зомби деп жүріп өзім дәл сондай болып кеткенімді байқамай қалдым. Шынымен өзім де өзгеріп кеттім, бұрыңғыдай белсенді емеспін, өлең айтуды тастадым, тіпті катокқа баруды қойдым, сабақ оқимын деп. Короче, мен де барлық сияқты қызықсыз зомби боп кеттім (күрсінеді).

Айнұр. Лейла, қойшы қайдағыны айтпай, зомби емессің, біз де зомби емеспіз.

Маржан. Кім айтты саған катокқа бармағандар, ән айтпағандардың бәрі зомби деп. Қатырасың. Басты қатырмай жігіттің екі ауыз сөзін айт.

Лейла. Жүріңдер шәй ішейік, жақсылап дастарқан басында айтып беремін (сахнадан шығып кетеді).



4- көрініс

(Жұма, сағат 21.00. Арман мен Расул (3-ші курс студенттері) машинамен келе жатыр. Музыка тыңдап әңгімелесіп отыр).

Расул. Арман, не істейміз бүгін, ертең демалыс, бильярдқа барайық, м?

Арман. Мм, жоқ, бүгін ешқайда барғым келмейді.

Расул. Ну давай, онда ертең барайық??

Арман. Ертең мен катокқа барам. (жымияды)

Расул. Каток дейсін бе? Қайдағы каток, кішкентай балалар сияқты катокқа бармақшымысың, есің дұрыс па, одан гөрі давай лучше клубқа барамыз или хотя бы тренажеркаға.

Арман. Шынымен, бала боп қалған шығармын... *(Ойланып күлімсірейді)*

Расул. Не болды өзі саған? Ты случайно не влюбился?

Арман. А может и влюбился.

Расул. Тоқта, тоқта, какой там влюбился, мен жай қалжындасам, ыстығың жоқ па, басың ауырып тұрған жоқ па? Біздің бір-бірімізге берген уәдеміз бар еді ғой.

Арман. Уәде деп, енді өз тағдырымды жіберейін бе?

Расул. Так, так, ең алдымен ол кім екенін айт, аты кім, қай жерден, біздің универден ба, нешінші курс?

Арман. Тек биологияда оқитынын білем, бүгін лекциядан шығып бара жатқанын көрдім.

Расул. Нөмері бар ма, хотя бы?

Арман. Жоқ.

Расул. Ну ты точно сошел с ума, адамның кім екенін даже атын білмей ғашық бопты.... Сен оны катокқа қалай шақырмақшысың, нөмерін алмасаң, ол туралы ештеңе білмесең.

Арман. Атын білгенмін, керемет аты бар.

Расул. Түсінбедім, аты бар дейсің бе?

Арман. Аты – Лейла. Ол өзі келеді, мен сеземін, осы сенбі келмесе, келесі аптада точно келеді, мен білемін, сеземін.

Расул. Жарайды, делай как хочешь, бірақ бәрібір напомним чтоб мен сені дәрігерге көрсетуім керетігін. Жүр асханаға барайық, мүмкін белгісіз ару сонда сылпыдатып тамақ ішіп отырған шығар?

Арман. Кетші, ол сылпыдатып тамақ ішпейді.



Расул. Сенің махаббатың хронический болып созылып барады ғой. Кеттік.

5 – көрініс

Лейла катокқа келді. «Алау», Табло кешкі 18.00.көрсетіп тұр. Музыка ойнап тұр, бір топ жастар коньки теуіп жүр.

Айка. уаау, Саша қалай жасадың андағыны, давай бізді тоже үйретші.

Саша. Оны тек қана жігіттер жасай алады. Қыздың аты қыз ғой...
(*қыздарды мазақтайды, барлығы күледі*)

Жігіттер. (шулап) Ия, ия дұрыс айтасың, қыздарға ол не дано.
(*Барлығы конькиді өте жақсы теуіп жүрген Лейланы байқайды*)

Қыздар. Әне, көрдіндер ме? Қыздардың да шамасы жетеді.

Айка. (*Лейланың қасына жетіп келіп*) Салем, мен Айкамын, сен жалғызсың ба? Жүрші мұнда. Бізді ұлдар коньки тебе алмайсындар деп маздап жатыр, көрсетесің бе оларға қалай тебу керек екенін, м? Ал біз сенің группа поддержкаң боламыз. Қыздардың намысын қорғашы.

Лейла. (*күлімсіреп*) келістік, менің атым – Лейла.

Айка. Жақсы болды ғой, рақмет. Намыстан жарылып кете жаздадым.

(*Лейла Алауда жаңа достарын тауып күліп ойнап жүргенде қасына басқа бөтен адам жақындап сөйлейді*)

Арман. Лейла, сәлем, қасыңда тұрсам да байқамайсың ғой.

Лейла. Ты что меня преследуешь?

Арман. Да, Лейла, пожалуйста, қорықпа менен, қалжыңдаймын.

Лейла. Менің атымды қайдан білесің?

Арман. Аспаннан естідім.

Лейла. Қиял.

(*Лейла Арманға қарамай жаңа достарының арасына тез қосылып кетеді. Бірақ жүрегінде Арманды көргеніне мәз боп қалады, өзгеше бір сезім ұялайды. Арман күлімсіреп артынан қарап тұрады. Сырғанақ теуіп жүрген жастар көңілді. Сағат 21.00 көрсетеді. Лейла сағатқа қарап, кетуге жиналады. Артынан Арман келеді*).



Арман. Мен де қайтатын уақыт болып қалыпты. Шығарып салады деп ойлап қалма, бірақ мен де НУ-ға барамын (қуанып күлімдейді).

Лейла. Мен кейбіреулер сияқты қиялшыл емеспін.

Арман. Шатырдағы басқа Лейла болды ғой онда.

Лейла. Мүмкін... *(Екеуі сахнадан шығып кетеді).*

6 - көрініс

(Лейла мен Арман араласа бастайды. Екеуі жиі жиі кездесіп бірге қыдырып көп уақыт бірге өткізеді. Сондай бір күндері екеуі Керуенде сағат кешкі 7:00де кездесуге келісті. Лейла 15 минут ерте келіп Costa Coffee-де күтіп отырады. Уақыт 7:00...7:15...7:30 Арман әлі жоқ. Ұялы телефонына звандайды, жауап жоқ. Бір сағат күтіп жатақханаға қайтып барады. Арманның келмегеніне, тіпті хабарласпағанына ашуланып, ренжіп қалады. Бөлмесіне келіп бірге тұратын дос қызбен бөліседі).

Айнұр. Лейла, қатты уайымдамашы сен, бірдеңе болып қалған шығар.

Лейла. Ең құрығанда маған звандаса екен, менің күтетінімді білді ғой..

Айнұр. Бірақ білесің бе, Лейла. Ол жігіт маған басынан ұнаған жоқ, өзінше сияқты, бірақ өзің білесің ғой.

Лейла. *(ойланып қалады, вконтакте-ні ашып Арманға жазады)* “Сәлем. Жолың түспесе, келмей-ақ қой. Енді күтпеймін” *(өзі дауыстап оқиды).*

7 - көрініс

(Лейла лекцияға асығып бара жатыр. Арман алдынан шығады. Лейла байқамағандай жүре береді).

Арман. Лейла, Лейла, тоқташы.

Лейла. Ал, тоқтадым.

Арман. Кеше көп күтіп қалдың ба?

Лейла. Арман, қойшы... мен сабаққа қалып бара жатырмын, уақытым жоқ.

Арман. Сені күте тұрамын, 105 лекционканың қасында.



Лейла. Керек емес, сосын калкулуста асйнментті бітіруім керек, қолым бос болмайды.

Арман. Лейла, сөйлесейікші, мен бәрін түсіндіріп беремін... Сені сағат 6-да кантинде 2-ші қабатта күтемін.

(Лейла жауап бермейді, Лекциясына жөнеледі).

8-көрініс

(Сағат 6.00. Кантин. Арман Лейланың күтіп отыр. 6:05. Келмейді ме деп Арман уайымдап отырады. Бір кезде Лейла келеді де екі қолын алдына жинап ренжіген бала сияқты отырады. Үндемейді).

Арман. Қалың қалай?

Лейла. Пойдет. *(Арманның қал-жағдайын сұрамайды)*

Арман. Лейла, кешірші мені. Кеше кездесуге келе алмадым, бір жағдай болып қалды *(жағдайын түсідіреді)* Телефонымды да бөлмеде қалдырып кетіппін.

Лейла. Басқа біреуден тере салып, звандай салуға болатын еді ғой.

Арман. Лейла, тіпті звандауға уақытым болмады.

Лейла. Ммүмкін қыздар дұрыс айтатын шығар, мені ойыншық көретініңді, барлық жігіттер бірдей дегені рас шығар?

Арман. Лейла, айтпашы олай, сен маған сенбейсің бе? Шындыққа сенбейсің бе? Ал мен өтірік айта алмаймын. Жарайды, онда, сенбесең мен өтірік құрастыра амаймын *(тұрып кетіп қалады)*.

Лейла отырады. Ол Арманға сенді. Оны шақырғысы келеді, бірақ намысы жібермейді, орында үнсіз қалады.

9-көрініс

(Гуманитария мектебінде Лейла Critical issues сабағында. Дебат болып жатыр. Резолюция: сыртқы қоғамның адамның ойының өзгеруіне әсері).

1-студент. Адам және оның мінезі бала кезінде қалыптасады кейін өзгерімейді. Мысалға, адамның ұрлайтын әдеті болсы, оны ешкім өзгерте алмайды. Жазаланған адамдарға қарасақ, олардың 90- нан астам пайызы жасаған қылмыстарын қайталап жасайды.



2-студент. Келіспеймін, адамның мінезі өмір бойы өзгеріске ұшырайды. Өзгеріске апаратын түрлі факторлар бар. Мысалыға, адам емделінбейтін ауруға ұшыраса, немесе адам ғашық болса, осылар сияқты басқа да мысалдар көп...

Лейла. Иә, адам мінезі өзгереді. Адамдарды біреулер емес, өздері алдайды. Ішіндегі жалған мінез шындыққа сенбейді. Өтірікке сенеді. Ал оның арты үлкен бақытсыздыққа әкелуі мүмкін. *(Арман есік жақта тұрып Лейланы тыңдап тұрады. Лейла оны көрмейді. Арман сыртқа шығып кетеді. Сахнаның екінші шетінде тұрып)*

Арман. Иә, Лейла, сен маған сенбей, дос қыздарыңа сендің. Олардың достығына күмәнім бар. *(бұрылып жүгіре жөнеледі).*

Лейла. Арман, мен саған сенемін. *(ол да кері бұрылып жүгіреді. Екеуі бір-бірін қазып кетеді. Лейланың шашылған заттарын екеуі жинайды).*

Арман. Ауыр ғой, кітаптарыңды маған бер...

Лейла. Мен саған сенемін.

Арман. Мен де...

Соңы.



Ақерке Қожатай

Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі, 1-курс

Отбасына қуаныш әкелген Ақкенже

Қатысушылар:

Бибігүл – басты кейіпкер

Дулат – Бибігүлдің жары

Нұрлы – Дулат пен Бибігүлдің үлкен қызы

Назым – Дулат пен Бибігүлдің екінші қызы

Батыржан – Дулат пен Бибігүлдің ұлы

Ақкенже – Дулат пен Бибігүлдің ең кіші қызы

1-көрініс

(Үй іші, үстел басында Бибігүл мен Дулат шай ішіп отырады. Қастарында Назым мен Нұрлы жүгіріп ойнап жүр. Барлағының көңіл күйлері көтеріңкі).

Назым. Анашым, мен сені қатты жақсы көрем! Әкетай сені де!

Нұрлы. Мен де! Қатты жақсы көремін!

Бибігүл. Біз де сендерді қатты жақсы көреміз! (Бибігүл күлімсіреп отыра береді, Дулат қыздарының артынан қуып ойнай бастайды).

Назым. Әкетай маған кішкентай іні керек.

(Дулат күліп не жауап берерін білмей Бибігүлге қарайды. Әкесінің қай жаққа қарағанын байқаған Назым анасының қасына барады. Бибігүл Назымды өзіне қарай тартады, тізерлеп отырып қызының бойымен теңеседі)

Бибігүл. Кішкентай бөпелерді базардан барып сатып алу керек, бірақ қазір біздің ақшамыз жетпейді. Сондықтан біз көбірек жұмыс істеп, көп ақша табамыз, содан кейін саған кішкентай іні сатып алып береміз, келістік пе? *(Назымды құшақтап сүйеді.)*



(Назым тұрған жерінен жалт бұрылып, бірдеңе ұмытқандай, бөлмеден шығып кетеді, барлығы таңғалады. Назым қайтып жүгіріп келіп анасының қолына тиын ұстатады).

Назым. Мінекей, анашым, мен алдында ақша тауып алдым. Сосын оны тығып қойдым, ойыншық алайын деп ойладым. Бірақ енді маған ойыншық керек емес, осы ақшаға маған іні сатып алыңыздаршы.

(Барлығы Назымға қарап күледі, Дулат бірге тұрған жанұясын құшақтайды)

Дулат. Осындай ақылды қыздарымнан айналдым!

Бибігүл. Барындар, ұйықтайтын уақыт болды, ертең жұмыс.

2-көрініс

(Қыздар ойнап отыр, қастарында Бибігүл киімдерді үтіктеп тұр. Қыздарына сүйсіне қарап қояды)

Нұрлы: Анашым, Назымға қараңызшы ол биші, ал мен әншімін! Қазір сізге концерт қоямыз! Сахнаға әлемнің танымал бишісі Назымды шақырамыз! Анашым сіз шапалақтаңыз!

(Бибігүл үтігін сөндіріп, Назым билеуге дайындалып тұрған жаққа қарап шапалақтайды, Назым бөлменің ортасына шығып билейді, билеп жатып айналайын деп жатқанында Назым есінен танып жалп етіп жерге құлайды. Бибігүл мен Нұрлы шошып Назымның қасына барады)

Бибігүл. Назым Назым! Не болды саған?! Нұрлыжан бар да тезірек сыртта жүрген әкенді шақыр! А, жо жоқ, су алып кел де сосын әкенді шақыр! Тез бол! Жүгір! *(Қолында есінен танып жатқан қызына қарап)* Назым! Назым есінді жишы! Қызуы бар! Назым! Не болды саған?

(Бөлмеге Нұрлы, артынан Дулат кіріп келеді, Нұрлы суды анасына береді)

Дулат. Назымға не болды! Апырмай тым жақсы боп жүгіріп жүр еді! Дәрігер келегенше қай заман, өзіміз тезірек бармыз!



Назымжан басын соғып алып па еді? *(Бибігүл қасына барады. Бибігүл суды Назымның бетіне шашады. Назым көзін ашады)*

Назым. Анашым менің басым ауырып тұр (Назым қыңсылап жылайды. Дулат Назымды қолына алып барлығы үйден шығып кетеді).

3-көрініс

(Емхана, палата іші. Төсекте Назым ұйықтап жатыр жанында қызының қолын ұстап Бибігүл отыр. Бибігүл артында Дулат пен Нұрлы. Бибігүл жылап отыр).

Бибігүл. Өмірдің өзі адамды сынайды, қиыншылықтары болады, дегенді естуші едім... Мән бермеуші едім... Бірақ неліктен өмір менің 6 жасқа да толмаған құлыншағымды сынайды? Әлі кіп кішкентай емес пе? Сап сау ойнап жүрген бала ғой! Минингит дегені несі...(орамалын бетіне басады) Емдеуге шамамыз келмейді дегені несі....

(Дулат Бибігүл иығынан ұстап, жұбатпақшы)

Дулат. Бибігүл, Құдай үшін, жыламашы! Сендердің жастарыңды көргенде жүрегім шыдамайды. Осындағы дәрігерлер емдей алмаса, Мәскеуге немесе Алматыға барамыз! Уәде берем! Сонда Совет үкіметінің ең жақсы дәрігердері жиналған! Қызымызды сонда қаратамыз, Назымжан емделеді, есінен талып құлаушы болмайды, басы да ауырмайды.

Бибігүл. Рас айттамысың, Дулат? *(Қуана Дулатты құшақтайды, бір кезде қуанышы тез басылып)* Ақша қайдан табамыз? Нұрлыны кімге қалдырамыз? Назымды қалайша бірнеше күн бойы поездда ұстамақшымыз? Мәскеу де Алматы да біздің ауылдан бірнеше күндік жер емес пе?

Дулат. Екеуіміздің жинаған ақшамыз бар, соны аламыз. Нұрлыны ата әжесіне қалдырамаз. Сенің Алматыдағы апаң дәрігер ғой, сол кісімен хабарласып Алматыға жеткізудің амалын табамыз! Жүр жиналайық.



4-көрініс

(Үй іші, бұлыңғыр. 15 жасар Назым ойыншықпен ойнап отыр, қимыл қозғалысы өзгеше, өз өзін басқара алмайды, бастан ауру адамша ойыншықпен ойнап отыр. Нұрлы Назымға қасықпен тамақ беріп отыр. Назым Нұрлының ұсынған тамағын жеп болады. Бибігүл кіреді. Нұрлы ыдыстарды жинап алып бөлмеден шығып кетеді. Прожектор Бибігүлге түседі. Назым анасының келгенін сезгендей анасына күлімдеп қарайды, тізесіне басын қояды).

Бибігүл. Жаным, балапандарым. Тағдырдың қалағаны осы ғой... Бірің минингиттен ауырып, шарасыз, ата анаңананды, апанды танымай, ақыл естен айырылдың... Екіншің... апалық махабаттыңды аямай, ауру сіңліңе қарап отырсың... Қыздарым-ай, қыздарым... Назым, қызым- ау, сап сау ойнап күліп жүрген әп-әдемі, тәп-тәтті сәбиім, осы құрғыр ауруға қалай ғана тап болдың? Тоғыз жыл өтті... Қайда бармасақ та, Алматың болсын, Мәскеуің болсын, емін таба алмай қойды! «Арнайы балар үйіне тапсырындар, өзі секілді балармен тәрбиеленеді, оған қоса қастарында әрдайым дәрігерлер бақылайды» деп барлығы айтушы еді... Бес жыл бұрын апарып та көргенбіз, бірақ сенсіз бір күнде шыдай алмадық (Назымның басын сипайды) Ол жерде жақсы болады десе де... Алып барған күні бір екі сағаттан соң алып кеттік... Қалайша сені басқа адамдардың қолына тастап кетеміз? Саған қарау қаншалықты қиын болса да, сен біздің жүрегіміздің бір бөлігісің ғой... Жүрегіңнің бір бөлшегісіз адам өмір сүре ала ма? Әкең екеуміз де сол... сенсіз өмірді елестете алар емеспіз... Қалайша тастап кетеміз, қалайша ұмытамыз? Бұл мүмкін емес... Шарамыз не? Қолымыздан ештеңе келмейді... қанша аясақ та, емін таппақ болып ізденсек те, біздің қолдан ештеңе келмейді... Тек қана бір өзінді сүю, артыңнан қарап күту...

... Кезінде іні сұраушы ең... сондай кішкентай болсаң да өзіңнің артынан еретін інім болса деп армандайтын едің... Кішкентай



балалар періште, олардың тілектері әрдайым қабыл болады дейтін еді... Күтпеген жерден... Қызым, жақын арада сен де, өзің бізден сұрағандай, апа боласың (Ішіне қарап не күлерін не жыларын білмейді. Ішін ұстайды) Бір тілегім бұл бала бізге бақыт алып келсін ... Кім біледі, бұл нәресте, ақ тілеулі болып, қызым сен жазылып та кетерсің? Жүре ғой, Нұрлы кел, Назымды төсегіне апара ғой.

(бәрі сахнадан шығады)

5-көрініс

(Бөлме іші, кішкентай екі жасар бала ойыншық машинасымен ойнап отыр. Назым қасына келіп баланың басын сипайды.)

Дулат. Назым, неғып өз бөлмеңнен шығып кеткенсің, жүр төсегіңе жата ғой, қызым. Сен бүгіндікке демалған жоқсың... Қайран дүние ай, ештеңе түсінбесең де, барлығын сезесің... Өзің қалаған інің екендігін сезесің-ау, әрдайым келіп басынан сипайсың... (Дулат Назымды жетектеп бөлмеден шығып кетеді. Нұрлы кіріп сабақтан келген сөмкесін жерге тастай салып інісін құшақтайды).

Нұрлы. Батыржаным тәттім-ау, айналайын бөпем-ау!

Дулат. Қызым бүгін сабақтан ерте келіп қалыпсың ғой, жақсы болды! Бүгін анаңның туған күні үйді жинап, тамақ дайындайық!

Нұрлы. Жарайды! Без проблем! Батыржанды аласыз ба? Мен Назымды қарап келейін!

(Назымның шыңғарған даусы естіледі. Дулат пен Нұрлы Назым жатқан бөлмеге бармақ болып, тез шығып кетеді)

6-көрініс

(Бибігүлдің жұмыс орны. Үстел басында Бибігүл. Әріптестері кіріп келеді).

Әйел: Туған күнің құтты болсын! Біздің кішкентай сыйлығымызды қабыл ал!



Бибігүл. Рақмет, Достар! Осыншама әуре болмай ақ қойсаңдар болар еді. Оған қоса туған күнімді тойлайын деп жатқан да жоқпын... Ұят болды ау.

Дариға. Ештеңесі де ұят емес, біз үшін ештеңе де дайындамай ақ кой! Шын ниетіміз ғой. *(Бөлмеге хатшы қыз кіреді)*

Хатшы қыз. Бибігүл апа, сізді телефонға шақырып жатыр! Өте шұғыл дейді

(Бибігүл бөлмеден жүгіріп шығып кетеді)

7-көрініс

(Прожектор. Бибігүл жерде отыр)

Бибігүл. Назымым-ау... құлыншағым.. балапаным ау... Шын өміріне аттанып кеткен құлыншағым. Азапты, кеселді өмірден шаршап кеттің бе? Мен келгенше кетіп қалыпсың, ботам. Ей, жаратушым, құлынымды өзіңе тапсырдым. Мына жалғанда көрген азабын өзің білесің ғой, енді ол дүниесін жарық ете гөр, Алла! Қызым, қырмызым, қызғалдағым, жазылар деген арман үмітімді сөндірдің-ау, қатал тағдыр. Міне енді жазылады, жаңа жылда жазылып кетеді деумен жүруші едім. Назымым, балапаным...

(Артынан Дулат, қолына Батыржанды көтеріп Нұрлы келеді, Бибігүлді құшақтап тұрады)

Дулат. Бибігүл, бұл біздің тағдырымыз. Назым ертерек кетті, кейін бәріміз барамыз. Алланың уақытша жіберген пендесі емеспіз бе, сабыр ет. Жүр бетіңді жу, тоқтау етейік *(бір-біріне сүйеніп, сахнадан шығып кетеді)*.

8-көрініс

(Жаңа үй. Үйдің ішінде шарлар ілулі. Үйге қонақтар мен қоса қызғылт көрпешеге оранған баланы ұстап Дулат, артынан Бибігүл, Нұрлы кіреді. Барлығының көңіл күйі көтеріңкі).



Қонақтардың бірі. Ал, Дәке! Қызыңның бауы берік болсын! Өміржасы ұзақ болсын! Қызың өзіңнен аумай қалған! Тфу тфу тфу! Атын да әдемі етіп қойғансың! Неткен әдемі –Ақкенже!

Дулат. Рақмет достар! Қуанышымызға ортақ болғандарыңыз үшін көп рақмет! Ал, Бибігүл, баланы ала ғой! Нұрлыжан сен қонақтарды төргі үйге алып бар! Батыржан, ұлым, қарындасыңды көрдің бе? Бар анаңның қасына барып көмектес!

(Бибігүл мен Дулат шай ішіп отыр.)

Бибігүл. Өткен күндерді есімі алсам, түс секілді... Бірақ жүрегім бір ауырлықты сезеді. Дулат, өмірдің қиындығынан сүрінбей өтсең, Құдайдың өзі сені жақсы өмірмен марапаттайды демеуші ме еді... Назымжанның ауруы біздің сынағымыз болды... Екеуміз қанша қиналсақ та бірге болдық, ішімдікке салынып, әлсіздік танытқан жоқпыз... Енді қазір қарашы, Нұрлыжан үйлі болды, балалары бар. Батыржан да жұмысқа орналасып, жақын арада үйленбекші. Ол бізге керемет келін алып келеді, біздің үй де балаларға толады. Ал Ақкенженің орны бөлек

Дулат. Иә, Ақкежені айтсаңшы, Намызға қатты ұқсайды, тіпті туған күндері де бір күнде. Назымның орнын басып келгендей... Кішкентайынан ерке болып өскенімен басы толған ақыл! Домбырасын тартады, хореография сыныбын бітіріп алды, суретті де кермет салады! Менің қызым ғой! Өзіме тартқан!

Бибігүл. Ақкенже демекші, Ақкенженің өзі қайда?

Дулат. Өзі анда, интернеттен университеттің жауабын күтіп отырған сияқты.

(Бөлмеге қуанышы қойнына симай билеп Ақкенже кіреді)

Ақкенже. Сүйінші, сүйінші! Мені Назарбаев Университетіне қабылдады!

Бибігүл. Жаным сол! Жарайсың! Ты достойна! Қаншама уақыт бойы дайындалып едің! Молодец, Қызым!

Дулат. Ай Жарайсың, Қызым-ау! Жарайсың! Айттым ғой, менің қызым бәріннен озады деп! Ол ертең министр болады! Көресіңдер әлі! Менің данышпаным, балапаным.



(Бәрі Дулаттың сөзіне күледі)

Ақкенже. Анашым, әкетай, барлығы сіздердің арқаларыңызда! Рақмет сіздерге! Сіздерді сондай қатты жақсы көрем! Сіздердей ата-анам болғанына, Жаратушыға, шексіз алғысымды білдірем! Менің бақытым отбасымнан басталады. Мен кім болсам да, министр болсам да, ғалым болсам да ең алдымен адам боламын, қымбаттан да қымбат ата-аналарым сіздерді ұятқа қалдырмауға уәде беремін.

Соңы.



Маржан Омарова
Инженерия мектебі, 3-курс

Досыма хат

Қатысушылар:

Абзал – оқушы

Жанар – Абзалдық әпкесі

Ата анасы – Абзалдың ата-анасы

Ер адам

Әйел

Қарт шал

1-көрініс

Төсекте он екі жасар бала ұйықтап жатыр. Бөлмеге он тоғыз жасар әпкесі кіреді. Кірпігін бояп жатыр. Бірде сырттағы айнаға, бірде бөлме ішіне қарап қояды.

Жанар. Абзаал, тұр дедім ғой, қанша айттым. Ояншы, тұршы, есіңді жиып. *(Абзал жата береді).*

Жанар. Түні бойы ауыр еңбек етіп дем алып жатқандай. Сабақ кезінде мұнша шаршамап едің, қазір жаз бойы төсектен басыңды көтермейсің. *(Бөлмеге толығымен кіреді).* Қалай дем алып жатырсың? Мына бөлмеңнің ішінде ауа да жоқ қой... *(танауымен дем алып көреді. Тың тыңдайды, ызыңдаған дыбыс естіліп тұрады)*

Жанар. Тыныштық та жоқ, жан жақтан әлде бір нәрселер шуылдайды, ызылдайды.

Абзал. Содан соң тағы ызылдайды, сөйтіп өзі ұйқы бермейді. Иә, сен ақыл айтудан жалықпайсың. *(Абзал көрпені басына дейін жауып алады)*

Жанар. Абзал, папа келе жатыр, жата бер, жата бер ... О, мамамыз да келе жатыр екен. Саған айт деген бір тапсырмасы бар еді, өзі айтар.



(Абзал орнынан қарғып тұрады, киімдерін жинай бастайды, арасында үстелде тұрған екі компьютерді қосады. Принтер қосылады, қағаздарды жұта бастайды. Абзал принтерге ұмтылады, жолда телефонын алады, қабағын түйеді. Әкесі кіреді).

Әкесі. Қайырлы таң! *(жан жағына қарайды. Терезенің пердесін ашады).* Құдайдың жарығын көрейік. Айналаңдағы техникамен бірге сен де ояндың ба әйтеуір. Бір күні ұлымды да осы кнопкаларды басу арқылы тұрғызатын шығармыз.

Жанар. Мына телефонын қайда бұрасаң, сол жаққа қарайтындай жағдайға жетеді дейсіз бе? *(Телефонды алады. Абзал кіріп келеді. Аузында тіс щеткасы).*

Абзал. Тиіспе телефоныма. Ол хоркрукс. *(Анасы кіріп келеді, төртеуі бөлмеде жиналады).*

Анасы. Кім нақұрыс? Ондай ауыр сөз айтпа өзіңнен үлкен әпкеңе.

Жанар. Мама, Абзал ол сөзді түсінбейтін де шығар. Қараңыз, аузын ашып тұрып қапты. Хоркрукс деді. Ол жанының бір бөлігі деген сөз, Гарри Поттерден алған ғой. Ойламай ақ қойыңыз оны.

Анасы. Ендеше, басқа нәрсені ойлайын. Поштаға барып бір апта бойы келмей қалған газетті қай мейірімді жан алып келер екен, соны ойлайын. *(Барлығы Абзалға қарайды).*

Абзал. Пошта дегеніңіз... адам отыратын пошта бөлімі ғой? Қайтесіз оған уақытыңызды бөліп, әлі де қағазға басылатын журнал мен газеттер, хаттар бар дейсіз бе? Міне ғажап, жұрт неге өз уақытын үнемдеп жүрмейді екен?

Әкесі. Міне, мамаң да өз уақытын үнемдеу үшін сені жіберіп жатқаны ғой. Риза болуың қажет, балам. *(Бәрі күледі).*

Анасы. Ас үйден тамағыңды ішіп ал. *(Бәрі күлісіп, сахнадан шығады).*



2-көрініс

Анасының даусы. Абзал, балам, шықсаңшы енді *(әкесі «Егемен Қазақстан» газетін оқып отыр. Жанар шаң сүртіп жатыр)*.

Абзалдың даусы. Иә, қазір шығамын (шығып келе жатып қайта бұрылады) Қазір, бір нәрсені ұмытып кетіппін. *(Абзал шығады, қолында үлкен наушниктері. Әкесі оның қолына қарайды)*.

Әкесі. Ой заман-ай, сендей болғанда мен үйден поштаға шығып бара жатқан кезде добымды алып шығатынмын.

Жанар. Мен де скакалкамды алатыным есімде. Абзалдың балабақшасына дейін секіріп баратынмын. Ал Абзал сол бес жасында ағылшын тілін оқып отыратын еді. Абзалдың тәтті балалық шағы компьютермен, экторнды кітаптармен өтіп жатқандай. Сондықтан да ол ерекше байсалды.

Абзал. Папа, менде бөлмемде доп бар, мүмкін, саған қажет болса... *(күледі)*

Әкесі. Кеттік енді, қылжақты қой. Мен жұмыстан, сен поштаңнан қаласың.

Жанар. Айтпақшы, Абзал, поштада «Мөлдір бұлақ» журналын іздеп көрші. Есінде ме, ондай журнал бар деп едім ғой, соған менің жаз туралы шығармам басылған төртінші сыныпта. Ондай журнал бар болу керек, әлі де, сұрашы, жарайды ма?

Әкесі. Алаңға дейін жеткізем, одан әрі жолыңды тауып барасың ба?

Абзал. ЖиПиЭс бар ғой. Табармын.

Әкесі. Е-е, әлгі телефоныңдағы дауысты карта ма? Мүмкін, жолды сызып берейін, қағазың бар ма?

Абзал. Әке, міне қазір қағаз ашып берейін. *(Телефонын береді)*. Саусағыңызбен бәрін сыза беріңіз, қағазға жазғандай, бәрі жазылады.

Әкесі: *(сызып көреді)* Мынауың жақсы екен. Ал жолың болсын балам.

Абзал. Гуд лак! Жолыңыз болсын дегенім ғой.



3-көрініс

Пошта бөлмесінде. Еден сықырлайды. Стекло артында шашы қызылға боялған әйел отыр.

Абзал. Сәлеметсіз бе!

Әйел. Сәлеметпіз...

Абзал. Апай, менің ата-анам бір журнал мен бір газетке жазылған. Сол газеттердің осы апталық нөмірлерін алуға келдім. Бұл жолы біздің үйімізге келмеді.

Әйел. Қандай газет еді?

Абзал. «Егемен Қазақстан» болар, үйімізде толып жатқан сол газет қана.

Әйел. Мекен жайыңыз?

Абзал. Мекен жайы? О, иә, Абай даңғылы 53

Әйел. Газетіңіз әлі барып үлгермеген ғой.

Абзал. Ол газеттің электрондық интернеттегі басылымы бар ма?

Әйел. Ол не дегенің? Газеттен шұғыл бір нәрсе қажет пе еді? Газетің алдында тұр.

Абзал. Жооқ, уақыт үнемдеу үшін сол нұсқасына үйімізде көшсек деп ойлап едім.

Әйел. Қолыңмен ұстап көретін, иісін білетін, оқығаннан кейін саусағыңда жаңалықтардың қара дағын қалдыратын газетті оқу ол адамға басқаша әсер етеді емес пе?

Абзал. Әсер? Ал Қазақстанның Егемендігінде қандай жаңалық бар? Ол туралы ай сайын не жазады?

Әйел. Ай сайын емес, күн сайын. Егемендік әрқашан жаңарып тұру қажет. Әлі жассың, оны сезіп, түсініп білу саған қайда... Газеттер түстен кейін келеді, пошта тасушы өзі апарады. Сен тұратын үйдің мекен жайына бір хат келді, осында жатқалы бірнеше жылдан астам уақыт болған шығар. Оның алдында хаттың қандай сапар шеккені де белгісіз. Сен сияқты әлдебір жаңалық іздейтін адамға жіберілген хат болуы керек. Бұл жылдың басынан поштамызға келген ең жас оқырман ретінде хатты саған беремін.



Абзал. Нағыз хат па? *(Сыртын қарап оқиды).* «Досыма» дейді ғой, менің достарым бұдан бірнеше жыл бұрын жаза білмеген, өзім де тез жазуды жаңа үйрендім. Қалай жауабын жазамын?

Әйел. Оны менен сұрама. Саған арналған хат болмаса, поштамызға қайтарып бер. Қағаз хат сенің электронды әлемінде сияқты жоғалмайды. Пошта таратып қана қоймайды, сақтайды да. Ал балақай, маған сыртқа шығу керек. Сау бол.

Абзал. Сау болыңыз.

4- көрініс

(Көше. Ары бері жүрген адамдар).

Абзал. *(Хатты дауыстап оқи бастайды).* Сәлем, досым! Сені құттықтауға асығамын. Сен бұл қаланың тұрғынысың, қаламызға үш жүз жыл! Қанша әңгімелер, неткен қызық бар қаламызда! Неткен қуаныш! Ал мен бұл қаланы, бұл елді тастап көшіп бара жатырмын. Амал қанша, бұл шешімді қабылдаған мен емес, мен әлі он бірдемін. Бірақ менің бір қуанышым менің бір сырым осында қалмақ. Ол қандай сыр екенін өзім де білмеймін. Конверттің ішінде үш фотосурет бар, ондағы жүгіріп бара жатқан мәз бала мен боламын. Суреттегі маған бір, екі және үш жас. Жыл сайын бір жерде түсірілген. Сол бір жол, сол бір ағаш. Күз кезі. Бұны түсірген менің әкем екен. Оны он бір жасыма дейін білмегенмін. Қазір маған әкемнен қалған осы ғана суреттер, бірақ қаламыздың ішінде сол бір фото түсірілген жер қалып барады ғой. Әттең, ол жердің қайда екенін білмеймін. Бірақ сол ағаштың жанында бір маңызды нәрсе барын сеземін. Досым, ол жерді тапқан жоқпын, тапсам да баруға қорқатын сияқтымын. Бірақ сен тапсаң, одан маңызды, сиқырлы нәрсе табасың деп ойлаймын. Мен де оны тапқандай боламын.

(Абзал фотоларға қарап тұрады. Ойланады).

Абзал. Бұл баланың қайда екенін кім біледі, оның әкесі де, оның ағашы да, бәрі де өзінікі. Маған қатысты дәнеңесі де жоқ, бірақ, маған досы ретінде сырын тастап кетті ғой. Фотосурет қағазы бір



түрлі екен, қызық. *(Фотоның екінші жағына қарайды)*. Мынау фотостудия мекен жайы болар. Басқа еш мекенжай жоқ, сонда барып іздеуімді бастайын. *(Телефонмен бір нәрсе іздейді)*. Бұл мекен жайда фотостудия жоқ қой. Гугл жоқ десе, осымен іздеуім аяқталатын сияқты.

(Жолда бір адам қағып өтеді, Абзал қолындағы телефонын түсіріп алады. Телефон енді жұмыс істемейді. Қолында тек фотолалр мен хат қалады).

Абзал. Жооооқ, ол хоркрукс қой. *(Келе жатады. Айналасына қарайды)*. Өзен де кейде шуылдайды екен... Жанардың «Сыңғыр Бұлағы» туралы сұрауды ұмытып кетіппін ғой... Қап. Қандай еді, әйтеуір суға қатысты. Мына суды көрмесем, ұмытар екенмін. *(Кері қайтады)*.

5-көрініс

(Жанар мен Абзал отыр. Абзал телефонынан іздеп отырады)

Жанар. Досың тротуар тауып берші деді ме? Досың? Тірі адам досың? Ет пен сүйектен, пиксельден емес?

Абзал. Пиксельден емес, өмірдегі шын адам. Рас айтамын.

Жанар. Аспандағы Айды алып бер деп сұрамады ма? Ол қыз досың шығар?

Абзал. Жоқ. Ол менен бір жас кіші мен сияқты ұл бала.

Жанар. Сөйтіп, сен қаланы аралап мыңдаған тротуарлардан фотодағы біреуді іздемекшісің?

Абзал. Дәл солай. Сондықтан маған күш қуат қажет. *(Жанардың шоколады алып кетеді. Бөлмесіне барады. Компьютерге отырады)*.

Жанар. Бұны білеміз ғой, компьютерге отырсаң, ешқандай қала аралауға бармайсың бүгін.

Абзал. Қателесесің. Қала аралауды бастадым.

Жанар. Абзал, тағы интернетің бе? Кейбір нәрселерді ең мықты компьютермен де бір орында отырып таба алмайсың.

Абзал. Бұл рас, компьютер аз, мықты байланыс керек.



(Шнурларды ары бері тартады. Жанар бөлмесінен шығып кетеді. Көп отырады, шаршап ұйықтап қалады. Жұмыстан келген анасы кіреді).

Анасы. Абзал, сен неге мұнда жатырсың?

Жанар. Мама, онда өте маңызды тапсырма бар.

Анасы. Ол не екен?

Жанар. Бір мистикалық досы пайда болды.

Анасы. Ол қайдан пайда болған. Сен бұзақы біреулерге еріп кетпе. Көрші Ерік келуші еді ғой, ондай достарыңа ризамыз. Басқалармен абай бол.

Абзал. Мама, менің кішкентай кезімдегі суреттерім бар ма?

Анасы. Әрине.

Абзал. Олар фотостудияда шығарылған ба?

Анасы. Солай шығар.

Абзал. Мына мекен жайда бұндай фотостудия болды ма? *(Қағазға көшірілген мекен жайды көрсетеді).*

Анасы. Иә-иә, ондай болғаны есімде. Жанар сендей болғанда, бірге баратынбыз, бұл жаққа көшпей тұрған кезде. Ол да бір қызық, Жанар фотолардың негативтерін алып, қатты күлетін. Шаштары аппақ, беті қап қара өзін, негативтерден қиып алатыны да болған. Бірнешеуін қиып алып, ойнайтын. *(Анасы күледі. Абзал түсінбейді, бірақ жымып анасына қарайды).* Жүр, балам тамақ ішіп ал. Саған күш, қуат керек.

Абзал. Дұрыс айтасың, анашым, маған күш те, қуат та көп керек. *(Шығып кетеді).*

6- көрініс

(Келесі күні Абзал анасы айтқан фотостудияны іздеуге барады. Жанында Ерік деген досы бар).

Ерік. Қаладан сиқыр табылады дейді? Ал сен ол сиқырды не істейсің? Сынып қалған телефоныңды қайта істеп береді дейсің бе?



Абзал. Жоооқ, телефонымның сынып қалғанын да ұмытып кетіппін.

(Фотостудияға жетеді. Ішінде сатушы қыз, ішкі бөлмесінде қырықтағы ер адам).

Абзал. Сәлеметсіз бе, маған көмек керек, мына үш фотосурет осы студияда шығарылған деп ойлаймыз. Бірақ суреттер өте ескі. Мүмкін, бұл студияда біреу суреттегі баланы немесе түсірілген жерді танитын шығар?

Қыз. Суреттен адамды тауып аламын дейсіңдер ме, балалар? Мұндай фотолардың миллиондағаны қолымыздан өтті ғой. *(Ер адам арғы жақтан шығып кее жатады).*

Ер адам. Сенің қолыңнан мұнадайлары өтпеген шығар. Бұлар тіпті ескі ғой. Бұларды жасап шығаратын кез есімде бар.

Ерік. Аға, көмектесіңізші, бұл суреттегі жер сиқырлы жер.

Ер адам. Сиқырлы жер? Ағаштың түбінде шоколад бар ма? *(Күледі).* Бұл менің әкемнің фотосалоны, өзі қанша жыл фото шығарумен айналысқан. Өттең, қазір көзі көрмейді. Өзі суретші еді. Қажет болса, бірге барайық. Әкеме де бармағалы бір айдай уақыт болған шығар.

Қыз. Аға, жұмысты тастап кетесіз бе?

Ер адам. Фото шығаруға қайсысы асығушы еді қазір? Фото мен естеліктердің құны төмендеген, еске алуға уақыт жоқ. Тіпті әкемді еске алу осындай сиқыршылар келмесе ойыма түспейді ме, білмеймін. Сен де бүгін ертерек үйге бар. Жүр. *(Барлығы шығып кетеді).*

7-көрініс

(Ер адам есікті ашады. Ішінде қарт шал отыр. Музыка тыңдап отыр).

Ер адам. Әке, аманбысыз?

Шал. Амансың ба, балам? Қонақ ертіп келіпсің ғой, бала иісін, дала иісін сезгендеймін.



Ер адам. Иә, мына екеуі ескі фотодағы ағашты іздеп жүр. Сіз сол ағашты таниды ма дейді.

Ерік. Абзал, бұл кісі қалай таниды көзі көрмейді ғой?

Абзал. Ата, мұнда үш бірдей сурет үш жылда бір күнде түсірілген. Жүгіріп келе жатқан бала бар. Ол жасыл бір нәрсе киген, басындағы кепкасы жанына қисайып кеткен. Күлімдейді. Ағаш бар, бала тротуармен жүгіріп келе жатыр. Ағаш діңі жуан, бірақ ағаш жалғыз сияқты.

Шал. Ағаш жалғыз дейсің бе? Бала қайда жүгіріп келе жатыр екен?

Абзал. Бұл фотоны әкесі түсірген, әкесіне қарай жүгіріп келе жатқан шығар.

Шал. Көзі қандай?

Абзал. Білмеймін. Көрінбейді ғой.

Ер адам. Мен білемін. Есіме түсті. Көзі күн сәулесінен қысыңқы. Кей кездері кепкасын жел ұшырып алып кетеді. Ал бала әкесіне жетеді, әкесі оны өте жоғары көтереді де екеуі қала арлауға кететін. Ол екеуі қаланың тарихын, ағаштардың тағдырын бәрін бәрін әңгімелейтін... Содан соң үйге келіп, негативтерді қараңғы бөмеде жасайтын. Марат кіп-кішкентай болатын.

Шал. Солай болған. Сол суреттен енді қалғаны жалғыз жуан ағаш...

Ер адам. Кешірші, әке. Бір ай бойы өзің жалғыз болдың, келіп кетуге қолым тимеді.

Шал. Көрші досым бар еді. Біз кеш сайын шахмат ойнайтынбыз. Жасы менен кіші болса да, мендей жалғыз ағаш еді. Сенің фотоларыңда ғы оның жалғыз ұлы ғой. Есімі Мустафин Марат.

Абзал. Қалай оның ұлы? Әкесін танимын дейсіз бе?

Ерік. Шахмат ойнайды дейсіз бе? Үйрете алады ма?

Абзал. Көрші дейсіз бе? Барайықшы?

Шал. Бір жыл бұрын ол көшіп кеткен еді. Бара алмайтындай көрінеміз. Ал шахмат ойнауға өзім ақ үйретемін. Ал енді, мен дем алайын. Сау болыңдар.



Ерік пен Абзал қуанып шығып кетеді. Шал мен баласы арттарынан қарап тұрады. Ерік пен Абзал да арттарына қарап: «Рақмет, сау болыңыздар!» дейді.

8- көрініс

(Абзал түнге қарай үйіне келеді. Үйде отбасы түгел оны қарсы алады).

Әкесі. Балам, мамаң сені іздеп уайымдап қоймады. Телефоныңды алмайсың. Өзіңе не болды?

Абзал. Әке, мен қаланы көрдім, ондағы әңгімелерді сурет қып есте сақтап алдым. Мен дос таптым және сиқырлы жер көрдім. Онда жалғыз ағаш бар екен. Көпті көрген ағаш. Мен шахмат ойнауды үйрендім, менімен ойнайсың ба, папа? Анасына. Мама, мен негативтің не екенін түсіндім. Жанар, менің жаңа досым да «Мөлдір Бұлақты» жақсы көрген. Мен айналадағы табиғи әлемнің сырын қуанышты сәттермен өлшедім, пиксельмен мен гигабайтпен емес. Жанар, ол менімен емес, сенімен жасты екен. Мұстафин Марат.

Жанар. Мұстафин Марат! Ол менімен бір сыныпта оқыған еді ғой. Кейін көшіп кетті. А, біз оны интернеттен тауып алайық!

Абзал. Жоқ, мен хатты қайтадан поштаға апарайын. Бұдан басқа да сиқыр шығатын шығар? Бұл адаммен достасатын балалар көбірек болсын.

9-көрініс

Жанар компьютерде отыр.

Жанар. Абзал, қане, мынаны көр.

Фотоларды көрсетеді. Ондағы оның сыныптасы Марат және әкесі, екеуі қатты ұқсайды, күлімсіреді. Фото бір ай бұрын жасалынған.

Абзал. Жанар, айтпа деп едім ғой оған хат туралы.

Жанар. Олар хатсыз да кездескен еді. Фотографтардың әлемдік конференциясында бірін бірі тапқан екен. Міне, ондағы суреттер



бар. Қысқа комментарий да жазған. Фото жасау маған неткен бақыт сыйлайды дейді. Әкесі мен баласы неткен ұқсас, екі ағайынды сияқты.

(Абзал үстелге отырады, біраздан соң шығып кетеді. Абзал пошта бөлмесіне келді. Қолында конверт, оны поштадағы әйелге береді.)

Абзал. Менің досым маған тамаша хат жазды, көп нәрсені бір ақ күнде үйретті. Мектептегі сабақтар сияқты емес... *(Әйел сәл гана күледі.)*

Абзал. Апай, пошта енді менің ең сүйікті жерім болады деп ойладым, бірақ ата-анам электронды газетке жазылыпты. Заман талабы деп мен айтқан едім. Он екі жасар мені неге тыңдағанын кім білсін?.. *(төмен қарайды)*

Әйел. Досың не дейді хатыңда?

Абзал. А, хатты сізге әкелдім ғой. Менен кейінгі жас оқырманға беріңіз. *(Абзал шығып кетеді)..*

Әйел хатты дауыстап оқиды.

Досым! Қарашы айналаңа, тыңдашы жақын адамыңды, өмір неткен қызық! Мен бүгін шахмат ойнауды, қала даусын ажыратуды, ысқыруды үйрендім. Жүрегімдегі жылуды, бойымдағы жеңілдікті сездім. Мені қоршаған әлемге қарап қана қоймай, оны нағыз ашық көзбен көре алдым. Досым, сен менің кім екенімді білмейсің, ал әлемде сен білмейтін қызықты адамдар қаншама! Біз сенімен бөлісе ала алатын қызықтар қанша, кездесе алатын сиқырлы жерлер қанша. Ізде, досым, көр, туғандарыңды әрқашан іздеп жүр, айналадағы керемет сиқырарды байқап жүр және хат жазып тұр. Хатта құдірет бар.

Шын ниетпен, досың.

Соңы



Торғын Шоқанбаева
Ғылым және технология мектебі, 2-курс

Мариям

Қатысушылар:

Ана

Мариям

Әке

Офицер аға

Болат жүргізуші

1-көрініс

Мына кішігірім өмір хикаясы алыс жақта тұрған «Еңбекші» деген ауылдан бастау алып жатыр...Мариям анасымен бірге тұрады. Кезінде анасы әйгілі адамдардың үінде ақша табу үшін үй қызметшісі болып жұмыс істейді. Жұмыстан кетпес бұрын сол үйдегі бір жігіттен балалы болады.

Анасы мен қызы дауыстап бір біріне ұрсып жатыр. Ауыл кішігірім болған соң олардың ұрыстары бүкіліне естіліп тұр.

Ана. Армандаған Алматыға барып не табарсың,а? Әкең сені күтіп тұр деп саған кім айтты? Мен саған айтарым түріңе қарап сенімен ешкім жақсы қарым- қатынас жасай қоймас. Әкең де саған сүйспеншілігін білдірмес. Шеш ана пазорыңды шығаратын тряпкілерді. Бармайсың ешқайда!

Мариям. Мейлі, түрім жаман, бірақ ішкі дүнием ше? Менің ішімде тығылған жан дүниемді сізден басқа білер жан жоқ шығар. Ал сіз маған осындай сөздерді айтып жатырсыз. Мені шынымен жақсы көрсеңіз, осындай сөзді айтушы ма едіңіз? Әкем мені жақсы көреді. Мен оны білемін, сеземін.

Ана. Тыңда мені, мұқият тыңда, менен саған жақын жан жоқ осы өмірде. Мен сенен гөрі біраз нәрсе білемін. Сен әкеңнің заңды қызы емессің, оны да білесің. Заңды отбасының алдында ұят



болмасын деп, саған падарқаңды әкеліп, бізге ай сайын келіп тұрды. Қазір ше? Қайда әкең? Мүлдем сенің жағдайыңды білмейді, келуді де қойды.

Мариям. Мейлі келмей-ақ қойсын! Мен үшін ол ең жақсы әке болады. Менің заңсыз қыз болып жаралғанымна менің кінәм бар ма? Мен де бақытты болғым келеді.

Ана. Қызым, біз сияқтылар осы өмірде бақытты болу үшін жаралған жоқ. Бұл біздің тағдырымыз осы ауылда тыныш өмір сүру. Саған білім алудың керегі не? Бәрібір сені білімді адам ретінде ешкім қабылдамас. Сен басқалар сияқты емессің.

Мариям. Жооқ! Басқалар сіз сияқты емес. Ал мен басқаларға ұқсаймын! Сіздің өміріңіз бақытсыз болғандықтан менің де өмірім бақытсыз болмайды. Мен жақсы өмірге талпынам. Менің келешегім бар. Мен сенемін. *(Мариям киімдерін алып үйінен шығып кетеді. Қатты жаңбыр жауғанына қарамастан, жолға шығып Алматыға дейін попутка алады. Мариямның анасы не істерін білмей қалады да есіктің алдында көп тұрады.)*

2-көрініс

Осы жерде Мариям Алматыға жетеді де, әкесінің үйін іздеуге тырысады. Жол алыс болған соң, ол әбден шаршап қалады. Тамақ ішпегендіктен қарны да ашады.

Мариям. *(Ішінен ойлап тұр).* Тааак давай есіңді жый. Ааа түсіндім, ол әкім ғой, мүмкін біреу мекенжайын білер. Қарным әбден ашты-ау. Бірақ шыдауым керек. *(Жанынан өткен жас келіншектен сұрайды).* Тәтеее, тоқтаңызшы, сізден сұрайындап едім. *(Бірақ әйел оған қарамай басқа көшеге бұрылып кетеді. Көшеде келе жатқан офицерді көріп қуанып қалады).* Аға, офицер жолдас, тоқтаңызшы, сізден сұрайын деп едім! Аға!

Офицер аға. Қызым, қандай сұрағың бар еді? Тез айта ғой, мен троллейбустан қалып қоямын.

Мариям. Аға! Аға мен... мен. Кешіріңіз, басым, басым... *(Сұрағын айта алмай, басы айналып, отырып қалады.)*



Офицер аға. *(Офицер не істерін білмей қалады).* Қызым, көзінді аш! Не болды, қазір, қазір... (*Сөмкесінен суын алып шығады да Мариямның бетіне шашады*). Тууф, үйіме бүгін ерте барайын деп шыға қалып едім, аяқ астынан басыма проблема тауып алдым. Жарайды, обал ғой, мынадай түрде қалдыра алмаймын. Не істесем екен?. *(Машина тоқтатады.)* Көмектесіп жіберші, мына қыз баланы танымаймын да, бірақ бір нәрсе сұрайын деп тұрды да, басым, басым деп есінен танып қалды. Қалай жағыз қалдырамын, екі аялдама ғана. Көмектесіп жібер. Үйіме апарайын, есіне әбден кеген соң мән жайын айтар.

Мариям. *(Офицердің үйінде оянады. Көзін ашқан кезде қайда екендігін білмей қалады. Басын ұстап, жан-жағына қарайды).* Мен қайдамын? Осы үйге қалай жеттім? Мені осында кім әкелді? Мүмкін, бұл әкемнің үйі шығар?!

Офицер аға. *(Қолында подностың үстінде шаймен кәмпитті әкеліп қыздың алдына қояды).* Қызым, ояндың ғой әйтеуір. Өзіңе келіп ал. Мына шайды іше ғой. Қане, не болды, менен бірдене сұрайын дедің де, құлап қалдың. Осылай бұрын болып па еді?

Мариям. Жок, аға, мен тамақ ішпей, шаршағаннан солай болған шығар.

Мен әкемді іздеймін деп алыс жерде тұрған ауалдан жалғыз келдім. Жасым он алтыда. Менің атым Мариям. Орта мектепті бітірген соң Алматыдағы училищеге педагог факультетіне түскім келді. Әкем-осы қалада бір ауданның әкімі. Түркісіб ауданы. Сізден әкемнің қайда тұратынын сұрайын деп едім.

Офицер аға. Кім Балтабай ма?

Мариям. Иә.

Офицер аға. Қызық болды ғой. Мен кезінде сенің әкеңмен бірге Германияда армияда служит еттім. Асықпай шайыңды ішіп ал. Сонан соң мен сені дәп үйіне апарып саламын. Бірақ қызым, мен сенімен бірге кірмей-ақ қояйын. Ол қазір үкен бастық, мен қатардағы әскери адаммын. Жарай ма?



Мариям. (басын изейді) Аға, аға, бұл тамаша болды ғой! Менің жолым болатын шығар.

Офицер аға. Бұрын көріп пе едің? Танисың ба?

Мариям. Иә, көргенмін. Танимын.

Офицер аға. Болды, қызым. Апарып саламын, ол маған қиын емес. Дайынсың ба?

Мариям. Дайынмын, Сізге алғысым шексіз, аға. Рақмет.

3-көрініс

(Әкесінің үйіне келе жатқан кезде Мариям жан жаққа қарап, үстіндегі киіміне қарап қойып, ол жер., бұл жерін жөндей бастайды. Көңілді әрі қобалжып келе жатады).

Офицер аға. Жүргізуші осында тоқтаңыз. Ал, біз келдік, қызым, міне, әкеңнің үйі. Мен сені осы жерден қалдырайын. Мен жұмысыма баруым керек. Сәттілік тілеймін саған. Әкеңе менен сәлем айт.

Мариям. Рақмет, аға, егер сіз болмасаңыз, менің жағдайым қалай болар еді? Аға, жақсылығыңызды ұмытпаймын.

Мариям. *(ойлап тұр).* Қызық, мені әкем қалай қарсы алар екен? Менің киген киімім оған ұнар ма екен? Әлде мен осындай кездесуге мүлдем қарапайым киіндім бе? *(үстіне қарайды, киімін жөндейді)* Жоқ, ол мені киіміме қарамайды ғой, мен оның қызы емеспін бе? Анам жай айтты. Ол мені жақсы көрмеуі мүмкін емес, мен сеземін. Үйлері үлкен екен,а?

(Қоңырау соғады). Бұл мен, Мариям. Марияммын. Мен алыстан келдім. А, не дейсіз? Мен, мен... қызымын. Қақпаны ашасыз ба? Мен алыстан келдім... *(Бірақ Мариямға қақпаны ешкім ашпайды. Не істерін білмей қақпаның алдындағы сатылырдың үстіне отыра қалады. Кеш батқаннан соң, Мариям қақпаны қағуға тағы да тырысады. Мариямның жанына көлік тоқтайды, ішінен бір жігіт шығады).*

Болат жүргізуші. Сәлем, қарындас, саған мені Балтекең жіберді, үйге апарып таста деп. Ол сенің келгеніңді қаламайды. Әйелі



кішкентайлы болып жатыр, сені көруге мүлдем уақыты жоқ. Жүр, көлікке отыра ғой. Аулыңа апарып тастаймын.

Мариям. Жоқ, ол өтірік. Әкем ғой ол менің. Неге мені көргісі келмейді? Мен сізге сенбеймін. (*Көзінен жасы ағып не істерін білмей қалды да, Болатқа көніп машинеге отырады. Мариям үн-түнсіз жылап отыр*)

Болат. (*Машинені жүргізіп, Мариямға қарай сөйлейді*). Сен білесің бе, қарындас, сен бекер жылама. Мүмкін саған ол әке болып та жарытпас.

Мариям. Неге, неге олай айтасыз? Сіз кімсіз?

Болат. Мен жүргізушімін. Талай жылдан бері. Оның әйелі дұрыс адам. Ол сені біледі. Сол әйелінің айтуымен кезінде мен оны сенің ауылыңа апарытынмын. Содан кейін атақты кісі болып, репутациясын қорғау үшін сенімен мүлдем араласпай қойды. Сен де, анаң да оның өмірінде жоқсыңдар. Босқа дәмеленбе, қарындасым. Мықты бол.

Мариям. Маған оның репутациясы да, байлығы да керек емес, маған әке керек. Мен өмірге келген соң бақытты болуым керек. Мен оқып білім алғым келеді. Мен адам болғым келеді. Мен де елдің балалары сияқты жүргім келеді. Анамды тыңдамай кетіп едім. Енді қалай барамын?

Болат. Мариям, ана баласын кешіруге, көруге асығады. Анаңа бар, өміріңді жарық ету өз қолыңда. Мықты бол, сенің келешекте мықты, атақты болуың әкенді ойландыратын шығар? Өмір бірқалыпта тұрмайды ғой...

Мариям. Аға, сіздің балаларыңыз бар ма?

Болат. Иә, бір ұлым, бір қызым бар.

Мариям. Аға, балаларыңызды тастамаңызшы. Адамдар дүниеге келген соң бақытты болуы керек.

Болат. Дұрыс айтасың, қарындасым, сен бақытты боласың. Сен күнәдан таза періштесің. Ал, жауыздардың жазасын Алла береді. Сау бол, мықты бол.

Мариям. Сау болыңыз.



Арай Көлдейбева

Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі, 2-курс

Жүрекке жол

1- көрініс

Қатысушылар:

Сұлтан – Алматыда туылған, Алматыда өскен, сымбатты жас жігіт

Арман – Сұлтанның жақын досы, екеуі бір университетте оқиды

Сұлтанның анасы

Бақытжан – Сұлтанның екінші досы

Алина – Сұлтанның қызы

Бірінші күтүші (К1)

Екінші күтүші (К2)

Сабина (кафеде хат арқыла танысқан қыз)

Далада. *«Стереотиптер...стереотиптер...стереотиптер»*
(*Көшеде бір жас жігіт тұрады. Ол досын күтіп тұр. Жігіттен сәл арырақ өңкей спорт киімін киген жігіттер тұр. Күреске қатысатын секілді, себебі бір бірімен ойнап неше түрлі приемдар көрсетеді. Олар қарқылдап күледі және сөйлегендері таза қазақша. Көшенің қарама қарсы жағынан Арман көрінеді, модаға сай киінген, темекі тартып келе жатыр. Сұлтанға жақындағанда күлімсіреп*)

Арман. Бро, твои новые знакомые, да?

Сұлтан. (ол да күлімсіреп, досына бетімен басқаларға арқасымен келе жатыр, театрыда сияқты ойнап сөйлейді) О ком ты говоришь, друг мой? Об этих поклонниках Кайрата Нуртаса? Что вообще может связать МЕНЯ, человека обожающего «Мастера и Маргариту» и ИХ, представителей человечества, которые одеваются на барахолке? Я ведь



использую только могучий и великий русский язык, язык Пушкина и Достоевского, а они...они его даже не понимают... небось, и книжки-то приличной в руках не держали!
(Екеуі күліп кетеді)

2-көрініс

Үйде. «Мәссаған!»

(Сағат таңғы 9.00. Сұлтанның анасы үстел басында шәй ішіп, газет қарап отыр. Сұлтан енді ұйқыдан тұрып тоңазытқышқа қарай өтіп бара жатыр. Өзі мән бермей анасына)

Сұлтан: Қайырлы таң, мам *(қазақша сөйлегенін байқамайды)*

Анасы: Үй, балам! *(анасы аң таң)* сен кашаннан бері қазақша сөйлейтін болғансың?

Сұлтан: мен каза... *(жарты сөзде тоқтап, алақанымен аузын жабады – Сұлтан қатты шошып тұр)* үй! Не болып кетті өзі? Мен өзі не деп тұрмын? *(қазақша сөйлеп тұрғанына сенбейді)*. ОЙБАЙ! *(айқалайды)* құрыдым мен, құрыдым! *(қолымен басын ұстайды)*

(Анасы баласына күдіктене қарайды).

Анасы. Балам-ау! Бір сөз қазақша білмеуші едің...ойбайлап тұрсың ғой. Астааапралла. Не болып қалды? Айт жөніңді!

Сұлтан. Апатай! *(дем аламай тұр! Шок! Паника!)* Апатай! Өзім қалай қазақша сөйлеп тұрғанымды білмеймін, орысша бірдеңке айтайын десем айта алмай тұрмын! Құрыдым-ау! Құрыдым! *(екі қолымен басын ұстап орындыққа гүрс ете түседі. Ұялы телефоны шыр ете түседі. Қалтасынан алады)*

Сұлтан. тыңдап тұрмын *(өз даусынан өзі шошып аузын жабады)* Тұтқадан дауыс естіледі: Бро, ты что прикалываешься? Привет! Сегодня вечером давай к Лимончелле подтягивайся!

Тұтқаны анасына береді. Жігіт жылайын деп тұрған сияқты. Қатты шошулы. Анасы түк түсінбей отыр, бірақ тұтқаны алады).



Ана. Алло...Бека, здравствуй! Это мама Султана ... хорошо у меня все, спасибо. Нет, это не он был. Нет, нет его. Он... ушел ... в магазин ушел... хорошо передам. Пока. *(телефоны қояды)*

3-көрініс

Лимончелло « Қазақстанда тұратын, қазақша сөйлейтін қазақ»

(Бір апта өтті. Сұлтан кафеде достарын күтіп отыр. Арман келеді).

Арман. Дружище, где пропадал? Неделю от тебя ни слуха, ни духа. Переживаем же.

Сұлтан. Сәлем!

Арман. Ооо...да, ты что, всю эту неделю переписывался с теми у которых душа за казахский язык болит?

(Бақытжан келеді)

Бақытжан. Привет, пацаны! О чем толкуем?

Арман. Да вот Султан наш от нас неделю всю эту скрывался, чтоб втихаря видео всякие в интернете смотреть типа (с акцентом) қазақпен қазақша сөйлесу керек.

(Екі жігіт қарқылдап күледі. Сұлтан оларға мән бермейді. Оның ойлары бұл кафеден өте алыс жерде. Алина келеді).

Алина. Привет, Зай! Где ты был? Ты что, не скучал по мне, да?

Сұлтан. Сәлем, Алина

Алина. *(Сұлтанға бір түрлі қарайды)* Что? Вы слышали, да?

(Жастар сөйлесіп, күліп отыр. Күтуші келіп оларға балмұздақ алып келіп береді. Сұлтан гана үндемей отыр. Достарының даусы ақырындап, Сұлтанның ойларын естиміз (музыка ойнап тұр)

Сұлтан. *(бір шетке шығып, көремендерге)* Эххх...осы қазақша ғана түсінетін қазаққа Қазақстанда өмір сүру қиын болады деп ешқашан ойламаппын да. Бұрын Меломанда апта сайын қызық



кітаптар алып оқитын әдетім бар еді... бірақ бірде-бір қазақша кітап жоқ екенін байқамаппын ғой. Ғаламторда да бәрі қызық дүние қазақшаға сирек аударылады екен. 20 жыл тұрып жүрген қалама, мемлекетіме мүлдем басқа көзбен қарап отырмын. Және ол көз жер планетасына енді ғана Марстан ұшып келген біреудің көзі сияқты. Контакт, фейсбук – барлығы орысша, басқа тілде. Теледидарда қазақша бағдарламалар аз, ал солардың ішіндегі жақсылардың саны 5-ке де жетпейтін шығар. Дүкендерде «Жұлдыздар отбасысынан» басқа қазақша журнал да таппадым. Журналды қойшы... сатушыға не керек екенін жай ғана түсіндіру үшін орысша білу керек екен ғой. Ал кино ше... «Жау жүрек мың бала» мен «Шалды» қайта-қайта көруден жалықтым. Қалғандарын көру үшін төзімім жетпеді ғой.

(Ойын Арман бұзады)

Арман. Старик, в кино двигаем. Ты с нами?

Сұлтан. А? кино? ... Жоқ, рақмет.

Бақытжан. Ты прекращай уже, а! Не смешно. Говори на нормальном человеческом языке! Ты нас своим казахским не пристыдишь и уж тем более на нем разговаривать не заставишь!

Алина. Мы, как Олжас Сулейменов, Казахстан мы любим и свой народ тоже, но думать и говорить будем на русском *(күледі)*.

Арман. Все! Давай! Мы ушли!

(Олар кетеді. Жас күтүші қыз Сұлтан отырған үстлеге жақындайды).

К1. Молодой человек, еще чтонибудь заказывать будете?

Сұлтан. *(қыздың аты жазылған бейджке қарайды)* Айжан, айып етпеңіз, орысша мүлдем түсінбеймін.

К1. Погодите, сейчас позову вам когонибудь кто понимает. Я понимаю на казахском чуть-чуть, но совсем не говорю.

(Ол кетеді. Сұлтан басын көтрегенде кафеге кіріп келе жатқан әдемі қызды көреді. Қайтадан оның ойын естиміз)



Сұлтан. Осыдан екі апта бұрын көрсем сені, сұлуым, танысар едім. Ал қазір қасыңа келіп сәлем десем менің достарым сияқты қашарсың менен. Бірақ сені кінәләмаймын. Өзім де сондай болғам. Әлде... бағымды сынап көрейін бе? Нар тәуекел.

(Екінші кутуші келеді)

К2. Кеш жарық, міне мәзір қандай таңдау жасайсыз?

Сұлтан. Мен алдымда отырған бикешке латте және кішкентай хат жіберейін деген ойым бар.

К2. *(жымиып)* Ойыңызды іске асыруға дайынмын. Латте дайын болғанша майлыққа хатыңызды жазыңыз.

(Майлыққа бірдеме жазып, үстел үстіне ақша тастап кетеді).

4-көрініс

Қоңырау «Телефон шыр етті, жүрегім дір етті»

(Сахна екіге бөлінеді. Бір жақ Сұлтанның бөлмесі, ал екінші жақ Сабинаныкі. Сабина Сұлтанға қоңырау шалады)

Сұлтан. Тыңдап тұрмын

Сабина. Сәлем! Бұл кеше Лимончеллода болған Сабина. Латте үшін рақметімді айту үшін хабарласып тұрмын.

Сұлтан. Сабина... сен мені таң қалдырдың... осылай қазақша сөйлейсің деп ойламап едім. Қазір қалай қуанып кеткенімді білсең ғой, Сабина

Сабина. *(күліп)* Өз атыңды айтпадың ғой.

Сұлтан. Ой, шынымен де! Есімім Сұлтан

Сабина. О-о-о, жігіттердің сұлтаны болғаның ғой.

Сұлтан. Ұялтып жібердің ғой. Мен жігіт сұлтаны болсам, сен қыздардың ең сұлуысың.

(Екеуі күледі. Бірнеше апта өтеді. Екі жас бір бірімен жиі-жиі сөйлесіп тұрады).



5- көрініс

Кездесу. « Қазақша романтика»

(Жігіт Лимончеллода отыр. Сабинаны күту үстінде. Қасындағы үстелдерге өзі сияқты күтіп отырған жігітке қыз келеді. Жарық сол үстелдерге кезек-кезектен түседі).

Бірінші үстел

Қыз. Привет, сладкий

Жігіт. Вау! Ты сегодня такая отпадная!

Қыз. Ахаха *(қарқылдап күледі)*. Спасибо *(қолдарын созып жігітті құшақтайды)*.

Екінші үстел

2-Қыз. Ну иди руки хотя бы помой! Чего расселся-то?!

2-Жігіт. Мозги не хавай!

Үшінші үстел

3-Қыз. Ой как он меня уже достал. Нозит и нозит. Уже трубку не беру. Да и вообще о чем нам разговаривать – ни бэ, ни мэ, только и знает свое «қарындас-қарындас».

4-қыз. Ненавижу таких. Как прилипнут так все. Пиши пропало. Свой-то колхозницы им не по нраву. Вот и пытаются к симпатичным городским подкатить.

(Сұлтан жан жағына қарап аң-таң болып отыр. Сабина артынан келіп қолымен көзін жабады. Жарық тек қана сол үстелге түседі. Романтикалық әуен ойнай бастайды).

Сұлтан. Нәзік-нәзік алақандар...

(Қыз ақырын гана күледі)

Сұлтан. Сыңғырлаған тәтті күлкі...

(Қыз еңкейіп ақырын гана бетінен сүйеді...)

Сұлтан. Жұпар иіс, шие ерін ...

Сабина. Сәлем *(осындай комплименттерден кейін қатты ұялып, беті сәл қызарады. Орнына отырады)*.



Сұлтан. Білесің бе қандай өлең есіме түсті, ол сен үшін жазылған секілді. Сабина тыңдашы:

Сенің көзің түпсіз терең тұңғиықтан жаралған,
Сонда жатыр менде жүрген орындалмас бар арман.
Сенің жүзін көкте күннен, жерде гүлден нәр алған,
Шашың сенің — жан баспаған жапандағы қара орман.

Қас-кірпігін қарлығаштың қанатындай қап-қара,
Үлбіреген жүзің сенің ақ жібек пе, мақта ма?!
Әсем басың әп-әдемі, мүсініне шақ қана,
Шиедейін еріндерін қызарып тұр шоқтана.

Толықсыған тұла бойың шыбық па екен, тал ма екен,
Бейнең сенің баяу атқан жазғы шұғыла таң ба екен,
Күлкін сенің шашылған нұр, сөзін кәусар, бал ма екен,
Бұл ғаламда сенен артқан сірә, біреу бар ма екен!?

Бұл ғаламда сенен артқан жан бар деуге сенбеймін,
Сен солайсың, Ләйлім менің, сенбе маған, сен мейлің.
Бұл ғаламда сенен артқан бір жан болса егерде,
Өз көзімді өзім оям, оны мәңгі көрмеймін.

Зәмзәм суы сенен арзан, тата алмаған кәусарым,
Сенің әсем мүсінінді сөзбен қалай тауысамын?!
Мың Мәжнүн мендей, сірә, тебіренбеген шығар-ау,
Аппақ құсым, қайдасың сен?
Аңсадым-ау, аңсадым...

(қыздың қолын өз қолына алып Мақатаевтың өленін оқи бастайды. Сабина күлімсіреп тыңдап отырады)

Сабина. *(жымиып отырып Ф.Оңғарысынованың өленін оқып береді)*

Еш нәрсеге, ешкімге аландамай
жүруші едім, кезіктім саған қалай ?



Қалай таптың сен мені, бұл әлемде
жол сілтеген кім саған маған қарай ?

Сұлтан. Охо! (таң қалады)

Сабина. Сен ғана сондай романтик деп ойладың ба, не? (*ойнап айтады.*)

Екеуі күледі .

Сұлтан. Ал, биге-ше? Биге қалай қарайсыз, сегіз қырлы бір сырлы бикеш?

(Екеуі тұрып керемет танго билейді)

Сабина. Сұлтан уақыт біраз болып қалыпты, мен үйге қайтайын. Әке-шешем қонаққа барушы еді, кішкентай ініме қарауым керек.

Сұлтан. Әрине, мен сені үйіңе дейін шығарып салайын. Дәл осындай әдемі сағаттардың, минут, секундтардың ләззатын өмірімде татып көрмеген екенмін (*екеуі шығып кетеді*).

6-көрініс

Қазақ тілі. « Қазақ тілі – жүректі сөйлететін тіл»

(Сұлтан мен анасы үстел басында отыр)

Анасы. Балам, ана кездері қазақша сөйлеп жүріп едің...(күрсініп) қазақшаң бітіп қалды ма не, құлыным? (*күліп бетінен сипайды*)

Сұлтан. Ох, мама...вся жизнь кувыркком. Не знаю как резко научился разговаривать на казахском и не знаю как так же резко прекратил. Не знаю... ну хоть понимание казахского осталось.

Анасы. Ее балапаным, амансың ба әйтеуір? Соңғы күндері бөлмеңнен шықпайсың, тамаққа қарамайсың, жанарыңда күлкінің өзі тұрмақ көлеңкесі де көрінбей кетті ғой.

Сұлтан. Мама, Сабина. Помнишь я рассказывал о ней? Так вот... в начале все так чудесно было. Казалось мы так друг друга понимаем (*көзі жарқырап, даусы сәл көтеріледі, сөздері аузынан емес жүрегінен шығып жатыр*) Между нами была особенная связь. Я чувствовал что она такая мне родная... такая нежная,



спокойная, кроткая, но в то же время умная и очень самостоятельная. Она такая особенная. Понимаешь? Она не такая как все. Ее размеренная манера разговаривать, без всяких там мусоров, неуместного кривляния. Веселые искорки в ее глазах, сам ее взгляд... мне казалось, что мы понимаем друг друга с полуслова. Мне не верилось что я встретил ее. Но потом...волшебство пропало, я ей кажется стал не интересным *(басын жерге салбыратып отырады, ары қарай жалғастырғысы келмейді)*.

Анасы. Жарығым, сен байқадың ба? Екеуміз үлкен дос болдық. Сен маған сырларыңды айтасың, ал мен сені көп еркелетем *(алақанымен баласынын басынан сипайды)*. Неге екенің білесің бе?

(Баласы басын шайқайды).

Анасы. Қазақ тілі. Сен қазақша сөйлей бастағаннан бері екеуміз жақындастық. Ол біздің ана тіліміз емес пе? Біздің жүректерімізді сөйлететін тіл *(қолын жүрегіне қояды)*. Ол ерекше тіл. Біздің ата-бабамыздың рухани мұрасын сақтап отырған тіл. Біздің еліміздің құндылықтарын көрсететін тіл, оның күнделікті өмірін сипаттайтын тіл. Жақында ғана бір полярлық елдің тілінде қардың түсін білдіретін 50 сөз бар деп едің ғой. Бізде қарға қатысты сөз аз, бірақ біздің тіліміз сезімдерді білдіретін сөзге бай. Жүректі сөйлететін тіл, шынымен де. Адамдырды жақындастыратын тіл. Қарашы еркелететін қанша сөз бар: жапырағым, гүлім, күнім, еркем... олардың қалай естілетінін тыңдашы, сөз емес – музыка. Жапалағым, жалғызым, жарығым... Кейбір сөздердің мағынасы керемет терең, олар орыс тіліне аударылмайды да.

Мысалы, өзің ана кезде Олжас Сүлейменовтың «Айналайын» деген өлеңі оқып едің ғой. қалай еді? Түсірші есіме
Сұлтан өлеңді оқиды:



*Айналайын – чудесное слово,
Жаль, что русский его не поймет.
Объяснить я готов ему снова,
Только бедно звучит перевод.
Айналайын, твоими губами,
Пусть нелепо оно звучит,
Но другими иными словами,
Ты не сможешь его заменить.
Ты Сережу Есенина помнишь?
«Шаганэ, ты моя Шаганэ»
Айналайын – захочешь, запомнишь!
Повтори айналайын при мне.
Пусть оно будет нашим паролем,
Именами твоим и моим...
Мы казахи с любовью и болью,
О любимых своих говорим.
Айналайын, тебя называю...
Если хочешь понравиться мне
Называй ты меня айналайын,
Как Есенин свою Шаганэ*

Сұлтан. Дааа.... У казахов есть много слов, которых не перевести.

Особенно "М-М-М"... тяжело это объяснить, это услышать надо. Обычно так прижмешься, и произнесешь "М-М-М" и никакие слова о любви не нужны... мама, ты хочешь сказать, что с потерей казахского я потерял эту особенную связь между нами?

Анасы. Солай сияқты ғой, балам.

Сұлтан. Ма! Ты супер! Пойду позвоню ей и скажу что выучу ради нее этот язык. Выучу чтобы стать ближе к ней! (*анасының бетінен сүйіп қашып кетеді*)

Ана. Қайран жастар –ай. Жастық деген керемет қой. Шіркін барлық жастар қазақша сөйлесе, қазақ жері ән салғандай керемет болар еді-ау. Туған жер, туған ел, сен түсінетін тілде сөйейтін ұрпақтарың бар, олар саған оралады!



7-көрініс

(Сұлтан төсегінде жатыр. Сағат таңғы жеті. Оятқыш шырылдайды. Сұлтан тәтті ұйқысын әрең бөліп)

Сұлтан. Уффффф, ну и приснится же такое! Қой, тұрайын, сабаққа бару керек.



Әңгімелер



Ерден Серікбаев Инженерия мектебі, 3-курс

Шахтер

2030 жыл. Қазақстан. Қарағанды, Metallург футбол стадионы. Стадион жанкүйерлерге лық толы. Жер шарының түкпір-түкпірінен жиылған қауым Чемпиондар Лигасының финалын тамашалауға келді. Бос орын жоқ. Анау жақта біреулер орынға таласып ұрсысып жатыр. Мына жақта қыз бен жігіт суретке түсіп жатыр, «Instagram»-ға. Ойбай, ананы қара! Мына жанкүйердің тіпті жаны күйіп кеткен екен, үсті-басын қызғылт-сарыға бояп алған, басында каска, енді күрегі ғана жоқ. Бір кезде дауылпаз үні естілді, жоқ бұл жанкүйерлер емес, бұл – «Ұлытау» тобы. «Адай» бүкіл әлемге танымал болғандықтан, бәрі де қошеметпен қарсы алды. Қазағымның қара домбырасы алып стадион ішінде жаңғыра бергенде стадион іші қазақи рухқа толды, қобалжу сейілді, жүректер домбырамен бірге қағысты. Музыка дыбысы тым қатты болса да, адамдар әуенге қосылып, шапалағына басты. Неткен керемет! Бұдан кейін стадион іші уілдеп, дүбірлеп кетті. Барлығы да басталар сәтті күтуде, алаңға чемпиондар лигасының белгісі әкелінді, анау жұлдызды доп бар еді ғой, сол. Сәлден соң хабарландыру басталды:

– Қарсы алыңыздар, алдарыңызда атақты шоумен Ерқанат Нұрмаханов!!! Барлығы ысқырып, «у-у-у» деді.

Ортаға ақшыл жасыл костюмді Ерқанат шықты. Көзінде қазақтың «Dolce & Gabbana»-сы саналатын «Qairat & Nurtas» брендінің көзәйнегі бар, бір сөзбен «сәнқойлар сұлтаны». Ол да жұртты көп күттірмей бар дауысымен:

– Сәлем Қазақстан! Сәлем Қарағанды! – деді, бәрі шулап қол соқты. Ол бұған қанағаттанар емес, тағы да тұрып:



– Естілмейді, қаттырақ! – деп жұртты тағы да оятты.

– Ал енді бүгінгі ұран мынадай: «Шахтер – алға, жүгірсең – шаршама!» елдің бәрі мәз-мейрам боп қайталап, дауысын аямастан ұрандап салды. Әрине, бұл сөз ерекше тереңдікке ие болмаса да, осыдан 17 жыл бұрын Астана Аренадағы ұраннан әлдеқайда тәуір көрінді.

Ал Шахтердің қарсыласы сол кездегі азулы команда Каталониялық Барселона футбол командасы. Тренері кезіндегі төрт дүркін Алтын Доп иегері – Лионел Месси. Мен оны танимын, ол да мені... айтпақшы, мен өзімді таныстырмаппын ғой. Кешірерсіздер. Сәл күте тұрыңыздар, менің атымды қазір хабарлайды:

– Оныншы нөмірде... Жалғас Қайтпасов!!!

Иә-иә, мен сол Шахтердің ортаңғы шабуылшысы, әлемнің екі дүркін Алтын Бутсасын иелік еткен – Қайтпасовпын. Қақпашылардың қорқынышты жаман түсімін. Халқымның көптен күткен арманымын. Біреулер тіптен мені күтпеген еді, «Қайдам, осы қазақ пенен футбол екі қошқардың басы секілді – бір қазанға сыймас» – деп. Ал мен болсам сондай ойларды ең алғаш жоққа шығардым. Бүгін бапкерім маған ерекше үміт артып отыр. Жұрттардың алдында ұят болмасын деп мен де барынша басуды көздедім, аздап қобалжу болмаса. Өйткені қарсылас осал емес. Қорғаушыларын қарашы, добалдай-добалдай. Бірақ біздікілер де анау-мынаулардан емес. Бәрі де кезінде ауылда ет жеп, қымыз ішкен, жер қазып шөп тасыған дөкөйлер. Жеңеміз. Ал төреші ысқырды, матч басталды. Әзірше доп біздікілерде. Қарсылас бапкер бұларға прессинг жаса деген-ау, допты алайын деп өліп бара жатыр бәрі шетінен. Қозы қуған қасқыр тобырындай. Біздікілер болса моп-момақан лаққа ұқсап сасқалақтай бастады. Трибунадан «Өй, саспай ойна, не істеп жатсың, беріспе!» дегеннен біздің қорғаушылар одан сайын дір-



діректен допты жіберіп алды. Олар да ұйықтап тұрған жоқ қой, барды да салды салымын. Есеп 0:1.

– Бұлардың өйткен ойыны құрысын, текке ақша кетіріп, доптан қорққаны несі?!

– Айттым ғой, ақша берген мыналарға!

– Әй, Қайтпасов, қайтсаңшы артқа, түү, не болды? – деп, жұрттар ашуланды. Уақытқа қарасам екінші минут, «бұлар бізді масқара қылар-ау осы» деген ой келді. Алайда жанкүйерлердің ішінде Гүлтас апай бар ғой, сол тұрды да:

Шахтер – алға, жүгірсең – шаршама! – деп еді, моторыма жанар май құйылғандай болды. Бойымда қан жүгіріп, жүрегім үмітке толып «Әлі сексен сегіз минут бар екен ғой» деп, демімді «Адайға» салдым. Енді менімен қақпаның арасында дәнеңе жоқ болғандай. Көзімдегі от, қарсыластардың қорғанысын ерітіп жіберердей лап етті.

Көп ұзамай біз де дегенімізге жеттік. Есеп бір де бір болды, екі де бір болып, үш те бір деп тоқтайын дедік те, сосын анау ауылдағы нағашылар «біздің атымыздан бір гол сала сал» дегені есіме түсіп, төртте бірмен аяқтадық. Матч аяқталды. Бірақ қаламап едім. Мұндай матчті тоқсан минут түгіл, тоқсан күн болса да ойнай берер едім, жұртым қуанса болды деп. Бас бапкеріммен барып құшақтасып, алғысымды білдіріп жатсам артымнан біреу жармасып «Жалғас, Жалғас, извините, а можно автограф?» деп миллион адам келген шығар, көбісі қыздар. Арасынан қарап қоясың, әдемісін. Бірақ қанша көп болғанымен өзіме ұнағанын таба алмадым. «Ештеңе қылмас, дені түзу қыздар үйде отырады ғой» деп өз-өзімді жұбаттым. Бірақ кенеттен алыстан әсем бір дауыс естілді, «Жалғас, Жалғас! Тоқтай тұрыңызшы!» деді. Бұл не деген дауыс, бұл не деген бұлбұл дауыс екен бас айналдырар! Сасқаннан ба, әлде қорыққаннан ба



білмеймін, бір орында тұрып қалдым. Артыма қарауға батылым бармай амалсыз қалдым. Не істеймін, ол жақындап келеді. «Әй бұл жерде еркек кім өзі?!» дедім де, артыма айналдым. Қарасам, ағам Дастан екен келе жатқан жүгіріп.

- Дастан, сенің даусыңа не болған?
- Дауыс дейсің бе, саңырау, құлақты ашпайсың ба?!
- Не болды, тыныштық па?
- Сен үшін ұйқымнан айрылдым!
- Неге, менде бәрі жақсы деп айттым ғой...
- Ей ол үшін емес, будильнигінді өшір!
- Будильник?
- Иә, маубас, түні бойы компьютер ойнап, таңғы алтыға будильник қойғаны несі?!
- Тү-у, өзің өшіре салсаң нең кетеді, ұйқымды бұздың!

Сенбедім, сенгім келмеді. Жоқ бұл мүмкін емес. Ана жерге қайта оралғым келді. Қайтып ұйықтап, радиодағы тиісті жиілікке ауысқан секілді түсіме кіруге тырыстым. Кірдім. Та-ак, қайдамын өзі?! Әне стадион! Стадионға жүгіріп келіп есікті тартып қалсам, жабық. Е-е де, мен барып келгенше жұрттар таралып кеткен ғой. Жарайды, қайтайын кәдімгі өмірге. Қап, бәрі әдемі болып келе жатыр еді.

Құрысын, тұрайық. Далаға барайық. Далада балалар футбол ойнап жатқан шығар. Ең болмаса енді сол жердің жұлдызы болып қайтайын. Шықсам, үй алдында бөтен біреулер жүр, футболға шақырып. «Ал кеттік» деп, кімнің кім екенін шешуге кірістік. Біздің команда бір үйдің баласындай, бір-бірімізді жарты ауыздан түсініп, азулы ойын көрсеттік. Есеп 8:2. Оларды жеңу оңай болғанмен олардан құтылу киын болды.

– Біздің поляға келіңдер, біздің поляда көрсетеміз!



– Нормальный поля керек, доптары да онша емес – деп кетіп барады, намысқа тимей қайтсін? «Кеттік, онда!» – деп біз де тұрмадық. Бұлардың алаңдары қаланың ту шетінде, жеткенше шаршап, шөлдеп кеттік таза. Келдік. Аналар біреуден доп сұрап алып тағы да балалар шақырмақшы. Өздерінің арасында күбірлесіп маған саусағымен көрсетіп қояды. Мен оған мәз, «мыналар мықты, әсіресе анау қызыл футболкадағы, Жалғас» деп жатқан шығар. Өзіміздің допты алып финт көрсетпеймін ба... Ол алаңқайдағы балалар «мә», «мәссаған», «уау» деп ауыздарын ашып тұр. Бір кезде шықты «футболшылары», олардан қорқатын біз жоқ. Ойын басталысыменен аналардың біреуі алыстан допты қатты теуіп гол салды. Біз аң-таң. Бәрі маған қарайды. Мен де жауап берейін деп дәл солай теппеймін бе, бірақ доп қақпадан биік кетіп, қасындағы үйдің терезесін қиратты. Барлығы қаша жөнелді. Мен де қаштым. Қайда бет алғанымды білмеймін, әйтеуір қуып жетпесе болды. Бір кезде алыстан орыс әйелдің даусы естілді «А ну, стоять!» деген. Оны естіген мен үдеуді одан сайын арттыра түстім. Сәлден соң артқа қарадым. Қала қайда – мен қайда. Шөлдеп, жақын жердегі ғимаратқа дүкен іздеп бет алдым. Ғимарат дегенде олай айтудың өзі қиын. Ескі бір нәрсе, қабырғасы жарықтарға толы, адам шошырлық. Алайда ауласына қарасаң, жап-жасыл, құстар сайраған бақшасы бар. Ағаштардың көлеңкесінде екі шал отыр екен. Біреуінің қолында тәспісі бар, ауызыменен «сүп-сүп» деп бірдеңелер айтады. Екіншісі қасында қайта-қайта бірнәрсе шайнап отыр, кеудесіне қарасаң, Ұлы Отан Соғысының ардагері секілді. Қастарына келіп сәлем бердім:

– Ассалаумағалейкүм!

– Уалейкүм ассалам! – деді бірінші ата, - кімге келдің?

– М-м, магазинге келдім, магазин іздеп жүрмін, ата.

– Магазин ана жақта қалды ғой, бұ жерде жоқ.



– Қай жақта?

– Ана-ау жасыл домның бұрышында, – деп жаңағы мен қашып келген жерге көрсетеді.

Құлағыма жаңағы орыс әйелдің даусы құлағыма келіп, есімнен танып қала жаздадым. Дәл сол кезде жаңағы ғимараттың есігінен ақ халатты орыс әйел атып шықсын, жүрегім табаныма кетті. Қабағын шытып алған сары шашты денелі әйелді көрсеңіз, олимпиядадағы ауыр атлеттер есіңізге түседі. Қолдарының жуандығы менің екі аяғымдай, масқара. Мені танып қойғандай:

– Так, а ну марш домой! Приемы после четырех! – деген сөзінен зәрем ұшып, селк еттім, – Аспанов, вы что сегодня на физ.кабинет не пришли?! Мы так долго не протянем! – деп айқай салды.

– Әй, кет әрмен! Не надо мне твой физ.кабинет! –деп қарт кісі қабағын түйіп, теріс қарады.

Қасында тұрған балдақты дірілдеген қолына алып орнынан тұрды да бақша ішіне беттеді. Сонда басында тақиясы бар ата:

– Женщина, почему вы кричите?! Разве можно так с пожилыми?

– Не можно! Уж очень сложно! Таких как вы тут – сто двадцать, я – одна. Мне что теперь, со всеми нянькаться что ли? – деп жыламсыраған орыс әйел ішке кіріп кетті.

– Осыларың қызық, – деді, – адамға ұқсап айтпай ма, немене мал санай ма?!

– Ата, мына кісі кім, врач па? – деп сұрадым

– Жоқ бұл врач емес, бұл жердің жалғыз «сүйікті» медбикесі ғой

– Ммм... сіз де осы жерде емделіп жатырсыз ба?

– Ия, мен де сол...



- Ата, мына жер қалай өзі, жақсы ма, сыртынан қарасаң қорқасың.
- Жоқ, бұл жаңадан ашылған аурухана ғой, мынау ғимарат ескі әкіматтың үйі. Сырты ескі болса да, іші су жаңа. Бұл аурухана жаңа заманның жаңа ауруханасы, емделе алмай үміт үзгендер осында келеді
- Мә... сонда жазылады ма?
- Жазылады дейді ғой, қалай болса да адамдар келіп жатыр ғой...
- Ата, ата, менің Құтжол деген ауру итім бар еді, соны емдейік десем мамам: «бұған ештеңе көмектеспейді, кәрі ит кой» дейді. Кәрілікке қарсы ем бар ма бұларда?
- Иә, әрине бар, бұл жерге жұрттардың көбісі қартаюға қарсы ем алуда.
- Ур-ра! Мен мамама айтайын, Құтжолды осы жерге алып келіп емдетейік!
- Ал жақсы, енді үйіңе қайт. Сен барғанша қараңғы түседі.
- Жақсы ата, сау болыңыз! – дедім де, үйге қарай зымырандай ұштым. Менің жүгіргенімді көрсеңдер, әр жүгіргенде әлемдік рекордты жаңартып отырамын. Мінекей, үйге де жетіп қалдық. Көшеде балалар әлі футбол ойнап жатыр.
- Жако, қайда жүрсің, мамаң жаңа миллион рет шақырған шығар сені! – дегеннен кейін мен «не болып қалды екен» деп үйге жүгірдім. Келсем, анам қонақ үйде телевизор көріп жатыр екен. Менің келгенімді ести сала:
- Жакетай, сен ба?! Ойпырмай-ау қайда жүрсің осыншама?! Қорқып кеттік қой таза, звандамаған адамымыз жоқ. Беті-басыңды жу да, тамағыңды іш, кел. Әй Дастан, таста ана қолыңдағы телефонды, осы телефондары немене, жабысып қалған сайтаны бар ма, тамақтырыңды ішіндер.



Анам керемет сорпа дайындап қойыпты. Ауылдан келген езілген құртпен араластырып ішкен сорпаңды ішкенде үй іші үнсіздікке толады, жарты сағаттай тек анамның ыңылдап әндеткені естіледі. Дастан екеуіміз мұрнымыз шуылдап жарысудамыз, артымыздан қасқыр қуғандай. Дастарқан бетінде не бар болса соны жапырып жойып жатырмыз. Дастарқанымызды суреттеп берейін. Дастарқанның өзінен бастайық. Бұл дастарқанның өзі бір бөлек әңгіме. Кезінде мамам бұны бір тойда ән шырқап ұтып алған. Өзі ескі болса да, әлі күнге дейін қытайски иісі шығады. Бір екі жерде скотчпен жамалған, Дастан ғой «нан кес» десе кленка кесетін әдетін әлі күнге дейін тастар емес. Буы бұрқыраған сорпа, қаймақ, қолдың майы, салат, варенье, жент, блинчик, кәмпит-пшина және осының араларындағы бос жердерді толтыратын ып-ыстық бауырсақтар. Не жеймін десең, ала бер. Одан үстел бетіндегі заттар азаймайды. Молшылық. Құдайға шүкір анамыздың ерлігімен осы күнге жеттік, әкеміздің жоқтығын бізге сездірмеді. Менің батыр анам. Сенің бір тал шашыңды да қимаймын, ана, мүмкіндік болғанда сенің тал шаштарыңды жинауға да болушы еді. Мүмкін бұл ерсі естілер. Алайда менің анам сондай адам. Менде бір арман бар. Өскенде бірінші жалақыма анама әдемі көйлек әперсем десеңші, менің қуанышымда шек болмаушы еді ғой, Құдай-ай. Бірақ қорқамын, өте қатты қорқамын. Мамамның өзі де көп айтатын еді, «біз де бір күн кетерміз» деп. Сол күннен қорқамын. Не істеймін сонда?! Кім болады екен сол кезде төсегімді белі ауырса да салып беретін, қиналғанда жаны ашып еркелететін, басымнан сипайтын кім болар екен қасымда?! Жоқ, ойлағым келмейді. Сондықтан да күнде ұйықтар алдында Құдайдан анамның амандығын тілеп жатам, ұзақ-ұзақ өмір сүруін, ауырмауын. Солай болса – мен бақыттымын.

Үйді бір араласаңыз анам мен әкемнің бірге түскен суреттерін көресіз. Жас кездеріндегі ақ-қара фотолары аз болса



да, керемет, ол кезде адамдар фотоға анау-мынау киімдермен түсе салмайды, модаға сай, шашын майлап дегендей.



Әкемнің мына суретін қараңыз, красавчик қой иә?! Сол кезде анам жігіттердің арманы болса, әкем жігіттердің сұлтаны болған екен. Екеуі бір туған күнде танысқан ғой. Бірін-бірі бір көргеннен ұнатып, мама мен папамның арасында көзге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын байланыс пайда болды. Аралары бес жыл, ол кезде әкем жұмыс жасап, шаруашылыққа ыңғайланып алған, анам болса әлі мединститутта оқиды екен. Папам түнде шахтада, одан соң күндіз бау-бақшаға барады. Бақшадан шыға салып мотоциклмен (ол кездері авторитет болып саналатын мотоциклмен жүру) шаң дала жолмен кесіп, анамның институт жатақханасына барады екен, неткен махаббат десеңші! Анамның құрбылары терезеден сұлу әкемді көріп:

– Жанар, келді, сенің ұзын мойын жігітің келді.

Иә. Ол заманда қазіргідей сотка жоқ, «Ало, шыға ғой» дейтін. Осындай бір күні әкем кездесуге келмей қалады екен. Сол кезде анам уайымдап, таксофонный телефонмен әкемнің үйіне телефон салады:

– Але, сәлеметсіз бе?! Бұл Жанар ғой, Сашка үйде ма? – сол кезде қарт әжем:



– Айналайын сәлемет пе, Сары балам бүгін келе алмайды, қалқам. Таңертеңнен ауырып қалып, қазір, өзіне телефон берейін, – дейді, сәлден соң әкем келеді:

– Але...

– Але, Сашка сәлеметсіз бе?! Қалыңыз қалай? Ауырып қалыпсыз ғой.

– Иә, сол таңертеңнен бері ішім ауырып – деген әкем де қатырған екен. Сәл сөйлескеннен кейін әкем:

– Жанар, мен осы таяуда «Дос-Мұқасанның» пластинкасын сатып алып едім. Тыңдағың келе ме?

– Иә, әрине.

– Қазір, қоямын, - деп әкем граммофонды қосады.

Анам осы кезде жатақхананың салқын коридорында тұрады. Бір өлең, екі өлең, үш өлең... Сөйтіп жарты сағаттан кейін әкем трубканы алып, – Қалай, ұнады ма? – дейді екен ғой. Анамның қайта шыдамдылығы жеткен екен, телефонды тастай салып, кетіп қалмағанын айтам да.

Мынадай қоңыраудан кейін әкетай да ырза болып қалған шығар. Иә, олардың арасында ерекше сыйластық, әдептілік болған-ды, қазіргі жастардағыдай емес. Неткен нәзік байланыс. Екеуі оқудың бітуін күтпей-ақ тұрмыс құрады. Бірақ анам оқуды сонда да тәмәмдайды. Шамалыдан соң біз дүниеге келдік. Әрине біз үшін шамалы, олар үшін бұл қиыншылықсыз болмады. Атам қазақ «Үйлену оңай, үй болу қиын» деген екен. Үйлену демекші, мама папамның үйлену тойы қарапайым пәтерде болған. Олардікі тіптен оңай болатын. Ал әрі қарай – қызық өмір. Қазір керісінше, үйлену қиын болып кетті, оның қиыншылығы адамдарға үй болу жайлы ойлануға мұрша бермейді. Қайта үй



болуды қазіргі заманның көбісі жастары үйленуден бұрын бастауды түзу көре бастады. Айта берсең, айта бересің ғой...

Енді әкем туралы айтайын. Әкемнің аты Сәкен, жұрттар Сашка дейтін кезінде. Отбасыда үш ағайынның ортаңғысы. Үлкенін «Құдайдан сұрап алған» деп еркелетсе, кішісін «Құдай бере салған» деп еркелететін көрінеді. Ортадағы әкеме жауапкершілік көп түсіп, жастайынан шымыр боп өседі. Өте еңбекқор еді. Аз ұйықтайтын, ерініп жатқанын көргенім жоқ. Жұрттар әкем мен анамды мақтайтын, адамдар ішінде «Сәкеңдей еңбекқор», «Жанардай пысық» деген сөздер көп айтылатын еді. Жұрттың көзі тиді ме білмеймін, әкем бір күні шахтада күтпеген жерден ауыр жарақат алады. Омыртқасы сынды деген сол кезде, соны біраз уақыт емдетті. Анам екеуі бармаған жері жоқ шығар. Бір күні емханадан келіп, әкем мені шақырып алды да:

– Жақантай, балам кел. Мына сырқат менен қалар емес. Қысқа жетеміз бе, жетпейміз бе белгісіз, – деген сөзден кейін басыма мұздай су құйылғандай болды, – өз-өздеріңе мықты болыңдар, бір-біріңе қолдау жасаңдар, – деген сөздер әкемнің маған айтқан соңғы ақылы екеніне мен мүлдем сенбеген болатынмын.

Бірақ әкем бәрін білгендей айтты сол кезде, бір екі күннен кейін оның тілі күрмеле бастады. Сол күндер – соңғы күндері еді. Әкем енді төсектен тұра алмас халге келді. Есімде, сол бір апта бойы қасынан еш кеткім келмеді. Сабаққа баруды қойдым. Әкемнің қасында. Қолын ұстап, жылытып жататынмын. Кім ойлап еді әке, сені солай болады деп. Кішкентайымда сенің қасыңда жатуды жақсы көретін едім, сол кезде сен мен тоңып қалмасын деп, құшақтап алатынсың. Мен сол кезде ыстықтағаннан көрпені тепкілеп тастайтынмын. Сол денеңнің қызуы бүгінде жоқ әке. Сен ауырып жатқанда қасыңда қол-аяғыңды уқалап отырудан басқа не шара бар еді. Сол кездері баяғы шақ еске түсетін еді, барлығы да. Сол кездегі күш-



қуатыңнан, қайратыңнан айналдым, әке. Еріксіз жылағым келетін, бірақ мен өз-өзімді ұстауға тырысатынымын. Алайда қанша тырыссам да, ол сезім жиналып жиналып, бір мезетте атылған жанартаудай шыға келді, жыладым. Бірақ дауысымды шығармадым. Жалғыз тоқтата алмағаным – көз жасы. Сол көз жасым жүзімнен үзіліп, әкешім, сенің қолыңа тигенде сен сездің. Маған қарап қалғандай қозғалдың. Ештеңе демесең де, мен түсіндім әкешім. «Қой, жылағаның не?! Жігіт емессің бе?!» деген шығарсың әкетай.

Әкешім, сенің кеткеніңе көп уақыт болып қалса да, сен менің жүрегімде әлі сол қалыптасың. Анда-санда түсіме кіресің, мен ол күндері ерекше көңілді боламын. Сенің әрбір сөзіңді, әрбір ісінді естен шығармауға тырысамын, әке. Сен маған көп нәрсе үйреттің. Мен ойлаймын, егер мен сендей болсам, менен нағыз азамат шығады деп, еліме, жеріме пайдам тиеді деп. Мен үшін үлгі тұтар тұлға ол футболшы емес, әнші емес, Месси емес, Қайрат Нұртас емес, мен үшін идеал – сенсің әке. Сен секілді болу мен үшін – арман. Сен секілді әкенің баласы болу мен үшін – абырой! Жаның жәннәтта, тәнің рақатта болғай!

Қосымша

5 Желтоқсан 2013 жыл. Астана. Кеше ғана жүзі жылы болған елорда райы дәл бүгін күрт өзгерді. Солтүстіктен ызғарлы желімен уілдеген бораннан жан-жақтағы ғимараттар көрінбей де кетті. Осының барлығына Назарбаев Университетінің кітапханасының терезесінен қарап отырған Ерден бүгін ерекше қуанышта. Өйткені бүгін – оның анасының туған күні. Таңертең анасына телефон соғып құттықтаса да, ол әлі де қанағаттанар емес, өйткені жүректің ыстық лебіздерін ұялы телефон бере алмайды, іштен шыққан дария сезімдерді ұялы желі көтере алмайды. Иә. Ол енді ақ қағаз бен қара сияны дос қылып анасына мынадай хат жазады:



– Қымбатты да, сүйікті де, анашым! Қалың қалай? Мен білем. Жауап

бермесең де, сен не айтарыңды білемін, анашым. Сен әрқашанда «халім жақсы» дейсің, не болса да. Уайымыңды, қиналуыңды еш көрсетпейсің. Өйткені сен әрқашанда бізді ойлайсың, уайымға кірмесін дейсің.

Иә. Бұл әрқашан да солай болатын. Өзің ішпесең де, ішкіздің, өзің

кимесең де, кигіздің, өзің сүрмесең де, сүргіздің анашым. Дәл бүгін туған күнің болса да, сен сонда да жақындарыңның, балаңның, немереңнің жағдайын ойлаудасың, мама. Жанашырлығыңнан, мейіріміңнен айналайын, анашым!

Туған күнің тағы да құтты болсын! Бүгін расында да ерекше күн. Ауа райы құбылса да, боран болса да, не болса да, мама, менің бүгін жүрегім ерекше жылы сезімге толы. Бүгін барып, шағын торт алып сенің туған күніңді тойлаймын. Қазір есіме түсті. Кезінде сенің туған күнінде үйде ерекше празник болатын еді. Әкешім «как штык» таранып, таң атпай «Глорияға» барып гүл әкелетін еді. Үйдің ішін бәріміз жуып, тазалап қоятынбыз. Мен сол кішкентай комнатаны алам. Бес сағат жуып, аздап қиналатын едім. Сол кездің «Тез жу» деген естен кетпес оқиғасы да есіме түсіп жатыр.

Рас. Сол кездерді сағындым. Сен де сағынған шығарсың. Әкетайдың кеткеніне міне төрт жыл болса да, әлі де қасымызда жүрген сияқты. Біздің батыр шахтер әкемізді еске алып осы шығарманың атын «Шахтер» қойдым. Иә. Шахтердің алды еді ол, оны алмастыратын жұмыста адам да жоқ еді. Түн ішінде шақырып алатын еді, әлі есімде. Бірақ негізгісі ол емес қой. Әкеміздің осындай өнегелі ғұмыры ұмыт қалмасын деген оймен осындай шығарманы қаламға алдым. Әрине, барлығын бір шығармаға сыйдыру қиын. Бірақ мен әлі де жазамын, бұйыртса.



Саған қалай, ұнады ма? Бұдан бұрын біреулер жіберген болса, оқыған шығарсың. Бірақ мен бүгін бұны саған туған күнге бір сыйлық болсын дедім.

Мама, туған күнің тағы да құтты болсын! Туған күнде көңіліңді түсіруді мақсат етпедім. Тек қалайтыным анашым, сен бақытты болшы! Сен бақытты болуың үшін мен не нәрсеге болса да даярмын. Мен де, бәріміз де сені қатты, өте қатты сүйеміз! Сен уайымдама, барлығы да жақсы болады, біз әлі отбасының, тегіміздің абыройын көкке шығарамыз, Алла қаласа!

Ізгі ниетпен, балаң Ерден.



Ерқанат Нұрмаханов

Ғылым және технология мектебі, 3-курс

14 900 тг

Қызыл раушан гүлдері түссіз қаптамаға әдемі оралған еді. Гүлдің астыңғы тікенегінде әлі кеппеген қою қызыл қанның ізі тұр. Бір мезетте гүлдің сабағын қатты қысып қойған болуы керек. Кейде сағындыратын, кейде армандаттыратын, ал кей кезде ойландыратын раушан гүлдерінің хош жұпар иісі оның жақында ғана қырқылғанынан белгі береді.

Жігіттің қолында ескі ұялы телефон. Телефонның жан-жағы сызылған (царапина). Экранның ортасында жоғарыдан төмен кеткен бір үлкен сызат (трещина) бар. Үстіндегі сұр кнопканы басып, телефонды қосады.

Жігіттің қызарған көздері даланың құмды-топырақты жеріне үнсіз төмен қадалған. Шегірткенің шырылдағаны бір мезетте артқы жақтан естілсе, енді бір мезетте алдыңғы төрт-бес қадам жақтан естіледі. Сарыарқаның салқын желі бұл маңайда тылсым күшке ие екенін жақындағы ауыл адамдарының барлығы біледі. Көктегі күннің жылуы жерге жарқырап жеткенімен, бойды жылытар емес. Алып қою бұлттардың да бір жаққа асығып бара жатқанынан күн сәулесі артта қалып, әлсіреңкіреп кетеді, ал кей кезде бұлттардан мүлдем де өте алмағандықтан айналаны қараңғылық басады.



Бір мезетте телефон шырылдап, ойға батып кеткен жігітті шошытып жібереді. Бойынан мықты электр тоғы өткендей болып селк етті. Сасқалақтап қалғандықтан телефонды құлатып ала жаздайды. Жүрегі жарыс машиналарының қозғалтқыштары сияқты зыр етіп өте қатты соғып кетті. Терең мұңға батқан көздерін жердегі топырақтан көтеріп, сызаты бар телефонның экранына салады. Смс келіпті. Ашып қараса KCELL операторынан екен.

Жаңа смс (новое сообщение):

“Құрметті KCELL операторының абоненті. Келісім шартқа байланысты (3 тарау, 12 тармақ) KCELL байланыс желісімен жарты жылдан астам уақыттан бері қолданбағаныңыз үшін жақында сіздің нөміріңізге қызмет көрсету тоқтатылатыны туралы мәлімет жасаймыз”.

Алты айдан астам уақыт өтіп кетіпті ғой. Алты ай. Серік басын аспанға көтеріп, бір нәрсені іздегендей болды. Аз уақыт өтпей көзін жұмып, бір нәрсені елестетті. Бір мезетте жаны жеңілдеп қалып, сәл ғана екі езуі тартылды. Аңсағанын көз алдында көрген болар. Шын қуаныш сезімі барлық бойды алды. Кенеттен салқын ескен желден барлық елес шайылып кетті. Беті лезде сұрғылт тартып, қабағы түйілді. Еріндері сәл ғана жыбыр-жыбыр етеді. Ішкі жан дүниесінен қанша сөздер шығып жатса да, сыртқа бір де біреуі шығар емес. Бір сәтте екі көзден бірдей екі-үш ыстық жас төгіліп, жердегі топыраққа бірінен кейін бірі құлап, сіңіп кетті...



Серік жерге шарасыздықтан құлап кетіп, айғайлап, ақыра бастайды. Көкжиек жақта жайылып жатқан жылқылар үркіп кетіп, шаба жөнелді. Серік телефонды қайта қолына алып, өзіне келуге тырысады. Біраз уақыт өткеннен кейін терең дем алып, ескі телефонның бас менюына кіріп, келген смс-қа (входящие смс) кіреді. Барлығы 71 смс екен. Лезде жоғарғы кнопканы басып ең бірінші смс-ты ашады:

Смс #1

Жіберуші: Балам

*Смс: “Мамуся! Жұмыстан келе жатырмыз, қарнымыз аш!
Хотим кушааааать! ”*

Көктемнің шуақты күні ерекше болғандықтан ба, әлде кеше әдеттен тыс ерте жатқандықтан ба, Серік бұл жолы таңғы сағат алты болмай төсегінен оп-оңай тұрып, бұл күннің ерекше қызық өтетініне сенімді болған еді. Лезде спорттық әдеті бойынша денесін таңғы жаттығулармен қыздырып алып, таң атпай бақыртып қойған музыкасымен үйлесіп, үйдің төрт бұрышында бокстасып жүр. “Суф-суф, суф-суф”, – біраз демін тазартып алып – “Раз, раз, раз, два” деп, танауын тартып-тартып алып, “Таааак енді отжимание және пресс, сосын душ! Ah, қандай керемет күн!” – деп жатқанда артқы жақтан еденнің үстінен жүгіріп келе жатқан жалаң аяқтың дауыстары естіле кетті. Серік бұрылып қарайын деген еді, үлгермеді, арқасына қарындасы секіріп кеп



мойнынан құшақтай кетіп, ағасының бетінен шөлпілдетіп сүйе бастады:

– Қайырлы таң, ағашка!

– Қайырлы таң, Дания! Неге ерте тұрдың? Сенің әлі уақытың бар, бар ұйықтай тұр. Мен оған дейін саған кашка жасап берейін. Сосын бала бақшаға барамыз, жарайды ма? – деді Серік қарындасын құшақтап, әрі қытықтай бастап.

– Ахахахаха, қойшы ағашка, қытықтамашы! – күліп жатып әрең-әрең айқайлап жатыр.

– Жарайды ма деймін?! – Серік Данияның тәтті иісін бір иіскеді.

– Жооооқ кашка жемеймін! Қара қоян сүтпен жеймін!

– Ахахаха қара қоян сүтпен дейсің бе? Несквик па?

– Иә, неквик!

– Неквик емес, Несквик!

– Нескрик!

– Ахахаха НЕС-КВИК! Осылай айтшы! Дұрыс айтпайынша ішпейсін!

– НЕС-КВИК! Урааааа! Айттым! – деп Дания екі қолын шапалақтап Серікті айналып жүгіріп жүр...

Музыканың қатты даусы, әрі балалардың шулауынан, анасы оянып кетіп, балаларының не істеп жатқандарын есіктің табалдырығынан қарап тұр. Есікті бір-екі рет оң қолымен қағып балалардың назарын өзіне алды да, күлімдеп тұрып:

– Лоторея ұтып алғансындар ма?! Не деген шу мынау таң атпай?



– Мааааам үйде несквик қалды ма? – деді Серік жерден Данияны көтеріп жатып.

– Кеше өзің соңғысын бітіріп тастадың ғой!

Дания түсінбей қалып, сосын лезде айғайлап Серікті ұрып жатып:

– Ағаашка ойнамаймын сенімен! Бәрін ішіп қойыпсың ғой!

– Ахахаха кешірші жаным, бүгін міндетті түрде жаңасын алып беремін! Ал әзірше екеуіміз тәтті кашка жейміз! Жарайды ма, күнім сол?

Дания күліп қайтадан Серікті құшақтады да:

– Жарайды ағашка, я ж тебя люблю! Бірақ ұмытып кетпе!

Әйтпесе

ойнамай қоямын сізбен! Кашка болса кашка жейік, бірақ қанты көбірек болсын!

Серік мамасына қарап:

– Естідіңіз бе, мамочка? Дочаңыз кашку хочет! Тәттіректеу болсын, а то

бізбен ойнамай қояды! Барлығы күліп жіберді де, мамасы Серікке қарап:

– Вот, әкеңнен аумай қалған шустрый! Бар, өзің жаса, үйленіп бала бағатын кезің келді, ал сен жүрсің элементарный каша жаса алмай!

– Нууу, мааааам! Пожалуйста, жасап беріңізші! Өтіненім, бүгін ғана, ертең өзім жасаймын!



– Айттым ғой жоқ деп, осылай тұра берсек, қаріз екеуіміз де жұмыстан

каламыз! Бар үйрен! Бірақ кухняны өртеп жіберме!

Анасынан ұтылғанын сезіп, Серік енді “жарайды” дей берейін деген еді, Серіктің қолындағы Дания мамасына жалынышты қарап:

– Мамочкаа, ағашканың кашкасы тәтті емес! Сіз жасап беріңізші! Сіздікі несквик сияқты тәтті!

Қызының аузынан шыққан тәтті сөздер сондай шын естіліп, анасы күліп, Данияға:

– Жарайды ботақан, олай болса қазір каша жасап берейін, Серік онда

ертең жасасын! Ай аферисттерім менің!

Серік пен Дания бір-біріне қарап күліп жатыр. Серік Данияны тағы да бір иіскеді де:

– Рахмет, алтыным сол! – деп құлығына сыбырлады.

Серік жақында “Cortezari” атты итальяндық жиһаз компаниясына стажировкаға тұрған еді. Бұл компанияда жұмыс жасау Серіктің осыдан екі жылдан астам уақыттай келе жатқан арманы болатын. Жұмысқа күнде барлығынан ерте келіп, берілген тапсырмаларды өте қысқа мерзімде тиянақты орындағандықтан қызметкерлердің, бөлім жетекшілерің, бастықтардың көзіне жақсы жағынан түсіп жүретін. Айналасындағы адамдар Серікті ерекше құрметтейтін еді. Бұл жолы да жұмысын ерте орындап тастап, түс қайта үйіне аттанған



еді. Жұмыстан шығып, көше бойымен аспанға ұмтылған бір үлкен үйді өтіп, бағдаршамнан оңға беттеп, кішіректеу үйдің астында орналасқан супермаркетке кірді. Бүгінгі Данияға берген уәдесі бойынша іс-сапармен жүрген болу тиіс. Қарны аш болғандықтан дереу супермаркеттегі көмекші қыздарды іздеуге тырысты. Жеміс-жидек бөлімі жақтан қызыл сауда киімін киген жұмысшының арқасын байқап қалды. Тезірек жақындап, иығынан сәл түртіп:

– Кешіріңіз, бұл жерде Несквикті қайдан табуға болады? – деді. Өлең тындап, алмаларды реттеп жатқан қыз шошып кетіп Серікке қарап бұрылды да:

– Аа! Бір күні жүрегімді жарасыздар ғой! Алдыңғы жақтан келмейсіз бе? – деді бейтаныс қыз демін алып.

– Ой, кешірерсіз, асығып тұрған едім, сізді қорқытатын ойым болмаған еді...

– Сонда да қорқып кеттім ғой!

– Қызық екенсіз, осы қорқынышты киноға барғанда залдың барлығын шулататын сіз емессіз бе?

– Жо-жоқ, мен ондай киноларды жақсы көрмеймін, достарыммен барсақ тек комедияға ғана барамыз.

– А мелодрама ше? Сіздің келбетіңіз бір атақты киноактрисаға ұқсап тұр, соның атын есіме түсіре алмай тұрмын.

– Ол да супермаркетте сатушы қыз болып жұмыс істейді ме?

– Әзіліңіз келбетіңізге жарасады, сұлу қыз! Сізді киноға шақырсам болады ма?



– Жоқ, рахмет, менің жігітім бар, кешіріңіз. Несквик анау йогурттар тұрған жақта, Бір, екі, үшінші қатарда. Сонда табасыз.

– Ммм, рахмет...

– Оқасы жоқ, сау болыңыз!

– Ммм, маған бір кило алма беріңізші?

– Алма? Жарайды. Тәттісінен бе, қышқылдауынан ба?

– Сіз қандайын қалар едіңіз?

– Менің жігітім бар!

– Аа, иә, иә, тіпті ұмытып кетіппін ғой, қышқылдауынан бере беріңіз.

– Мінекей, бағасын жапсырып бердім, кассада төлейсіз.

– Маған тағы да груша бересіз бе?

– Қанша килограмм?

– Екі.

– Жарайды.

Серік сол қыздың қасында мәңгі тұрып сөйлесе бергісі келді. Бір көргеннен ғашық болу деген осындай ма еді? Осындай болмаса, неге бұл қыз мықты гипнотезер сияқты бұл жігітті басын айналдырып тастаған? Не істерін білмей, Серік уақытты қалай созудың амалын табады!

– Білесіз бе, маған тағы үш кило картошка, екі кило сәбіз, бір кило пияз, бір капуста, свекла, қиярдан үш кило, помидор, абрикос, ананас, кокос...

– Тоқтаңызшы жас жігіт! Сіз осы Несквик іздеп келмедіңіз бе?



– Иә, бірақ... Ммм бірақ... Сіздің жеміс-жидектеріңізді біраз адамдар “свежий” деп мақтаған болатын! Соны көрейін деген едім ғой!

– Ааа, солай деңіз!

– Солай-солай!

– Жарайды онда, қазір барлығын салып беремін, ауыр болса мен кінәлі емеспін!

– Ол жағын уайымдамай ақ қойыңыз!

Осыдан кейін Серік бір де бір үн қатқан жоқ. Бейтаныс қызды зерттеумен болды. Бұл қыздың сұлулығы, әдемі даусы, нәзіктігі, іс-қимылы – барлығы-барлығы сондай үйлесімді, сондай керемет еді. Ішінен не істерін білмей тұр өзі.

“Әттең-ай, жігітім бар дейді! Не істейін, қоя салайын ба, әлде жігітімен тартысып көрейін бе? Шынымен де, бұл қыз қандай керемет! Менің барлық параметрлеріме сәйкес келіп тұр ғой! Әлде жігіті жоқ шығар, әшейін әрбір адаммен таныспас үшін айтады ма екен? Жоқ, жоқ, бұндай красавицада жігіттің болмауы мүмкін емес. Бірақ олардың махаббатын бұзып қайтейін, обал болар. Бірақ мен де бақытты болғым келеді, бұл ханшайым үшін Самұрық құстың алтын жұмыртқасын алып келуге дайынмын! Шіркін-ай, бұл қыз менікі болса ғой! Шын бақытты қылар едім! Тааак, ойлан Серік, ойлан! Әттеген ай, жігіті болмағанда ғой! Жарайды, басыңнан тастай сал, жүрегіңе тым жақын қабылдама! Біреудің махаббатын бұзба! Егер тағдыр болса, болашақта әлі кездесесіңдер!”.



Сонымен Серік супермаркеттен бес-алты үлкен ауыр пакеттермен әрең шықты. Данияның бала-бақшасы осы жақын маңда орналасқан. Серік соған жол тартты.

Дания бала-бақшаның кіре берісіндегі орындықта қуыршақ ойнап отыр екен. Серікті көре сала, орындықтан секіріп түсіп, ағашкасына жүгіре жөнелді.

– Ағашка осыншама тамақты қайда алдыңыз? Пакеттеріңіз өзіңізден дәу ғой! Ауыр шығар? Маған беріңіз, қолыңыз ауырып қалады, – деп өзінен үлкен пакетке жармасып жатыр.

– Ахахха тамақты қайда алушы еді, әрине үйге! Одан да сен мынау қара қояныңды ал, – деп Серік Данияға Несквикті беріп жатыр.

– Жарайды ағашка! Бірақ сіз мықты боксерсіз ғой, сізге бұл жүктер жеп-жеңіл шығар!

Серік енді отырып, шаршығанын басып, дем алайын деген еді, қарындасының бұндай сөздерінен кейін иығын артқа кеңінен жайып, Данияға күлімдеп:

– Әрине, жеп-жеңіл! Жүр такси ұстап үйге барайық, сенің де қарның ашқан шығар.

– Иә, мынау тамақтардың бәрін бітіру керек! – деп, екеуі жол бойына беттеді.

– Серік портмонесін ашып қараса, ақшасы қалмапты, тиындар ғана қалыпты. Есіне қайтадан сол бейтаныс қызды алып, автобус аялдамасына беттеді. Үйлерінің алдына дейін баратын автобус



көп күттірмей келді. Серік автобуска отырып, ұялы телефонынан анасына смс жолдады:

“Мамуся! Жұмыстан келе жатырмыз, қарнымыз аш! Хотим кушааааать!”.

Күн бұзылайын дей бастады. Серік қызыл раушан гүлдерін жерге ақырын қойды. Сызаты бар ескі телефонның жоғарғы кнопкасын басып, келесі смс-терді оқи бастады.

Смс #15

Жіберуші: Балам

Смс: “Урааааааа!! Сүйінші мамуся!”...

... Бүгін Серіктің демалыс күні еді. Кеше достарымен көңіл көтеріп үйге кеш келгендіктен, сағаттың тілі он екіге тақай бергенде көзін ашты. Мамасы жұмысқа кетіп қалған, Дания өз бөлмесінде жоқ. Кухняға барса, столдың үстінде А4 пішінді ақ қағаз жатыр екен:

“Дания садикте, тамақты жасап кеттім, Бақыт апайдан құжаттарды алып менің жұмысыма алып кел. Целую. Мамочка”.

Серік біраз керіліп, тамағын ішіп алды да, Бақыт апайдың үйіне жол тартты. Есік алдына шыға бере есікті жапқанын, не жаппағанын еске алып келеді.

– Жаптым ба өзі, әлде жаппадым ба? Емае, барып тексеріп көре салайын,— деп қайтадан төртінші қабатқа көтерілді. Барып қараса жапқан екен.



– Осы әдетімді қашан қоямын? Әлде боксқа барғандардың көбісі сондай

ма? – деп ішінен ойлап келеді.

– Сағат үштен кете Серік анасының жұмысына келіп қалған еді. Серіктің

анасы – Айғаным, мектепте математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. Математиканы жек көретін балалар Айғаным апай келгеннен бері сабаққа деген көзқарастарын өзгерте бастады. Балалардың айтуы бойынша, Айғаным апай сабақты берген кезде әрбір есепті, мысалды өте жеңіл тілмен оп-оңай түсіндіреді. Бұрында екі мен үшке оқыған балалар қазір төрттен төмен баға алмайтын болған. Өмірлік мысалдармен байланысты есептерді шығарған кезде барлық сынып оқушылары бір-бірімен жарысып тұрып жауабын табады. Айғаным апайды барлық мектеп оқушылары өз анасындай жақсы көретін еді.

Серік мектепке кіріп, анасына құжаттарды беріп жатқанда, телефоны шырылдап қалды:

– Алло? Иә, иә, мен Серік Жексенов. Ааа, Асқар Әлжанович, тыңдап тұрмын сізді. Жұмысқа келмегенде бүгін менің демалыс күнім емес пе? Өзіңіз бекіткен едіңіз ғой... Жарайды қазір келіп түсініктеме жазып кетемін...

– Не болды балам? Тыныштық па?

– Білмеймін мам, бәсеке телефон шалып, айғайлап жатыр.

– Онысы несі? Не болып қалды? – деді анасы жүрегін ұстап.



– Өзім де түсінбей тұрмын, даусы өте қатаң. Асқар Әлжанович ешқашан бұлай сөйлемейтін еді. Түк түсінбей тұрмын не болғанын.

– Бір нәрсе бүлдіріп алған боларсың құлыным?

– Білмеймін, анау аптада ғана итальяндықтармен келісім шарт жүргізген едім өте үлкен қаражатқа... Содан, барлығын реттеп қол қойғаннан кейін, мені мақтаған еді. Бүгінге демалыс берген. Бас офисқа дереу келіп жұмыстан шығуға арыз жазсын дейді. Енді не қылдым анашым?

– Көп уайымдама балам, бәрі жақсы болады. Бұл жұмыс сенің арманың еді ғой. Бұлай болмауы тиіс. Бір қателіктер болған шығар. Сабыр сақтап, жұмысыңа барып бәрін біліп кел. Көп уайымдама, Данияны бақшадан өзім алып кетемін. Барып білгеннен кейін хабарыңды міндетті түрде бер. Бар енді жүгір балам.

– Жарайды мамочка, сіз де уайымдамаңыз. Мен кеттім. Айтпақшы, Бақыт апай сәлем айтқан сізге.

– Сәлемет болсын, абайлап жүр, – деп, баласының маңдайынан бір иіскеді...

Жол бойы терең ойға батып келе жатқан Серік енді міне жұмысының кіре берісінде тұр. Терең дем алып, “Біссімілләдан” бастап табалдырықты аттап, офисқа кірді. Кірсе, ішінде тірі жан жоқ. Тек қағаз басып жатқан принтердің дауысы шығып жатыр. Серік түсінбей барлығын іздей бастады. Ешкімді таппағаннан кейін бастығының кабинетінің алдына келді де, есікті қақты:



– Асқар Әлжанович?!

Тым тырыс. Тағы қаттырақ қағып:

– Асқар Әлжанович?! Кіруге рұқсат па?

Тым тырыс. Бір кезде қатты ашулы дауыс:

– Зайди немедленно!

Серік есікті енді ашып кіре берген еді, “Пууух” етіп шампанның пробкасы атылып, күллі коллектив айғайлап, шапалақтап жіберді. Достары жүгіріп келіп Серікті көтеріп, иықтарына отырғызып, айналдырып жүр. Барлығының шектері қатып күліп жатыр. Кабинетте толған шарлар, музыка қосылып, барлығы дастарханға ұмтылды. Бастығы шампанды қолына алып, қасықпен ұрып жатып сыңғырлы дауыс шығарып, қолын көтерді:

– Құрметті ұжым! Бүгінгі күннен бастап Серік Жексенов “Cortezari”

итальяндық жиһаз компаниясының атқарушы менеджері болып тағайындалсын! Сол үшін алып қояйық!

Серік шексіз алғысын компания ұжымына айтып, сыртқа бес минутқа шығып келемін деп кетті. Кабинеттен шыға сала, маңдайындағы терін сүртіп, күліп жіберді. Қалтасынан телефонынды алып анасына смс жазды:

“Урааааааа!! Сүйіншіі мамуся!”

Есік шырылдағанда Айғаным апай мен Дания тезірек есікке қарай ұмтылды. Қуанышына шек жоқ, Серік анасын құшақтап, бетінен сүйіп, Данияны көтеріп алды. Қолындағы үлкен торт пен



кәмпиттерді кухняға алып барды. Анасына мән-жайдың бәрін айтып берді. Анасы:

– Балам шешінбей қоя тұр, магазинге барамыз!

– Онысы несі мам?

– Ол сенің сүйіншің! Саған барып Iphone алып береміз Дания екеуміз!

– Мааам, қойыңызшы, ол қымбат тұрады ғой! Әшейін қуанғаннан сүйінші дегенім ғой!

– Болды, болды, артық сөзді доғарымыз! Жүр тезірек, әйтпесе қазір магазин жабылып қалады!

– Нуу маам, сіз мектепте мұғалім болып істейсіз ғой, айлығыңыз итак то аз!

– Құлыным сол, сен енді итальяндық фирмада жұмыс істейсің! Сенде ең жақсы солидный телефон болу керек! Кредитқа ала саламыз, ай сайын аз ақша шығады! Болды есікті жап!

– Нуу рахмееет, маам! Сіз әлемдегі ең керемет мамусясыз! – Серік анасын

құшақтап кезек-кезек екі бетінен сүйіп жатыр.

Үйдің есігі тарс жабылып, үйдің ішін тыныштық басты. Тек сағат тілінің қозғалысы ғана аздап естіледі. Тик-так, тик-так. Кухняда әлі кесілмеген әдемі үлкен торт тұрса, залда Серіктің ағаш рамкадағы мадақтама қағазы үстелдің үстінде тұр.

Аспан бұлттанып, күн мүлдем көрінбей кетті, Серік жерге отырып, келесі смс-ты ашты:



Смс #38

Жіберуші: Балам

Смс: “Мам бүгін Беріктің туған күні екен. Ужинға келмеймін. Кеш келемін”... Күндегі әдеті бойынша Серік таңғы сегізден кете автобуста жұмысына кетіп бара жатқан еді. Орындықтан тұрып шығатын есікке беттей бергенде бір таныс келбетке назар аударды. “Бір жақтан көрген сияқтымын” деп, еске түсіріп жатқанда, жаңағы жігіт:

– Үй, Серік сенбісің өзі?

– Берік?

– Аааа, қалайсың бауырым! Көріспегелі қанша жыл болды? Аманбысың?

– Шашыңды неменеге тақыр қылып алып тастағансың, сені зонадан шыққан банды деп ойлап қалсам!

– Ахахахаха! Ал сен тура сол университеттегі қалпың! Дым өзгермепсің! Ах Серік, Серік, сені көргеніме қатты қуаныштымын!

– Айтпа! Қанша жыл өтті! Не хабар, бауырым? Мен қазіргі аялдамадан шығамын, нөміріңді айтып жібер кешке қарай хабарласам! Айтатын әңгіме көп!

– Тоқтай тұр Серік! Сен не мені туған күніммен құттықтамайсың ба не? Ааа? Давай кешке жұмысыңа кіріп алып кетем сені!



– Да нууу! Туған күніңмен братан! Болды какой разговор! “Cortezari”, жиһаз дүкені. Сағат жетілерде босаймын. Білесің бе қайда екенін?

– Охооо, білмегенде! Атақты итальяндық жиһаздар емес пе? Ну молодец бауырым, қуаныштымын, бәсеке болып менсінбей кетпе студенттік достарыңды!

– Қой бауырым, қайдағыны айтпай!

– Әзіл ғой! Дайын отыр, кешке алып кетеміз!

– Онда көріскенше!

– Мхм, давай бауырым, абайлап жүр!

Кешке қарай Беріктің үйінде отыздан астам адам шулап билеп туған күнді тойлап жатқан еді. Серік телефонына қараса, анасынан екі рет телефон қоңырауы келген екен. Музыка қатты ойнағандықтан, Серік анасына смс жазып жіберді:

“Мам бүгін Беріктің туған күні екен. Ужинға келмеймін. Кеш келемін”

Туған күнді тойлап отырғанда, кешкі онға қарай Серіктің телефонына смс келді. Эльмирадан екен. “Сәлем, қалың қалай? Қолың бос болса бүгін көріссек, қалай қарайсың?” Серік қуанып кетті. Туған күн туралы мүлдем ұмытып кетіп, далаға қалай шыққанын өзі де түсінбей қалды. Эльмира – Серіктің мектеп кездегі махаббаты еді. Қанша жыл өтсе де оның жүрегі Эльмира дегенде дір-дір ететін. Екеуі қыз бен жігіт болып жүріп көрмесе де, олардың ортақ достары екеуін бірін-бірі керемет толтыратын



жұп деп білетін. Серік Эльмираға телефон шалып, такси ұстап, Эльмираның есік алдына келді.

– Сәлем, Серік! Қалың қалай?

– Сәлем, жақсы, өзің? Не хабар?

– Сол жақында АҚШ-қа аттануым керек.

– АҚШ? Онда не жоғалтып алдың? Жұмыс бабымен ба? Қанша күнге? Қашан кетіп, қашан келесің?

– Жай жұмыс бабымен, келесі аптада аттанатын шығармын, сол сенімен көрісейін деген едім.

– Сағындым де онда?

– Ой ой ой!

– Ал мен сені сағындым!

– Шын ба?

– Мен саған бір де бір рет жалған сөйлеп көрдім бе?

– Ммм қайдан білейін? Солай шығар... Ал сенде не жаналық, Серік? Жұмысың қалай?

– Жұмыс орынша, жаңа ғана досымның туған күнінен келе жатқан едім.

– Аа, бәсе, неге тез келе қалды десем!

– Қойшы Эльмира, жүр одан да көше бойымен жүріп келейік, бүгін ауа-райы тамаша болып тұр.

Серік Эльмираны қатты сағынып қалыпты. Оның иіс суын қайта-қайта иіскеп, көзіне тіке қарап, Эльмираның ішкі дүниесін оқығысы келді. Ең қызығы, Серік қаншама рет түпсіз терең әдемі



көзге қараса да, ештеңе оқи алмады. Мүмкін содан болар, Серіктің Эльмира ғашық болып жүргені.

– Дала салқындап барады, осы үйдің ішкі жағында керемет кофехана бар, соған барайық,– Серік Эльмираның қолын ұстап кофеханаға кірді.

Екі дос бір-бірінен көздерін алмай, ұзағынан әңгімелесіп отырды. Әңгіменің көбісі екеуінің күлкісімен жалғасып отырды. Бір-бірін сағынып қалыпты. Серік кейде Эльмираның ерніне қараса, кейде оның ұзыннан төгіліп тұрған қара шашына қарайды.

Біраз уақыттан кейін Эльмираның телефоны шырылдайды. Бұрынғы жігіті екен. Телефонмен сөйлесіп қайда екенін, кіммен жүргенін сұрастырып жатыр. Эльмираның бұрында айтқан сөздерінен ол Серік туралы біраз естіген болатын. Бірақ ешқашан көрмеген. Нақты қайда отырғандарын біліп, қазір келетінін айғайлап айтып жатыр. Серік телефондағы барлық сөздерді анық естіп, Эльмираға үндемей қарап отыр. Не істеп, не дер екен деп, тағы біраз минуттай үн қатпады. Эльмира да тып-тыныш отыр.

Мен де өз ойыммен отырмын. “Еһ әйелдер ай, сендердің не қалап, не қаламайтындарыңды осы кім білсін? Кім түгілі өздерің де не қалайтындарыңды білмейтін шығарсыңдар! Тым болмаса, біздің сезімдерімізге қарсы бір қадам жасасаңдар, не болмаса, бір белгі берсеңдер, бізге қандай түсінікті болар еді! Еһ, кім білсін сендердің бастарыңда не болып жатқанын...”



– Жарайды, Серік, үйге қайтайық, кеш болды.

– Қайтсақ, қайтайық, жүр сені шығарып салайын.

Екеуі далаға шығып, жақында тұрған Эльмираның үйіне бет алғанда, оң жақтан біреу машина сигналын беріп, фарысымен жалт-жұлт етті. Серік оған мән бермей, Эльмираны жолдың екінші жағына дейін өткізіп салды. Әрі қарай екі-үш қадам жасай берген еді, сол машина жақтан біреу ысқырып, Эльмираны шақырды. Серік Эльмираға күлімдеп қарап:

– Қазір осында тұра тұр, сенің досың ішіп алған тәрізді, – деді де, Эльмираны құшақтап иісін бір иіскеді.

Жолдың бағанағы шетіне келіп, машинаға қарай беттеді. Капотындағы жігіт кілтпен сермеп отырып:

– Ей, сен ба, Серік деген?

–Иә, мен Серікпін, ал сен кімсің?

– Мен Эльмираның жігітімін, боқмұрын, ұқтың ба?

– Қателесіп тұрсың достым, сен бұрынғы жігітісің. Қазір оның басы бос.

– Қазір оның басы бос?! Кім айтты оны саған щегол десе? Мен оның жігітімін!

– Эльмираның мазасын алма, оның өз қалауы өзінде қалсын.

– Сен өзі қалай сөйлеп тұрсың, а? Мен Эльмира үшін шешім қабылдаймын, және мен шешем оның не істеп не қоятынын. Осыдан Эльмираға жақындаушы болма, ұқтың ба? Сен Эльмирамен осыдан кейін мүлдем сөйлеспейтін боласың, ұқтың ба мені?



– Мен ерікті адаммын және ешкім маған ешқашан нұсқау беруге қақысы жоқ.

– Мен саған қайталап айтамын: сен Эльмирамен бұдан кейін сөйеспейсің! – деп, екі қолымен Серіктің киіміне жабысып, басымен түрткілей бастады. Серік көп ойланбай оң қолымен жақтан салып жіберді. Жігіті шымырлау болу керек, бірден құламады. Жерге тізерлегендей болды да, ақырып тұрып Серіктің аяғының астына кіріп кеттіп жерге жығып салды. Екеуі апыр-топыр болып аунап, жұлқыласып жатыр. Төрт қол пытырлатып жан-жаққа кетіп жатыр. Серік жігіттің қойнынан шығып кетті. Екеуі жерден тұрып, бір-біріне атылайын деп тұр. Жігіт енді бір қадам жасап сол қолын сермеп қалған еді, Серік қолының астынан өтіп оң аяғымен жігіттің санынан жабыстырып жіберді де, оң жұдырығымен сұғып алғандай жақтан тартып жіберді. Қан жерге бұрқ ете қалды. Осы кезде Эльмира жүгіріп келді де екеуін арашалай бастады.

– Болды жетер енді! Серік қайт үйіңе! Серік терең әрі тез дем алып жатып:

– Эльмира, мен сені сүйемін ғой. Қалайша мына адаммен жүргенсің?

– Сенің сүйетініңді қайтейін, біз бұл адаммен тұрмыс құрамыз деп уәделескенбіз...

Сол сөзден кейін Серіктің жүрегі қанға толған болатын. Не дерін білмей, қызарған көздерін ғашығынан аулақтатып, көше жаққа қарай сәл ақсаңдап жол тартты. Сүйгеніне жай ғана естілер-



естілместей айтқан соңғы сөзі “Қош бол, жаным, қош...” болатын.

Смс #53

Жіберуші: Балам

Смс: “Қарызға \$10 000 бересіз ба?!)))”

... Көктемнің шуақты күндерінің бірінде Серік Данияны балабақшадан әдеттен тыс ерте алып кетті.

- Ағашка бүгін ерте келдіңіз ғой?
- Иә, біз қазір аттракциондарға барамыз!
- Ураааааа!

Парктің ішінде адамдар көп екен. Бұл жерде жасы сонау бірнеше айлық баладан бастап әрең-әрең жүрген шал мен кемпірлерге дейінгі түрлі-түрлі адамдарды кездестіруге болады.

- Ал, ботакан, қайсысына барамыз?
- Паровозик! Менің ең сүйіктім, ту-ту!!
- Ахаха жарайды кеттік!

Аттракциондардың түгелге жуығында ойнап болған соң, Серік Данияны далада орналасқан кафелердің біріне алып барды.

- Ал, ханшайымым сол, не тамақ жейміз қара қояннан басқа?
- Балмұздақ!
- Жоқ, бамұздақ болмайды, күн әлі салқындау, ауырып қаламыз, сосын басқа бұл жерге келе алмаймыз.
- Ааа иә, иә дұрыс айтасыз, ағашка! Үлкен адамдар шынымен де ақылды екен ғой!



– Ендеше дәмді пирожки мен ыстық шай ішейік, сосын үйге барамыз

– Жарайды ағашка!

Тамақтанып алған соң, парктің ішімен асықпай келе жатып лоторея ойынын байқап қалады. Дания Серікті түрткілеп:

– Ағашка, ойнайықшы!

– Бұл ойындар өтірік қой! Сенбей ақ қой ондайларға. Одан да саған шоколад алып берейін.

– Жоқ, ағашка, мен ойнағым келеді, теледидардан анау кезде көрсетті ғой, бір адам миллион ақша ұтып алғанын. Біз де ұтайық!

– Ал қоймадың ғой, жүр бағымызды сынап көрейік онда.

– Мынаны өшір, мынаны өшір және мынаны өшір. Қап шықпай қойды!

Осылай бірнеше рет ойнап, еш нәрсе ұтпағаннан кейін:

– Болды, Дания, кеттік үйге көрдің бе, түкте жоқ!

– Жарайды, соңғысын онда ойнайықшы, бірақ өзіңіз өшіріңіз.

Соңғы билеттен бір ғажап болып Серіктің лотореясына машина ілігеді. Серік қуанып, Данияны көтеріп аспанға лақтыра бастайды. Дания Серікке:

– Ааа, көрдіңіз бе, үлкендердің барлығы ақылды емес пе екен!

Серік билет бойынша компанияға келіп жүлделі машинасын алуға келген еді. «Киа» атты судай жаңа көлікті ұтып алыпты. Әңгіме барысында осы лотореяда осыған дейін басқа адамдар Мерседес көлігін ұтып алыпты. Бірақ олар жүлдені ақшалай



алғысы келген екен. Сонымен келісім шарт бойынша егер Серік үстінен \$10 000 қосып берсе, Мерседес көлігін алар еді. Серік бірден анасына смс жолдады:

“Қарызға \$10 000 бересіз ба?!))”

Үйге келіп, барлық мән-жайды анасына қуанып айтып берді. Анасы Серіктің ең жақсы көлік айдауын қалап, баласына келісімін берді.

Соңғы смс

Жіберуші: KCELL операторы

Смс: “Пропущено 108 звонков”

... Сағат түнгі он екі енді бола берген еді, Серіктің телефоны шырылдап кетті. Бүгін Серіктің туған күні. Түні бойы келген қоңыраулар мен құттықтау хабарламалары түн ұйқысын төрт бөліп, тәтті ұйқысын алған болатын. Таң атысымен кухняға барса, анасы мерекелік салат-тағамдарды жасап жатыр екен.

– Туған күніңмен, күнім сол! – деп, Айғаным баласын құшақтап құттықтап жатыр.

– Рахмет, мамочка! Сізді де мерекеңізбен! Мені дүниеге алып келген сіз болғандықтан, бұл сіздің де аса күткен ұлы мерекеңіз!

– Міне, мынау салатты жей ғой! Қазір жұмыстан қаласың. Қазір керекті заттарды қағазға жазып беремін, соларды жұмыстан кейін алып келе сал.

– Әрине, мам, бүгін түскі астан кейін үйге сұранып келемін.



– Байқа абайлап жүр, ременіңді міндетті түрде салып, машинаны ақырын айда.

Серік жұмысынан шығып керекті заттардың барлығын алып үйге келді. Үйде анасы мен Бақыт апай түрлі салаттар жасап, кешке тойлайтын дастархан жасап отыр екен.

– Осыншама тамақты не үшін жасап жатырсыздар?

– Кешке қонақтар келеді, туысқандармен отырып тойламаймыз ба? Әзірше барып үйді жинап қой.

– Бірақ мен кешке жақын достарыммен тойлаймын ғой!

– Достарыңмен әлі үлгересің. Онсыз да туысқандармен дастархан үстінде сирек кездесетін болғанбыз.

– Ой, қойыңыздаршы осы, туысқандар, туысқандар деп. Ішеді, жейді, кетеді емес пе? Мен әлі жақсы кафе іздеп, заказ беріп кетуім керек. Үлгермеймін ғой мама.

– Үлгересің, бар енді үйді тез жинап таста.

–Тууу, емае!

Үйді жинап болғаннан кейін Серік киініп жатқанда, анасы бөлмеге кіріп:

– Балам, бағана кукуруза мен салфетканы ала сал деп айтуға ұмытып кетіппін. Машинамен тез барып келе салшы.

– Ой мама, неге бағана айтпадыңыз! Енді қайтадан әрі-бері жүремін ба?

– Ештеңесі жоқ балам, бастысы қатты айдама, ременді салуды ұмытып кетпе.



– Осыдан кейін қалай қатты айдамайсың, и так то уақыт жетпей жатса!

Серік есікті тарс жауып, далаға шығып кетеді. Сағат кешкі жетіден асқан еді. Үйде Бақыт апай мен Айғаным апай ғана:

– Бақыт, мен өзі балама еш нәрсе алмаппын ғой! Күні бойы ас әзірлеумен жүрмін, сен әзірше дастарханды әзірлей тұрасың ба, мен тез жүгіріп барып сыйлық сатып алып келейін?

– Әрине жүгір-жүгір, өзім барлығын реттеп қоямын. Бағана саған балаң ренжіп кетті ғой, көңілін көтеру үшін жақсы сыйлық ал!

Анасы сауда орталығын аралап Серікке сыйлық іздей бастайды. Баласына не аларын білмей, шексіз көп заттардың арасында жоғалып кетеді: көктемгі жеңіл жемпір, галстук, сағат, ручка, портмоне, очки, сувенирлар, кітаптар... Біраз уақыт аралап әйтеуір ұнайтын шығар деген үмітпен әдемі коробкаға оралған сыйлықты алады да, асығып, үйге қарай жол тартады.

Серіктің телефоны қайта-қайта шырылдап, туған күніне айтылған қаншама құттықтау жылы сөздер қабылдап жатты. Көшеде ымырт басып, жолдың жиектері көрінбей, даланы жеңіл тұман ала бастады. Серік күліп әңгімелесіп отырған кезде, аяқ астынан оң жақтан қатты “Тарс!” еткен дауыс естіледі. Машинаның алдыңғы терезесі сол сәтте жарылып кетеді де, сақтандыру жастығы Серікке қарсы ашылып кетеді. Серік не болғанын түсінбей қалады, айналаның барлығы тұман, құлағы “зың” қағып, өз-өзіне келе алмай отыр. Мұрнынан қан ағып, шеке жағы сәл жарылыпты. Лезде куәгер болған адамдар жүгіріп



келіп, Серікті машинаның ішінен шығарып алады. Аз уақыттың ішінде есін жиып, айналасына қараса – бір адамды қағып кетіпті. Жан-жүрегі, бүкіл дүниесі жанып жатып айғайлап жатыр. “Жоқ, бұл мүмкін емес! Қалайша мен бір бөтен адамды қағып кеттім? Бұл түс болуы керек. Неге мен? Неге мен?” Айналада барлық заттар шашылып жатыр. Жақындап келіп қаққан адамын қараса – өзінің анасы екен... “Жооо жоооқ, бұл мүмкін емес, жоооқ...”. Серік тілін жұтып қойғандай болып еш бір сөз, еш бір дыбыс, еш бір үн шығара алмай отыр. Анасының аяқ астына құлап түсіп, дірілдеген қолдарымен анасын сипалап жатыр. Бір мезетте анасы сәл ғана көзін ашып, Серіктің қан аққан бетін көріп: “Құлыным... сол! Қаншама рет... айтқан едім ғой... айдағанда белдікті... тағып жүр деп!” – анасы баласынан көзін алмай, аянышты қарап, біраз жылап алып: “Қатты... жарақаттанып қалдың ғой, балапаным... менің”. Серік үн қата алмай отыр. “Жылама балам, ер адамдар көз жасын көрсетпейді. Сені туған күніңмен құттықтамадым да ғой!” – басын басқа жаққа бұрып бір нәрсені іздегендей болды да, қолымен жерде шашылып жатқан заттарға қанға сіңген саусағымен нұсқап көрсетті, “Болды, жылама балам, мен саған ақ көйлек сыйла... сыйлаға... сыйлағым келіп е-д-і...” деп, соңғы демін шығарды. Серік анасының алақаның қысып біраз отырды. Бетінен сүйіп, маңдайынан қайта-қайта иіскей берді. Анасы көрсеткен жаққа барып, әдемі қораптың ішіндегі ақ көйлекті қолына алды. Анасының қасына келіп, үстіндегі киімін шешіп, ақ көйлекті киіп алды. Анасының шашын ақырын сипалап



жатқанда, көйлектің қол жағындағы 14900 тг деп жабыстырулы тұрған қағазды байқады. Көзімен сол қағазға үңіліп қарап отырса да, ойымен мүлдем басқа жақта болған еді.

P.S Бір күні, кешке қарай, ең жақын үш достардың арасында кішігірім пікірталас басталған еді. “Қазіргі кезде жастардың ішкі рухани байлығы құрыған, құлақтарында наушник, тыңдайтындары әлгі клубтағы мағынасыз туң-туң-туң... Еш тәлім-тәрбие жоқ, ал оның орнына Бах немесе Моцарт болса ше? Қандай әуезділік, қандай музыка, қандай симфония! Менің ойымша классикалық музыкада өскен адам нағыз адам болады!” – деді бірі, актерлік ұзын шашын оң қолымен артқа сипап. “Солай де? Ал менің ойымша нағыз адам – ол табиғат адамы! Құстардың үнін естіп, бұлбұлдың сайрағанын жүрегінен өткізіп, орманның ішінде табиғатпен бір болып, тұтас болып өскен адамның рухани байлығы, адамгершілігі мол болады. Сиқырлы салқын жел соғып ағаштардың сырғалары ойнағанда, таудан мұздай өзеннің суы гүрілдеп аққанда – адам әуезділікті, симфонияны табады емес пе? Міне, сол әлемдегі ең керемет музыка!” – деді екіншісі ұзыннан кеткен қара сақалын сабырлы сипап. Үшіншісі сәл тұрып “Ей достарым, қазір дереу үйлеріңе барыңдар да, құлақтарыңды аналарыңның жүрегіне қойыңдар. Сонда сендер әлемдегі ең керемет музыканы да, симфонияны да табасыңдар...” деді. Бұл Серік еді...



Көркем Ыбрахым
Ғылым және технология мектебі, 2-курс

Тоғыспаған тағдыр жолы

Арман өз ойынан өзі шошынды. Маңдайынан еріксіз шығып кеткен ащы терді қол орамалымен сүртіп, әйнектен далаға көз жүгіртті. Аулада кішікене күшігімен алаңсыз ойнап жүрген көршінің кішкене ұлы Сәкенді көріп жабырқаған көңілі онан сайын кұлазып кеткендей. Жаңа ғана ойлаған ойын қайта есіне түсіріп. «Ойпырмай, Алла тағалаға жазған жерім жоқ еді ғой. Тым болмаса бір жапырақ етті қызғанғаны ма? Әкеден жалғыз болған соң жанымда бір тентектің жүргенін қалаған сорлы басым мына жалған дүниеден топырақ салар ұрпақсыз өтем бе, қалай?»

Жасы отызға да келіп үлгермеген жас жігіт өлім жайлы ойласа болды жан дүниесі шошып өзін қоярға жер таппайды. Өзімен өзі боп бөлмеде жалғыз отырған Арман өткен өмірінің қызығынан гөрі шыжығы көбірек сәттерін көз алдынан өткізіп, жұмсақ кереуетке қисая кетті.

Арман Данияр мен Қарлығаштың кұдайдан кұлшылық қылып жүріп көрген жалғыз ұлы болды. Басқа перзенттері болмағандықтан, тапқан таянғандарының бәрін қос қария осы бір түйір ұлдарына арнады. Айтқанын істеп, еркелетіп бетінен қақпай әлпештеп өсірген әке-шешенің еңбегін еш кетірмей, Арман да ақылына көркі сай жігіт болып өсті.

Оқуды жақсыға бітірген Арман, Астанаға жоғары оқуға құжат тапсырғандардың алғашқысы болды. Құжаттарын тапсыра салысымен, емтиханға дейінгі аралықта біраз уақыт барлығын есептеді де, ауылға тартып кетті. Бұрын шеше кұшағынан алыстап көрмеген соң, анасының иісін сағынып алып-ұшып келеді. Автобус аялдамасы үй жанында болғандықтан, баласының түсіп жатқанын сонадайдан көріп, шешесі байғұс мейір-шапағатқа толы сөздерін жаудырып бұған қарай жүгіріп келеді. Екі апта екі жылдай болған ана көзіне жас алып жылап та қояды. Шіркін десеңші, ана кұшағынан ыстық, ана кұшағынан керемет не бар екен дүниеде? Айнала қоршаған адамдардың бар



екенін бір сәтке ұмытқандай аналы-балалы екеуі құшақтасып көпке дейін сағышыштарын баса алмай біраз тұрды. Арманның келгенін Қарлығаштың жүгіргенінен сезіп соңынан ілесе жеткен Үмітай жеңгесі де: – Ойпырмо-о-й, апатай-ау, еңгезердей студент баланы соншама құшақтағаның не? Бәріміз де «поздравит» етейік те, – деп кеу-кеулеп қояды.

Әке жүрегі ұлын сағынып құшаққа тартқысы келгенімен, қолынан алған баласына жәй ғана мейірлене қараудан артыққа бара алмады. Жігіт болып қалған ұлын сырт көзге ұялтпайын деді ме, әлде сағынышын жасыра алмай қалам деп қорықты ма, бұрылып үйге кіріп кетті.

Сол күні Арман әлі оқуға түспесе де Данияр бір қойын сойып айналасындағы жақын-жуық көршілерін түгел шақырып, баласына үлкендердің ақ батасын алды. Жалғыз ұлының Астанаға барып адам болып, ел көріп, жер көріп келгеніне мақтанғандай Қарлығаш та қою қара шайды терлеп-тепшіп ішіп абысын-ажындарына пандана қарап қояды.

Ауыл үлкендері кеткен соң, онсыз да мектепті бітіргелі ауылда зерігіп қалған Арманның сыныптас достары бас салды. Түннің бір уақытына дейін тарқамаған жастарды анасының өзі келіп:

– Қарақтарым, Арманжан әлі ауылда он-он бес күн болады ғой, бүтін өзі

катты шаршады, енді тарқай қойыңдар,– деп, шығарып салды. Содан соң үйлерінің ол жақ, бұл жағын жиыстырып, жатар орындарын дайындады. Бес бөлмелі үйлері болғанымен Арман әке-шешесінен бөлек жатуға әдеттенбеген. Өзін бір иіскемесе ұйықтамайтын анасының көңіліне қарап басқа бөлмеге жатам деп айтуға ыңғайсызданатын.

Уақыт тым кеш болып кетсе де, Қарлығаш пен Арман оны-мұны айтып көпке дейін көз ілмеді. Арасында әкесінің қорылдағанына күлісіп, мазақтап қояды.

Ертесіне ертерек оянып кеткен Арман өзінің қалай ерте тұрғанына

таңданып әрі-бері дөңбекшіп жатса да, ұйқысы келмеген соң қайта тұрды. Апасының жоқ екенін көріп төсегін ұстап көріп еді, мұздап қалыпты, ертерек оянған болса керек. Киініп, тысқа шығып қора жаққа беттеді. Анасының ерте тұрып сиыр сауып,



таңертен әкесі екеуіне ыстық сүт беретін әдетін сағынған Арманның асқазаны шұрылдап кетті. Қораға жақындай бере ыңырсыған дауыс естігендей болды. Жүгіре басып қораға жетті. Қораның бір бұрышында бүрісіп ыңыранып жатқан шешесін көріп көзі атыздай боп қорқып кетті. Не істерін білмей көтеріп алып үйге келді. Ана бөлмеде жайбарақат теледидар қарап отырған Данияр кемпірінің жанұшырған даусын естіп: – Ойбай-ау, кемпір-ау, мұның не аяқ астынан? – деп зарлап қоя берді. Арман ауыл дәрігеріне жүгірді. Қайтып келсе, шешесі ойбайын бұрынғыдан да үдете түскен, қолды-аяқта тұрмай еңіреп жатыр. – Түнімен ішім сыздап ауырып жата алмадым, таңертең бір бүйірім тіпті

бас көтертпей жатыр екен. Арманжанды оятайын деп едім, түнде кеш ұйықтаған соң, шаршаған шығар дедім. Сиыр сауып олай-бұлай жүрсем тарқар десем, жанымды шығарып, қоятын түрі жоқ, ойбай-ай, – деп, шыж-быж болып, жағдайын қинала айтып жатқан анасын көріп Арманның үрейі онан сайын ұшты. Сөйтіп не істерге білмей, үрпиісіп тұрғанда ауыл дәрігері Ақан да жетіп келді. Тексеріп көрді де: – Ауданға алып кетпесе болмас, соқыр ішек жарылып кетсе, өте қауіпті. Түнде сәл ауырғанын айтқанда ғой, – деп басын шайқады. Оны естіп онсыз да есі шығып тұрған Данияр мен Арман дәрігерге бір, Қарлығашқа бір қарап жүректері қобалжып жандарын қоярға жер таппағандай күйде.

Сонымен Ақан дәрігер машинасымен Қарлығашты ауданға алып кетті. Арман да бірге барды. Аудан емханасы қаланың бір шетінде, ауылдың өзі бір жарым сағаттық жол. Шешесі бүк түсіп жаттыр, арасында ыңырсып қояды. Әлде тарқайын деді ме екен деп, Арман ішінен үміттеніп те отырған. Ақыры жетті-ау, әйтеуір. Расында да, Арман үшін емханаға жету жердің түбіне барудан да қиын болды. Келген бойда Қарлығашты жүгіре басқан ақ халаттылар операция үстеліне шығарып алып кетті. Ақан дәрігер де солардың соңынан ерді. Арман дағдарған күйі жалғыз қалды. Операция төрт-бес сағатқа созылды. Бір кезде хирург пен Ақан да көрінді. Бастары салбырап кеткен. Арман бірденені сезгендей жүрегі аттай тулап, қабағы тартып кетті.

– Арманжан, бекем бол! Қарлығаш ападан айырылып қалдық.



Операцияны жүрегі көтере алмады, – деп кібіртіктеп тұрған Ақан да, арқасынан қағып жұбатып жатқан хирург те көзіне бұлдырай көрініп бастырылып жатқандай күйде тұрған Арман өзін ұстай алмай жерге сылқ етіп отыра кетті.

Кеше ғана «құлыным» деп басынан сипап айналып-толғанып құшақтаған анасы, түнде ғана көзі ұйқыға кеткенше мейірінің бәрін үйіп-төгіп жанында отырған анасы жоқ дегенге қалай илансын. Кішкентайынан жанынан бір елі тастамай, махаббаты мен шапағатын бір өзіне ғана арнаған анасы тастап кетті дегенге қалай сенсін. Өмірінде жылау дегеннің не екенін білмей келген Арманның жанарының жасы дария болып ағып жатты.

Арадан екі күн өтіп Қарлығашты ақтық сапарға аттандырып қайтқан ауыл адамдарының аянышқа толы көздері Арманға ғана қадалып «байғұс-ай»деп тұрғандай. Өң мен түстің ортасында жүргендей халдегі Арман не істеп, не қойғанын да білмейді, даладағы қара құрым халықпен де ісі болмай, бір бөлмеге кіріп ап жер бауырлап жатты да қойды. Не сенерін, не сенбесін білмей дел-сал боп жүргенде арадан он бес күн өте шықты. Емтихан уақыты жақындады. Қайтсем де оқуға түсем деген арманы, Астанаға алып ұшқан жүрегі су сепкендей басылды. Тіпті оқуға баруға аяғы да тартпады.

Күн артынан күн, ай артынан ай жылжып апасының дүниеден озғанына жүз күн толған соң, үйге келіп кетіп жатқан кісі аяғы басылғаннан кейін жан-жағын қаумалаған ағайын-туыс Арманға «үйленбесең болмайды» дегендей ой тастап кетті. Бұл жайлы ойына келмегенмен, Арман әкесі екеуінің ғана қалғанын ойласа болды көңілі құлазып, есіне анасы түсіп екі көзі жасаурап шыға келетін. Оның үстіне қырық жылдан астам уақыт отасып, тағдырдың қызығы мен шыжығын қатар көрген кемпірінің аяқ астынан тастап кеткені әкесінің жанына қатты батып, жүрегі сыр беріп жүрген сыңайлы. Кілемнің бір шетінде ілулі тұрған апасының портретіне қарап, онын бұл жалған дүниемен қоштасып кеткенін жаңа білгендей кеудесін кере күрсінген Арман ішінен «қош бол, апашым» деп күбірлеп тұрғанын өзі де байқамай қалды.



Сөйтіп жүргенде қыстың бораны сейіліп көктем келгенін сездіргендей қар еріп, күн жылына бастады. Тірі адам тірлігін жасайды дегендей, күн жылынған сайын бұрынғы салған ойларының ұшын аға-жеңгелері қайта шығарды. Ол жайлы Арманның өзі де соңғы кезде көп ойланып жүрген. Өйткені, анасы кеткен соң көрші келіншек пен Үмітай жеңгесі сиырын сауысып, тамағын істеп беріп жүргендерімен, олардың да өз отбасы, бала-шағасы бар дегендей, үйлерін тастап бұларға қызмет көрсетіп жүргеніне қатты ыңғайсызданатын. Барлық жағдайды жан-жақты ойластырған Арман үленуді жөн көрді. Енді өзі білетін ауыл қыздарының ішінен болашақ жарын іштей іздестіре бастады.

Әсем қараторының сүйкімдісі. Қазіргінің қыздарындай қоқаң-соқаңмен ісі жоқ, жарымжандылау анасының көңіліне қарап ешқайда шыға қоймайтын. Сабақты өте жақсы оқығанымен қолдың қысқалығынан оқуға да бармай қалды. Әсем мен шешесі Қарлығаш (оның да есімі солай) ауыл шетіндегі екі бөлмелі шағын шатырсыз үйде тұратын. Үйлі-жайлы болған екі ағасы «өз күндерін көру» үшін қалаға көшіп кеткен. Шешесінің жалғыз сүйеніші болып отырған Әсем бұған келісім бере ме, жоқ па ол жағын ойлап жатпастан Арман баруға бел буды. Сол күні Әсеммен сөйлесу үшін жанына Қасымды ертіп алды да, ауылдың шетіне қарай аяңдады. Ішінен көңілімді қайтарып тастай ма деп те күдіктеніп қояды. Сөйтіп келе жатып қыздың үйіне қалай жеткенін де сезбей қалды. Өзі тыста қалып Қасымды Әсемге жіберді. Арадан көп уақыт өтпей-ақ Қасым, соңынан Әсем көрінді. Қасымның еркінсіп жүргені Қарлығаш апай Қасымның әкесіне қарындас болып келетін, Әсемді жиенім деп жақын тұтушы еді.

Күлімсірей Арманға жақындаған Әсем:

– Сәлем Арман, халің қалай?– деп сыпайы амандасты. Мектепте бірге

өткізген балалық шақтарын еске алып біраз тұрған соң, Қасым екеуін жалғыз қалдырайын деді ме, сылтау айтын кетіп қалды.

Бірнеше минутқа созылған үнсіздіктен соң, тамағын бір кернеп алып Арман сөз бастады:



– Әсем, есінде ме, мен саған хат жазған едім ғой?– деп қалды да, аузына жөні түзу сөз түспегеніне қысылып қалды.

– Иә Арман, есімде. Есімде, бір рет хат жаздың да, хабарсыз кеттің. Мен

сені олай деп ойламаған едім, – деп ағынан жарылған Әсем бар ойын ақтарып салды.

Ал, саған керек болса, енді бұған не дерсің? Бәтеңкесімен жер шұқыған Арман не дерін білмей біраз тұрды. Не десін? Оқуға баратын болған соң «қызы құрсын» дедім дей ме? Әрең дегенде бір сөз шықты-ау әйтеуір: Мен... арадан көп уақыт өткенін білем, сен де мені түсінерсің деп ойлаймын, менің жағдайымды. «Байтал түгіл бас кайғы» дегендей..., – деп, тілін тістеп қалды. Қап құдай-ай, әкесінің көп қолданатын осы бір сөзі қайдан аузына түсе қалды? Қыз енді ашуланатын болды. Ашуланбағанда ше, біреу сені байталға теңеп тұрса және ол сөз салып келіп тұрған жігіт болса.

Әсем жігіт сөзіне мән бермеді ме, әлде көңіліне алса да білдіргісі келмеді ме, үндемеді. Екі жастың өзара әңгімесі екі-үш сағатқа созылды. Соңы келісіммен біткендей болды.

Иә-ә, дәл сол жылы, шешесінің жылы өтісімен Арман Әсемді үйіне алып келді. Бұл күні Даниярдың қуанышында шек болмады. Біресе күледі, біресе жылайды. Бұлардың тойларына ағайын-туыс, ауыл-аймақ түгел тілеулес болып еді... Сол бір күндер Арманның ең бақытты күндері екен-ау.

Осы тойдан соң араға төрт-бес ай салып әкесі де кемпіріне ілесіп кете барды. Енді ғана бой тіктеп, ес жинағандай болған Арман тағдырдың бұл сынына да төзіп бақты. Қиналғанын сездірмейін десе де, кейде ата-анасының бірге жүрген құрдастарын көргенде көңілі жабырқап, марқұм әке-шешесінің аруағымен тілдесетін: – Неге ғана осы маған Арман деп есім бердіңдер, а? Әлде өмір бойы қызығын көре алмай армандап өтейік дедіңдер ме? Неге ғана Бақытжан деп қоймадыңдар, неге Қуаныш деп, Жайнарбек деп атамадыңдар? Тіпті болмаса Ермек демедіңдер, неге?

Арман осы болып жатқан қайғының бәріне өзінің атың кінәлі деп есептейтін. Өз есімін өзі жек көретін.

Әкесі дүниеден өткен соң отбасы ауыртпалығының барлығы Арман мен Әсемнің мойнына түскен болатын. Алдағы өмірді



жаңаша бастаймын деген ниетпен, Әсемнің анасын үлкен ұлының қолына апарды да өздері де ауылдағы үйді сатып, қалаға көшіп келді. Міне, содан бері де бес жылдан асып, алтыншы жылға қадам басыпты. Өзі де, Әсем де жұмысқа тұрып жақсы жайласып кетті. Ештеңеге алаңдайтын жайы жоқ, тек бір ғана арманы алты жылдан бері перзентті бола алмағандығы еді. Жаңағы көршісінің ұлын көріп көңілі бұзылып тұрғаны да сол үшін.

Бүгін демалыс болатын. Заводтың жұмысы аса қиын болмаса да демалыс сайын өзгелер секілді көшеге шығып қыдыруды әдет қылмаған. Одан теледидар қарап үйде отыруды мақұл көретін. Мұнысы Әсемге ұнамайды. Әйел емес пе? Шешесінің үйіне барып, көшеге күйеуімен қолтықтасып шыққысы келеді. Сол үшін жанжалдасып та қалады. Бірақ, Арманды өзгерте алмайды. Өзі үйдің жанындағы мектепке вахтер болып орналасқан еді.

Өз ойымен өзі болып отырғанда Әсем де жұмыстан келді.

– Уһ, шаршап кеттім. Әлі үйде отырмысың? Ішің жарылып кетпей ма,

осы? Неге көшеге шығып апамдардікіне барып қайтпайсың? Үнемі сені келмейді деп өкпе айтады. Түрлі сылтау айтып құтылам, – деп сұрағы мен өкпесі аралас сөздерін жаудырды-ай келіп. Арман үндемеді. Үндемеген күйі асханаға барып тамақтанды.

– Немене, томсырайыш отырсың? Білем, тағы да сол бала ойлап отырғаның. Егер бала тумады деп кінәлай беретін болсаң ажырасайық. Жетер енді осылай өмір сүргенім. Қашан қарасаң үн-түнсіз томсырайып отырғаның. Не адамға ұқсап әңгіме айтпаймыз, не қол ұстасып бірге жүрмейміз. Тек қана жұмыстан өзге қызық та қалмады өзі. Жоқ әлде, әлде... Әсем жылауға шақ қалып тұр. Не дейтіні белгілі, өзге біреуің бар ма демекші ғой.

– Ау, неге үндемейсің? Мына үнсіздігіңнен маңдайымнан ұрғаның жақсы

ғой, – деп, тағы бірденелерді айтып жатыр еді.

– Әй, қоясың ба, жоқ па? Мен не істедім саған, а? Атаң демесем, анаң



демесем, ұрмасам, соқпасам, неге сонша кеп бажылдайсың? Әй-й...., – деді де, киініп шығып кетті.

Үй жанындағы сыраhanaға барып екі-үш бөтелкесін босатты. Ойлап қараса Әсемдікі де дұрыс. Айып екуінде бірдей, үміт бар деген дәрігер сөзіне иланса, аз шыдаса, балалы болуы да сөзсіз ғой. Неге өзін-өзі кері тарта береді? Әсемді тек әйелі ретінде сыйлайтындығы болмаса, шын жүрегімен сүймейтіндігіне анық көзі жеткендей. Ойы онға, қиялы қырыққа бөлініп үйіне сүйретіліп әрең жетті. Келді де диванға шешінбеген күйі құлай кетті. Ертең жұмыс күні, ерте тұруы тиіс.

Таңертең әдеттегіден де ертерек тұрып жуынып, киінді де нәр татпастан шығып кетті. Әсем жұмыс орны жақын болғандықтан кешірек оянатын. Арман үйден шығып, аялдамаға жақындағанда алдында кетіп бара жатқан қызға көзі түсті. Студент болса керек. Ерте бара жатқанына қарағанда көрші қалада оқитын сыңайлы. Үстіне бар мүсінін көрсетіп қойғысы келгендей жұқа ақ кофта мен ақшыл түсті шалбар киіпті. Әлгі қызды тамашалап келе жатып аялдамаға қалай жеткенін де сезбей қалыпты. Бір қызығы жаңағы әдемі қыз да осының жұмысына баратын автобуска мініп жатыр. Қыз жанындағы бос орынды көрді де, ештеңеге қарап жатпастан қасына барып отырды. Бұрын-соңды көрмеген жан болған соң сәлемдесудің де ретін тап-пады. Ал қыз болса автобус терезесінен жазық далаға қарап үнсіз отыр. Арман істейтін зауыт қалаға жарым сағаттық жол. Барам дегенше біраз уақыт бар, танысып әңгімелесе жол қысқарар ма еді. Арман қазір жиырма төрттен жиырма беске аяқ басты. Басынан біраз оқиғалар өтті, әйелі бар демесең нағыз жігіттің жалындап тұрған шағы емес пе? Оның үстіне келіскен келбеті, қою қара қасы мен күлім көзі, қыр мұрыны мен шекелете қайырған қап-қара шашы да қандай қызды болмасын бір қаратпай қоймайды.

– Сағат қанша болды екен айтпайсыз ба?

– Сағат алтыдан жиырма кетті. Заводқа дейін қанша уақыт жүреміз, өзі?—деп сұрақ бере жауап қатты қыз.

Бұл Арманға өте қолайлы болды. Қуанғаннан күлгісі келді. Білдірмейін дегендей қолымен аузын бір сүртіп алып.



– Қала мен заводтың арасы жарты сағаттық жол. Барған соң нарядты қабылдаймын дегенше он-он бес минут кетеді, сонымен ровно сағат жетіде жұмысты бастап жібереміз,— деп қызға қарап жымыды.

– А-а,-деп үнін сәл созып алды да, ал, сіз қайсы цехта істейсіз Арман қалжыңдағандай «нөмірі екінші цехтың белгілі жұмысшыларының бірі – Арман Данияров,— деп қолын ұсынды .

– Ал мен жұмысқа енді ғана тұрдым. Жолдама алғанымға үш апта болса да, медкөріктен өтуім көпке созылып кетті. Есімім – Алтынай.

- Мектепті бітірген бойда жұмыс істеуді жөн көрдіңіз бе? Неге оқуға бармадыңыз? Сұрарын сұраса да өзі ыңғайсызданып қалды. Енді танысып отырған адамға соншама нығарлап сұрақ бергені несі, ұят-ай.

– Иә-ә,— деп,басын изеп Алтынай қайтадан терезеге қарап ойланып қалды.

– Алтынай, сұрақтың астына алғанымға кешір. Сен дей берсем болатын шығар? Танысқанымға өте қуаныштымын,— деп өз қылығын жуып-шайды.

– Арман аға, білесіз бе, енді бірге жұмыс істейді екенбіз. Мені де екінші цехқа жіберді. Мен енді сізге әріптес боламын,—деп күлімсірей қарады. Күлімсірегені өзіне қандай жарасады. Мұндай әдемі қызды бұрын қалай көрмеген деп іштей ойланып кеткен Арманның есіне кенеттен әйелі бар екені түсіп кетті. Манадан өзін еркін ұстап отырған жігіт енді қипақтаңқырап қалды. Автобус завод аялдмасына келіп тоқтағанда, Арман әлі ой үстінде еді.

– Оу, аға түспейсіз ба? – деген қыздың дауысынан селк ете қалды да,

– А? Иә, иә түсем ғой, – деп өз қылығына қысылып автобустан түсті.



Сол күннен бастап Алтынай Арманмен бірге жұмыс істей бастады. Сол күннен бастап Арманның күңгірт күздей бір қалыпты қарапайым өмірі шуақты жаздай жадырады. Екі күн істеп екі күн дем алатын Арман жұмыс күнін асыға күтетін болды. Онсыз да аралары суысып кеткендей болып жүрген Әсем бейнесі жүрегінен мүлдем алыстап кеткендей.

Бүгін ерте тұрып, аялдамаға бұрынғыдан да ертерек келді. Көктемнің соңы болғандықтан, таң ерте ағарып, көшеде жұмысқа шыққан жандар қыстағыға қарағанда көбірек. Аялдамада бес-алты кісінін сұлбасы көрінді. Арасынан Алтынай көріне ме деп қарап еді, көре алмады. Әлі келмеген болса керек. Алтынайдың келуін тағатсыздана күтті. Неге екенін өзі де білмейді, осы кезде Алтынайды көру Арман үшін үлкен бір бақыт тәрізді.

"Сәлем", – деп күлімдеп келе жатқан Алтынай ертегілердегі перінің қыздарындай болып көрінді.

Алтынайға сүйсіне қарап тұрып: «Мені құдай ұрышты. Мен осы ғашық боп қалғаннан саумын ба?» – деп, өзіне-өзі күбірледі.

Арманның тесіле қарағанына ыңғайсызданған Алтынай не істерін білмей қол сөмкесін жерге түсіріп алды. Арман оның қысылғанын сезіп, өз бойын тез жинап ала қойды. Оны-мұны айтып, біраз тұрған соң автобустары да келіп, Арман мен Алтынай күндегі орындарына жайғасты.

Жұмысқа келген соң да Арман ой үстінде жүрді. Жұмысы да жүрмей, есіне Алтынай, одан соң Әсем түсіп дегбірі қашып, түрлі ойлар келіп мазасы кете берді. Алтынайды ойламайын деп қанша ұмтылғанымен сезімі еркін билеп алды. Алтынайға бар шындықты жайып салғысы келді. Өйткені осылай қиналып жүргенде арадан екі ай зулап өте шыққан еді. Қашанғы жасырмақ сырын, әйелі бар екенін бәрібір біліп алады ғой. Арман бір шешімге келгендей болды. Әйелі бар екенін әзірше айтпай тұруды жөн көрді. Алтынайдан айырылып қалам ба деп қорықты. Әсем бәрін түсінер, ажырасатынымыз жанына батса да түсіністікпен қарар деген оймен Алтынайға өз көңілін білдірмекші болды.

Үзіліс уақытында екеуі асханаға барды. Екеуінің бірге жүруі өзге жұмысшылардың көңілдерінде сезік ұялатуы мүмкін екені Арманның ойына кіріп те шықпады. Түстеніп қайтқан соң, Арман



Алтынайдың жанына барып жәйлап қолынан ұстады. Қыз қолын тартып еді, жібермеді.

– Жібермеймін, Алтынай, қолыңды. Жібергім келмейді. Өле-өлгенімше

осы қолдардың жылуын сезініп өтсем деймін. Өзінді көрген күннен ауру болдым мен, сенесің бе? Сені ойлаумен таңым атып, күнім батты. Түсіне аласың ба?

Арман ағынан жарылды. Жүрегіңдегі ешқашан айтылмай кетер ме деген ғашықтық сөздері өзіне де белгісіз бір толқумен қызға жетіп жатты. Не дер екен, меселімді қайтармас па дегендей Алтынайға үмітті көздермен жалбарына қарады.

- Арман аға, сіз мен жөнінде ештеңе білмейсіз ғой. Есіңізде ме, мені

алғаш көрген сәтте неге мектепті бітірген бойда оқуға бармай жұмысқа тұрдың деп сұрағаныңыз. Сол сұрағыңызға енді жауап берейін. Менің жасым жиырма үште. Денемнің кішкенелігіне карап жұрттың бәрі мені жас қыз деп ойлайды. Мектепті бітірген соң өзім туған қаладағы техникалық білім орталығына құжат тапсырып емтиханнан да жақсы өтіп студент болдым. Әкешемнің де, өзімнің де қуанышымда шек жоқ. Емтиханнан жақсы өткенімізді атап өту үшін жолдастарымызбен барып мейрамханаға тапсырыс бердік. Кеш өте көңілді өтіп жатқан. Жанымдағы бірге барған құрбым әрі көрші қызым Нәзира мазам болмай отыр кетем деп болмаған соң жалғыз жіберудің ретін таппай ере шықтым. Ойымда ештеңе жоқ әрнені айтып күліп келе жатқам. Жанымызға келіп жеңіл көлік тоқтады да ішінен бес-алты жігіт шығып бізді машинаға қарай сүйрей жөнелді. Араларынан танып қалғаным Нәзираның үйіне келгіштеп жүретін нағашы ағасы Естай. Нәзираға карап бар бәленің содан келгенін сездім. Әй-шайға қарамай, еңгезердей алты жігіт алып ұрып машинаға тықты. Жылап жалынып жатырмын, қорқытып жатырмын, тындайтын түрлері жоқ. Сөйтіп мені Естайдың үйіне алып келді. Бар мұң-зарымды төгіп үлкендерге де түсіндіріп жатырмын. Олар да түсінбейді. Қойшы сонымен, соңымнан келген аға-жеңгелерім де: «Қайтып келген қыз жаман» деген қарағым, орынды жер, жақсы адамдар, оқытамыз деп отыр, бізді жерге қаратпа– деп, ақылдарын айтты да тастап кете барды. Ақ



желектің астында ойламаған жерден келін атанып мен қала бердім. Келіндік салтына да өзге үй, жат адамдарға да ептеп үйренісе бастадым. Алайда, сүймеген жанмен бірге болу мен үшін қиынның қиыны болды. Әке-шешем әр келген сайын жылап қарсы алып, жылап шығарып салатынмын. Ал олар болса бар білген ақылдарын айтып жұбатып кететін. Сөйтіп жүргенде аяғым ауыр екенін сездім. Бір жағынан қуансам, бір жағынан ренждім. Қуанғаным – балалы болсақ, Естайды жақсы көріп қалатын шығармын деп ойлады. Ал ренжігенім – басталуына аз уақыт қана қалған оқуымның жайы не болатынын уайымдадым. Қиналып жүріп оқуымнан да қалмадым. Ата-енем де жағдайымды түсініп асты-үстіме түсумен жүрді. Арадан айлар өтіп дүниеге ұл алып келдім. Жүректері жарыла қуанып жүрген атам мен енem немерелерінің есімін Қуаныш деп қойды. Естай көп ішетін. Ұлды болдым деп ішуін одан сайын үдетті. Сол ішуі түбіне жетті. Арақ ішіп жүріп таяққа жығылып, бес ай емханада жатып қайтыс болды. Онда ұлымыз бір жарым жаста болатын. Сүймеген болсам да үш жылдай бірге жасаған күйеуім, баламның әкесі ғой деп, қаралы әйелдің салтын жасап жылап-сықтап жүріп Естайдың жылын өткердім. Содан соң ата-енем менің жас екенімді ойлады ма, ризашылықтарын білдіріп, өздері үлкен ұлдарының қолына көшіп кетті. Оқуымды бітірген соң мамандығым бойынша жұмыс табылмай бір шағын кафеге даяшы болып орналастым. Табысым мен балама алатын зейнетақы ішіп-жеуімізге артығымен жетпесе де, ел қатарлы күн көріп жүрдік. Біз тұрған үй абысынымның атында болатын, қайынағамның басына іс түсіп жағдайлары болмай үйді сататынын айтып ескертті. Мен не айтайын, баламды құшақтап бұл да маған Құдайдың көрсеткелі тұрған бір сыны шығар деп, әке-шешемдікіне бардым.

Ата-анам үлкен ағаммен бірге тұратын. Әке-шешем, аға-жеңгем, олардың үш баласы және оның үстіне біз келіп қосылдық, барлығымыз ұядай үш бөлмелі пәтерде тұрып жаттық. Үш-төрт ай сонда тұрдым да, ағамның көмегімен осы жұмысқа тұрдым. Одан Қуанышымды балалар бақшасына беріп, бөлек пәтер жалдап шықтық. Сөйтіп жасап жатқан жайым бар Арман



аға, ал сіз мені мектепті жаңа бітірген жас қыз деп ойлайсыз, – деп Алтынай жымыя көз тастады.

Манадан Алтынайды тыңдап үнсіз отырған Арман орнынан қозғалып Алтынайдың жанына жақынырақ отырды да: – Алтынай, ал сен мен жайында не ойлайсың, а?

– Сіз менен бірер жас үлкен болсаңыз керек. Бірақ, мені жас қыз деп

ойлап сөз салғаныңызға қарағанда, әлі өмірдің ащы-тұщысын көрмеген, сұр бойдақсыз-ау деп шамалап отырмын. Арман мырс етіп күлді де онысына өзі ұялып қалды.

– Бірер жас үлкен екенімді дұрыс айттың, бірақ, өмірдің ащы-тұщысын

көрмеген бойдақ дегеніңіз жаныма жағып кетті. Өйткені, дәл солай болуын қалар едім. Өкінішке орай олай емес. Оқуды бітіріп жоғары оқу орнына құжат тапсырып келген күні ойламаған жерден анамнан айырылып қалдым. Соқырішегі жарылып кетіп, уақытында емханаға жеткізе алмай қалдық. Содан кейін, әкем екеуміздің жайымызды ойлап өзіммен бірге оқыған бір қызды ала салдым. Қырсық бір айналдырса шыр айналдырады дегендей, араға төрт-бес ай салып, шешемнің соңынан әкемді де жөнелттім, жүрек талмасынан. Қазір әйеліммен бірге осы қалада тұрып жатырмын. Отасқанымызға алты жылдың жүзі болса да әлі перзент көрмедік, ал, Алтынай қарындас, өмірдің ащы-тұщысын көрмеген бойдақ жігіттің өмірі қалай екен,– деп Алтынайға қарап еді, аңырап отырған сүйкімді еріндеріне көзі түсті. Әуестене құмартып сүйіп алар ма еді, Алтынайдың сұрағы тоқтатты.

– Қазір әйеліңіз қайда?

Қиял құшағында отырған Арман басын жедел көтеріп есін жиып алды.

– Үйдің жанынадағы мектепке вахтер болып істейді. Есімі – Әсем.

Құдайдай шынымды айтайын, Алтынай, мен оны сүймеймін, рас әйелім ретінде жақсы көрем, бірақ сүймегенмін. Махаббаттың не екенін сені көрген соң сезінгендеймін. Мен саған ғашық болып қалдым, сенесің бе, Алтынай, сені көргелі ауру болдым. Жатсам да тұрсам да ойлағаным сен. Әсем мені түсінеді. Ол жақсы әйел.



Мен онымен ажырасам, Алтынай, менімен бірге болуға уәденді беремісің?– деп өзін ұстай алмай Алтынайды құшақтап сүйе бастады. Жүректері лүпілдей соққан екеуі өзгенің бәрін ұмытып, аймаласа берді. Бір кезде Алтынай Арманды тоқтатып, жан-жағына алаңдап ешкім жоқ па дегендей қарап алды да, оқыстан сұрақ тастады.

– Арман, Әсем ше? Әсем не болмақ? Сен сүймесең, мүмкін, ол сені сүйетін шығар. Оның да жүрегі бар емес пе? Қалай ғана өзіміздің жүрегімізді ойлап, өзгенің жүрегін ауыртамыз. Алты жылдан соң, мен сені сүймеймін, басқаны сүйемін деп қалай айтасың, а? Ажырасам десең де қарсы болуы мүмкін ғой.

– Алтынай, мен онымен бүгін-ақ сөйлесемін. Ол бәрін түсінуі тиіс. Сен

уайымдама, жаным, мен оған бәрін түсіндірем,– деп ағынан жарылып шынын айтты.

Сөйтіп бүгін жұмыстан бір шешімге келгендей үйлеріне қайтты. Арман Алтынайды шығарып салып үйге кеш оралды. Тамақты қайта-қайта жылытып, Арманды асыға күтіп жүрген Әсемнің жүрегі қобалжулы. Сағатқа оқтын-оқтын қарап дегбірсізденіп жүр. Есік қоңырауы басылғанда сасқалақтап қолындағы шәйнегін төгіп ала жаздады.Өзін-өзі зорға ұстап есікті ашты.

– Келдің бе? Кешіктің ғой, дастарқан жазғанымға екі сағат болды,– деп

ренішін білдірді. Арман үндеместен ішке кіріп, жуынып-шайынды да, тамаққа отырды. Тамақтанып болған соң Әсемге әңгімені қалай бастарын білмей балконға шығып үйге қайта кірді. Әсем бал-бұл жанған қуанышты көңіл күйін жасыра алмай Арманға жақындады. Бұрын мұндай қылығын көрмеген Арман : “Не болып қалды? – деп сезіктене қарады.

– Арман, мен өзім де сезіп жүрген едім. Бірақ, бүгін анығын білмеген соң... дегенде Арманның жүрегі су ете қалды.

– Анығына жетейін деп, бүгін дәрігерге барсам, ”ішінде бір айлық бала бар” деді. Қуанғанымнан айғайлап жібере жаздадым.

Арман не қуанғаны, не қапа болғаны белгісіз дел сал күйде сылқ етіп отыра кетті. Күйеуінің бұл қылығын қуанғаны деп түсінген Әсем Арманды құшақтап алды.



– Арман біз балалы боламыз, ата-ана боламыз. Перзентіміз болады,—деп жылап жіберді. Арман да әсемді құшақтап аңырап отыр.

Ертең түнгі кезекке шығады. Алтынайға не айтады. Кешегі сөзі анау, бүгінгісі мынау деп ренжитін болды- ау. Жұмысқа барған бойда Алтынайға Арман болған жайды баяндап берді. Ішкі жан дүниесінің арпалысын сездірмеген кейіппен Алтынай : – Құттықтаймын, Арман аға! Енді маған аға болып қалатын болдыңыз. Бақыт тілеймін,— деді де, теріс айналып кетті. Арман үнсіз қалды...

Сол күні Арман бастығының алдына барып басқа цехқа ауыстыру туралы өтініш жазып қалдырып кетті. Күндер зулап өте берді. Алтынай екеуі кездесіп қалса бас шұлғып амандасудан әріге бармай өздерін бейтаныс адамдарша ұстауға тырысты. Әсемнің де босанатын уақыты жақындады. Бұл күндері Арман Әсемнің бар жағдайын жасап, Әсем де жарының қас-қабағын бағып өзге отбасылар сияқты бір қалыпты күн кешуде. Алайда Арманның жүрегінен Алтынай қалдырған із кете қоймады.

Бірде жұмыстан қайтып келе жатып Алтынайдың да автобуска мініп жатқаньш көрді. Алтынай да мұны көріп сәлемдескен болды. Автобустан түскен соң да көздері Алтынайды іздеумен болды. Бір қараса Алтынайдың соңынан ілесіп келеді. Мұны байқаған Алтынай үйіне жақындағанда артына бұрылып, сәл кідірді. Арманды күтіп тұрған сыңайлы. Үнсіз ұғысқан екеуі үйге кірді. Алтынай ас үйге кіріп шай қойды. Әңгімелесіп біраз отырған соң, Алтынай Қуанышты балалар бақшасынан алатынын айтқан соң Арман қайтуға беттеді. Екеуі қимастықпен қоштасты.

Үйге келсе Әсемді толғақ қысып шыдай алмай жүр екен. Арман не істерін білмей, көрші үйдегі келіншекті, одан жедел жәрдем шақырып әбігерге түсті. Емханаға жеткен бойда-ақ Әсемді босануға дайындап алып кетті. Әйелі босанғанша тапжылмастан емхана алдында тұрған оған біреулер күле қарайды. Олармен мұның ісі де болған жоқ... Арадан көп өтпей-ақ медбике қыз келіп сүйінші сұрады. Әсем амана-есен қыз босаныпты.



– Әйеліңіз де, қызыңыз да жақсы. Мен қазір сізге не керек екенін жазып

берейін, соларды алып келем дегенше біз оны палатаға шығарамыз,— деп қуантып тастаған қызға алғысын жаудырып енесінің үйіне жүгірді. Екі сағаттан соң Әсемнің шешесін ертіп, жазылған дәрілерді, тамағын алып қайтып келсе, Әсемді палатаға шығарыпты. Тіпті қызын да қолына беріпті. Ештеңе болмағандай әлденені айтып терезеден бұларға күліп қояды. Арман Әсемді жақсы көріп сүйсініп кетті. Бұл Арман бойында алғаш оянған әкелік махаббаты еді.

Арадан бір жұма өткен соң Арман келіншегі мен қызын үйге шығарып әкелді. Қандай тәтті еді нәрестенің иісі, бұл дүниенің бар байлығы мен бакыты осы иісте жатқандай. Сәбилерінің есімін Үміт деп қойды. Жылдар бойғы сөнбеген үмітінің жемісі ғой бұл. Бір апталық қызылшақаны емірене иіскеп отырған Арман «сен менің Үмітімсің, мәңгі сөнбейтін үмітімсің» деп күбірледі. Әкесінің дауысын есітіп, түсініп жатқандай кішкентай Үміт зорға ашылатын көздерін сығырайта қарап, тілімен еріндерін бір жалап қойды да, қайта ұйқыға кетті.

Арман мен Әсем өмірінің жайма шуақ жазы енді келгендей. Алтынай бейнесі де Үміттің туылуымен бірге ұмытыла бастағандай еді. Өйткені, қызы туылған соң Арман бір ай демалыс алып үйде болды. Жұмысқа шығатын уақыты жақынлаған сайын қобалжумен жүрген Арман Алтынайды көрсе өзін-өзі ұстай алмай қалатындай сезінетін. Көрмейін деп тырысқанымен, бірге жұмыс істеген соң кездеспеу мүмкін емес. Көрсен болды жүрегі аттай тулап шыға келеді. Арман өзіне түсіне алмай әлек. Әйелімен де жаман тұрмайды, жұмыстан шыққаннан үйіне, қызына жеткенше асығалы, ал Алтынайды көрсе бәрін ұмытып, оны құшақтап сүйгісі, сөйлесіп дауысын естігісі келеді. Сол үшін де көзіме көрінбесе екен деп тілейді.

Жұмыстан соң үй жанындағы дүкеннен үйге керекті заттарды алып келсе, есікте қағаз ілулі тұр: «Арман, Әсемді емханаға алып кетті. Үміт біздің үйде. Жанар».

Түкке түсінбеген күйі көршінің үйіне жүгірді. Келсе Жанар шырылдаған Үмітті жұбата алмай әлекке түсіп жүр екен. Көрші Жанар:



– Әсемнің бір бүйрегінен приступ беріп жедел жәрдем шақырған едік, ауруханаға апармаса болмайды деп, алып кетті. Үмітті мен алып қалдым. Енді не істейміз?- деп қиналып жатыр.

Арман Жанардан және біраз балаға карай тұруын өтінді де, өзі жүгіріп ауруханаға кетті. Таксиде келе жатып ойы әр түрлі жаққа кетті. Есіне шешесінің өлімі түсіп онан сайын зәресі ұшты. Ауруханаға келсе, Әсемді жатқызып қойыпты. Дәрі екен екен тынышталып ұйықтапты. Арманнан бас дәрігер кабинетіне кіруді өтінді.

– Сіз Арынованың күйеуісіз ғой?

– Иә, иә мен күйеуімін, есімім– Арман.

– Бір бүйрегі істен шыққан. Екіншісіне де өтуге сәл қалыпты. Өзі жас босанған екен. Әдетте мұндай науқастар балалы болған кезде байқалуы керек еді. Соған қарағанда үмітіміз бар. Қазір облыстық ауруханадан дәрігер шақырттық. Қалғаны сосын белгілі болады.

Дәрігер бір күрсініп алды да, түрі қашып мазасызданып тұрған Арманға аянышпен қарап «енді күткеннен өзге шара жоқ» дегендей орындығына отыра кетті.

Ауруханадан салы суға кетіп шыққан Арман өзін өмір бойы жолы болмайтын бақытсыз жандай сезінді.

– Ей, Құдай! Осындай күйге түсірердей не жаздым саған? Әлі де маған көрсетер азабың таусылмап па еді? Үмітімді шырқыратып Әсемді ауыртқанша, келтіретін тауқыметінді маған- ақ келтірмеймісің? Арманның өксіп жылағысы келді. Бірақ көзінен жас шықпады. Жүрегі шаншып, көзі қарауытып кетті. Ол қатты шаршаған болатын. Аурухананың алдындағы орындыққа барып отыра салысымен, көзіне ұйқы тығылып қалғып кетіп еді. Түс көрді. Түсінде аурухананың есігінен Әсем шығып келеді екен. Қуанып кетті. Демек, жалған диагноз болып шыққан ғой. Бұған қарап күлімсіреп қояды. Әсем: – Арман сен әлі отырмысың? Түнгі кезектен келіп тамақтанбағансың ғой, түрің кетіпті. Үміт те жылап қалған шығар, үйге барайық. Ау, не қылып отырсың, тұрмаймысың енді,– дейді. Селк етіп оянып кетті. Қарсы алдында дәрігер тұр.

Арман, Әсемді облыс ортаығына алып кететін болды, жағдайы ауыр. Аман қалуына отыз пайыз ғана гарантия бар. Қолымыздан



келгенді аямаспыз. Бар нәрсеге дайын тұр, – деп ойын ашық айтты.

Арман: – Мен де барайын, – деп орнынан тұрды.

Дәрігер: – Сен үйіңе бара бер. Кішкентайларың жетімсіреп қалмасын. Егер бірер жағдай болса хабар берерміз, – деді де, ішке кіріп кетті.

Міне содан бері бес күн өтті. Әсем әлі өзіне келмеді. Операциядан соң он күнде жағдайы белгілі болады. Не өледі, не қалады деген еді. Операцияның боғанына да үш күн болды. Енді үмітпен күтілетін азапқа толы жеті күн қалды. Әсемнің анасы да, аға-жеңгелері де жанында. Тек Арман ғана Үміті екеуі үйде байланып отырған. Үміттің туғанына да үш айдай болды. Қырқынан шыққан шешесінің ақ сүті мен мейіріміне зар болған кішкене қыздың былайғы өмірі қалай болмақ, ол жағы белгісіз. Алла тағаланың маңдайға жазғанын көрерміз деп белдерін бекем буған жиырма алтыдағы Арман мен үш айлық Үміт күнді түнмен, түнді күнмен алмастырып жүргенде айтылған жеті күн де өте шықты. Енді тек не қуанышты не қаралы хабар жарылған бомбадай өз қызметін жеткеруі ғана қалды.

Арман мен Үміттің күндіз-түні тілеген тілектері Құдайдың құлағына шалынса керек, Әсем аман қалды. Арадан екі ай өткен соң күйеуі мен қызының жанына қайта оралды. Үміт бұл кезде талпынып, отыруға жарап қалған еді.

Сөйтіп бұл жанұяның өшуге жақын қалған оты қайта маздады. Жүректердегі болашаққа деген үміт қайта жалғанды. Әлі де төсек режимінде жатқан Әсемнің жанында пысылдап ұйықтап жатқан қызына қараған Арман алдағы өміріне ойлы көзбен жаутаңдады. Өйткені тағдырдың талай сынын бастан кешірген Арман бұл күндерге тек кеудесінде өшпей келе жатқан үміттің арқасында жеткен еді. Осы сәтте ол күпіршілік қылған жерлеріне кешірім сұрап, жаратқанға жалбарынып өз-өзіне басу айтты.

... Аққан судай зымырап жүйрік уақыт тағдар толқындарымен арбасып өтіп жатты. Арман мен Әсемнің жанұясында жүрекке жылу ұялатар сыйластық пен Үміттің



балдай тәтті тілі ерлі-зайыптылардың арасынан өткен кикілжіндердің барлығын ұмыттырғандай.

Көзді ашып-жұмғанша өтіп кеткен бес жыл бес күндей де болмады. Сүп-сүйкімді болып өсіп келе жатқан Үміт – Арман Әсемнің қуанышы да жұбанышы да. Бұл өмірде олар тек қыздарының болашағы үшін жасап жатқандай.

Арман тағы ой үстінде. Екі айдай ғана бірге жүріп есінде мәңгілікке қалып қойған Алтынайды соңғы кезде көп ойлайтын болған. Қайда жүр екен? Көрмегеніне үш-төрт жыл болыпты. Басқа қалаға кетті деген еді. Әлде тұрмысқа шықты ма екен. Жасында Қозы мен Баянның, Ләйлі мен Мәжнүннің махаббаттарына күле қарайтын Арманның ғашықтығы да олардан кем түспейтіндей. Мұның басқа ғашықтардан айырмашылығы қызының болашағы үшін өзінің махаббатын құрбан қылып, Алтынайды тек жүрекпен ғана сүйгендігінде еді.

Әсем соңғы кезде Арманның қайтадан баяғы күйге түсіп жүргендігін өзінен суынғандай кейде төсекте теріс қарап жатып, күрсініп, бір сөзге келместен ашуланып тымырайып үндемей қалатынын сезіп, сұрақ қойғысы келіп оқталғанымен, сұрамайтын, сұрағысы да келмейтін. Арманнан айрылып қалуды ойласа болды көңілі жабырқап қалатын.

Бірде Арманға Әсем шешесінің көңілін сұрап қайту керек екенін айтты. Өйткені жасы келіп қалған Қарлығаш апа соңғы кезде көп ауырып жүрген. Әсем оны да уайымдап тынышы кететін. Жұмыстан шаршап келсе де Арман Әсем мен қызын ертіп қайын енесінікіне бет алды. Бір жағынан әжесі мен нағашы ағаларына баратынына, екінші жағынан көшеге шыққанына мәз болып келе жатқан Үміт әкесінен ананы бір мынаны бір сұрап тыныштық бермей келеді. Арман да оның әрбір сұрағына мән беріп жауап қатуда. О құдай мынау сол ғой. Алтынайдың дәл өзі. Дәл алдарында келе жатқан таныс бейнені көріп Арманның жүрегі кеудесіне сыймастай соғып үнсіз қалды.

– Папа, па-па деймін, анау күшіктің тұмсығына кигізіп қойған не, а? Папа...

Әкесі жауап қатпаған соң бетіне өкпелегендей бұртиып бір қарады да шешесін мазалай бастады. Ештеңені сезбегенге салып келе жатқан Әсем Арманға бір, алдарындағы жақындап қалған



әдемі келіншекке бір қарап ішінен жарылып кетуге сәл-ақ қалып келеді. Күлімсіреп еш нәрсе болмағандай таяп келіп қалған Алтынай:

– Сәлеметсіз бе, Арман аға? Жеңеше, халіңіз қалай?– деп амаңдасты.

Танымаған соң ернін ғана жыбырлатып, кетуге ыңғайланған Әсем Арманның кідіргенін байқап тоқтап қалды. Қызғаныш атты кара мысық жан дүниесін тырналап жатса да өзін әрең ұстап тұрды. Өмір мен өлімнің ортасында жатқанда да бұлай қиналмаған шығар- ау.

– Алтынай есенбісің? Қайдан жүрсің? Көрінбей кеттің ғой,– деп, не

жағдай сұрағаны, не сағынғанын сездіргені белгісіз Арман жанында әйелі мен қызының тұрғанын бір сәтке есінен шығарып ала жаздады. Күйеуінің бөтен әйелге емірене қарап, үзіліп кете жаздап тұрғанына ызасы келген Әсем түтігіп кетті. Ыңғайсызданып қалған Алтынай сыпайы қоштасып, Арманның сұрақтарына

– Жүрміз ғой, – деп қысқа ғана жауап берді де, өз жолымен кете барды.

Ол ішінен махаббат атты құдіретті сезімді тым кеш жолықтырған тағдырына лағнет айтып, жанарларынан өкініштің ыстық тамшылары еріксіз домалап бара жатқан болатын.

Арман да өз ойымен өзі әуре болып, жүрегі қан жылаған күйінде, артына жалтақтай қарап, қызының қолын қыса ұстап, ілгері жылжиды. Алайда, өмірде жүректері тоғысқанмен, тағдырлары тоғыспаған Арман мен Алтынайдың алдағы өмірге деген сенімі мен үміттері өшпеген еді. Өйткені, үміттің оты адамның өзімен бірге ғана сөнері сөзсіз ғой!

Арман пріште Үмітін құшақтап, маңдайынан иіскеді. Әсем әкесі мен қызына мейірімін төгіп қарап тұрды.



Гүлайым Алматықызы
Ғылым және технология мектебі, 3-курс

40 жаннан қанша жаным қалды екен?

Пойыз іші. Терезеден түскен сәуле купе ішін жап-жарық қылып тұр. Жаңа ғана шығарып салуға келген адамдардың күбірінен өз-өзіне енді ғана келіп жатқан Қадиша үнсіз ғана чемодандан осы жарты күнге керек-жарақтарын шығарып жаңа ғана бітірді...

Жаңа пойыздың аты жаңа екен. Бұрынғы оның жас кезінде секіріп мініп, секіріп түсетін, тарсұл-тұрсыл темір-терсектің даусы құлағыңнан кетпейтін совет үкіметінің пойыздарына түк те ұқсамайды. Екі адамдық орын. Әр купенің жеке туалет, душы бар. Испан пойызы. Алайда оның пойызға мінбегеніне көп уақыт өтіпті. Қанша жыл? 6-7 жылдың көлемі болған-ау. Бірақ сол пойызға мініп сауда жасап жүрген шақтарын еске алса көзді ашып-жұмғандай тез өте шығады. Уақыт шіркін зымырап өте барады екен...

Қадиша қасына жол серік болып кім кіреді екен деп қобалжып ойлап қояды. 16 сағат уақыт. Астана – Ақтөбе пойызы. Әрине, жол қысқарту керек қой. Ол жас кезінен аз ұйықтайтын. Жастайынан қиыншылықтың бейнетін тартты. Алайда қазір ол заман өткенімен, сол баяғы үйреншікті әдеті, ерте тұрып алады. Ұлымен келіні кейде ұрсып қояды, “мам, демалсаңызшы, үлкен жолдан келдің ғой, организм должен же отдыхать” деп. Жаңа шығарып салуға келгенде ұлы Нұрлан мен келіні Нұргүл сол баяғы ақылдарын айтып жатыр. Не дегенмен де дәрігерлер ғой. Өздерінше мамандар. Қадиша үндемей ғана тындап, жарайды жарайды деп күлді. Қастарына еріп келген екі немересінің беттерінен сүйді де: “Ал енді бара беріңдер. Уайымдамандаршы. Айттым ғой, телефонымды өшіріп қоямын, ол жаққа тек демалуға барамын деп. Да, обещаю, никакой бизнес. Енді қайтыңдар үйге” деп келген баласымен немерелерін купеден қуып шықты.

Қадиша орта жастағы әйел. 50-ден енді кетті. Сонда да оған қарап қызығатын адам көп. Сондай жас көрінесіз, сондай



бақытты жансыз деп. Қазақстан Республикасының «Үздік Бизнес Әйелі» деген номинациясыны қаншасыншы жыл қатарынан алып жатыр. Оны көбі біледі. Танымал әйел. Кезінде осы әйелге не жоқ, еркектермен қатарласып бизнесте жүр деген кейбір жағымсыз сөздер өз құлағына жетсе де оған ренжитін Қадиша жоқ. Тек сол бос сөз қуғыштардың оның қандай қиыншылықты бастан өткізгенін елестетіп көрсе ғой. Тек осыған кейде жыны ұстайды. Еріккеннен бизнеске келгендей ол осы....

Келген бала-шағасын қуып шықса да, пойыздың жүруіне әлі 20 минут бар екен. Осы жолы секретарынан билетті әдейі пойызға алуын сұрады. Ескі пойыздың плацкартына ал деп еді, оны естіп қойған баласымен келіні ұрсып, билетті қайта өткізіп ең болмаса тез жүретін Испан пойызына мінші деп әрең көндірді. Әр мемлекетке, елдің түкпір түкпіріне көп баратын Қадиша тек ұшақпен жүрсе де ол үшін пойыздың орны ерекше. Әрине, сәтті іскер әйел болуына жол ашқан сол пойыздағы кездері еді ғой...

Қасындағы көрші жолсерігі келмесе де, көз ұшын терезеге бұрған Қадишаның ойына сол жастық шағы түсе берді...

1980 жыл болатын. 17 жасар бойжеткенді әкесі ертіп Арал теңізінің вокзалына алып келді. Анасы болса көз жасын көрсеткісі келмей ауылда қала бергенді. Қадиша Арал ауданының Ақбасты деген ауылында дүниеге келген. Теңіздің тартылуы енді байқалып, портта жұмыс істейтін небір ұлт өкілдері елдеріне қайтып жатса да, оның жанұясы қалаға балық әкелуді доғартқан емес. Ол балықшылар әулетінде дүниеге келген. Балықшылық – олар үшін ата кәсіп. Әкесі теңізге айлап шығып кететін. Айлап тапқан ірі-ірі сазан, шортан, камбалаларды қалада істейтін өңшең орыстарға сататын. Солардың қасында жүріп үлкен қалалар, ол жақтағы өмір туралы естіп, ертең менің қызым да үлкен азамат болады, бізді Қызыл площадьқа апарары деп мақтанатын. Міне, енді сол арманын орындайтын кез жетті. Қанша жыл бойы жинаған азын-аулақ ақшасын жинап, қызын Ақтөбедегі мед училищеге өзі апарып орналастырмақшы...



Қадиша көз ашқалы ауылдан шықпаған соң, пойыз дегенді өмірінде бірінші рет көрейін деп тұр. Ішінде біртүрлі толқу бар. Өне келеді, міне келеді деген пойыз ақырында Аралға да жетті. Жеткені жеткен-ау, енді бір кезде перронда тұрған барлық адам бір вагонға жабысты. Бірінің үстіне бірі мініп, әйтеуір екі минуттың ішінде пойыз құрғыр ешкімді де ренжітпей сол жерде тұрғандардың бәрін тиіп алып, Ақтөбеге қарай тарта берді....

Міне, әкесі Қадишаны орналастырып кеткелі 3 айдың жүзі болыпты. Сол екі айда бұлардың бастарына не келмеді дейсің... Әкесі жарықтық қызым оқуын тезірек бітіріп, тезірек дәрігер болсын деген-ау шамасы, қызын аз жыл оқитын училищеге алып келіпті. Ал онысы болса дәрігерлік емес, медбикелік училище екен. Оны да Қадиша кейіннен білді... Оттың басы, ауылының маңайынан шығып көрмеген Қадишаға үлкен қаладағы өмір ауыр келді. Жатақханада алғашқы 2 айда басын жастығының астына қойып күнде кешкісін жылайтын. Әр апта сайын ауылға хат жазса да, ол жақтан не бәрі 2-3 мәрте ғана хат алды. Соңғы хатта да әкесінің теңізге кетіп, қайтыс болған суық хабарды алады...

Міне, оқу орнынан рұқсат алып, ауылға барып, қайтып келді... Әкесі енді бақилық, ал анасы жалғыз. Амал жоқ, оған оқуын жалғастыру керек. Осылай, жас қыздың басына қиыншылық, қайғы жастайынан түсе бастайды. Жатақхана ақшасын өзі төлеу үшін, оның үстіне киім-кешегі, тамағы бар күндіз оқып, түнде жұмыс жасап жүрді...

Күндердің бір күнінде, сабақтан шығып жұмысына барар жолда Қадишаны бір машина қағып кетеді. Өзі әлсіз, үзілейін деп тұрған қыз жерге сылқ етіп құлайды. Машина иесі, жас жігіт, қорқып кетіп жерде жатқан жас қызға жүгіріп келеді. Дереу жақын маңайдағы ауруханаға апарды. Қуанышына қарай, Қадишаның еш жері зақымданбапты, тек қорыққаннан талып



қалған екен және де дәрігерлер ағзасының әлсіз екенін, көп тамақ жеу керек айтады. Әлгі жас жігіт өзі сондай ақкөңіл, Қадишаның оянғанын күтіп керуеттің жанында ұзақ күтті. Ауруханаға күн сайын келіп, неше түрлі тамақ әкеліп, кінәсін қалай жуып-шаярын білмей әлек. Кейіндері Қадиша тұратын жатақханаға келетінді шығарды. Өзі 25-27 жасындағы аққұба келген жігіт. Қаланың баласы болу керек, қазақша тек аздап біледі. Оның үстіне ақсаусақ жігіт, қаладағы шыны шығаратын зауыттың бастығының баласы екен. Қадишаның жігітпен сөйлесетін уақыты да зауқы да болмаса да бұл жігітке біртүрлі үйреніп кетті. Өзін баймын демейді, өте қарапайым. Солай екеуінің жүргеніне бірнеше жыл өте шығады. Қадиша медучилищені бітіріп, қаладағы бір ауруханаға жұмысқа тұрады. Жағдайым енді жақсарады-ау деп, ауылдағы анасын қолына алғысы келіп еді, оған анасы көнбей қойды. Өлсем туған жердің топырағында өлемін, шалымның қасында боламын деп. Бірақ Қадиша ауылға келе қойғысы келмеді, тек анда-санда жалғыз анасына барып тұрды. Сөйтіп жүргенде әлгі жігіті, Қайрат, оған үйленуге ұсыныс жасады. Міне, бақыт деген осы! Әйтеуір мен де бақытты боламын, қаланың адамы боламын деп Қадиша мәз. Расыменен, күйеуі Қайрат әкесінен мирас болып қалған шыны зауытының бастығы. 1986 жыл. Ақша жетеді. Екеуі ел-жерді аралайық деп Кеңес Үкіметі кезіндегі ең үлкен қалаларға барып шықты. Мәскеу, Сталинград, Ленинград, Киев, Минск, не керек бәрі-бәрін көрді. Кейін тұңғыштары Нұрлан дүниеге келді, артынша екі жылдан кейін Дариға. Қадиша жұмыс істемегелі де көп жыл өтті. Анасы да осы уақытты бақилық болып, ауылға баруды мүлдем қойған. Қызы Дариға бір жасқа енді толғанда, 1991 жылы Кеңес Үкіметі де құлап жатты. Қазақстан тәуелсіз мемлекет болды. Алайда бұл қуанышты жағдай Қадишаның жанұясы үшін керемет жаңалық болмаған еді. Зауыттары құрдымға кеткелі тұр. Зауытқа керек маңызды құрылғылар, материалдар бұрынғы Одақтың басқа мемлекеттерінде орналасқандықтан, жұмыстары тоқтап қала берді. Сөйтіп жүргенде бас аяғы 2 жылдың ішінде зауыт түгелімен банкрот болып, 3000 жұмысшы әр жаққа шашырап кетті. Ұлттық валютаның енді нарыққа кіріп жатқан кезі, қарыз берер адам



жоқ. Таршылық дегенді көз ашқалы көрмеген Қадишаның күйеуі стреске кіріп кетті. Бұлай болар деп кім ойлаған, аштықта жатқан бала-шағасын бағудың орнына күнде ішкілікке салынатынды шығарыпты. Қадишаның жастайынан қиыншылықты көзі көрген соң, күйеуін жұбатпақ болып, басқа мекемедегі жұмыстарға барып көрсеңші деп еді, тәкаппар күйеуі бетін салып жіберді. Ол қалайша біреудің қол астында жұмыс істемекші? Солай өз қайғысына өзі кіріп кеткелі бір жылдың жүзі болды...

1994 жыл. Нұрлан биыл алты жаста, Дариға төртте. Әкелері үйде бар барлық жиһазды арақ қып ішуге таяды. Әлі де енді не істеймін, кімнен, қалай ақша сұраймын деп шала мас сандырақтап өз-өзімен сөйлеп жатыр. Бұлай отыра беруге болмайтынын білген Қадиша әлдеқашан жұмысқа кіріп кеткен. Бірақ тұрақты жұмысы жоқ. Наубайханада да, басқа зауыттарда да, мекемелерде де кішігірім жұмыс істеп көрді. Бірақ күйеуі оның жұмысқа шыққанына қарсы болып, себепсізден себепсіз ұратынды шығарды. Әр кезде әр түрлі сылтауы бар, менің көзіме шөп салып жүрсің дейді... Не болса да балаларымның әкесі ғой деп, Қадиша күйеуіне ештеңе демейді. Бір күні жұмыстан ымырт тартқанда келсе күйеуі әдеттегідей ішіп алыпты. Оған қоса ауладағы кейбір нашақорлармен достасатынды шығарыпты. Бұл жолы шегіп те алған. Әйелінің пәтер есігін аша бергені сол-ақ еді, шашынан тап беріп ұстап жерге сүйрелей бастады. Екі байғұс балалары есіктің артында тығылып, ыңырсып жылап отыр. Әкесінің түрі қорқынышты, адам танықсыз, құтырған ит секілді дулығады. Бар жынын Қадишадан алып, ас бөлмесіндегі бар ыдысты сындыра бастады. Қадиша бұлай тұра берсе өзін де балаларын да өлтіріп тынатынын байқап, көрші пәтердегі кәрі әжейдің есігін қақты. Бір күн сол үйде түнеген еді... Кей күндері күйеуі Қайрат өз-өзіне келіп, адам қалпына келеді. Сол кезде кешірім сұрап, қалай қиналып жүргенін, қалай өзінің іс-әрекетінен ұялатынын айтса да, сол баяғы әңгімесін тастамады. Ішімдік. Ыдыс қирату. Ұрып-соғу. Оның үстіне наша мен ашылып қалған шприцы.. Қанша ренжісе де, қанша қиналса да



Қадиша күйеуінен кетіп қалуға, ажыраспақ түгелі ол туралы ойлауға да қорқатын. Онсыз қалай өмір сүрем, қалай мына екі байғұсты әкесіз тәрбиелеп, адам қылып шығарам деген ойлар түнде маза бермейтін. Күйеуінің айығатынын, бұрыңғы балдәурен бақытты шақ қайтып келетініне өз-өзін сендіріп қойған-ды. Сондықтан болар, оған деген еш өкпесі жоқ еді. Тек сол сұрапыл Ақтөбенің ақ аязындағы қайғылы оқиға болмаса... Сол 1994 жылы балаларына кешкі астарын беріп жатқанда пәтер есігін ірі денелі екі милиция қызметкері қаққанды. Соңдарынан еріп, мәйітханадан бір денені тануға көмек сұраған еді. Сол күні таңертең күйеуі Қайрат әдеттегідей үйден шығып кеткен еді. Ауладағы алқаш достарымен бас жазуға. Кейіннен наша да шеккен болу керек, көшенің соң жағындағы бір скамейка үстінде өліп жатқанын бейтаныс адамдар көріп, дереу милицияға хабар берген екен. Мас күйінде болған Қайрат есін білмеген күйі аязда қатып өліпті... Мәйітханада Қадиша күйеуінің көгеріп жатқан денесін дереу таныды...

Қайраттың өлімінен кейін өзін жалғыз сезініп, өзі де бұл өмірден кеткісі келсе де Қадиша берілмеуге тырысты. Иә, ол күрес керек еді. Өз үшін бұл қу дүние қайғыдан басқа ештеңе бермесе де артынан қалған екі жәутең көз бүлдіршіндері бар ғой. Оған күш керек, жаңа өмір бастау керек. Бұрыңғы қайтып келер деген жалған арманын артқа тастап жаңа мақсат қою керек. Және солай болды да. Қайратты бақилық сапарға жібере сала, қырқынан соң жаңа жұмыс іздей бастады. Бұл жолы 2-3 жұмысты қатарынан істеу керек. Себебі үлкен ұлы келер жылы сабаққа барады, ал қызын балабақшаға беру керек. Әзірше көрші әжейдің қасына қалдырып кетіп жүрді. Мамандығымен медбикелік ісін істеп жүріп, бір жағынан сол емхананың полын жуып жүрсе, бір жағынан бір дәрігердің сатып берші деген пластмасс гаршоктерін дәріхана жағалап сататын. Кейде пәтер аралап кететін. Бейшара әйел нәр татуға уақыты болмай, тек бүлдіршіндерімді жетімсіретпей өсірейінші деп күн-түн демей жұмыс істейтін. Бұның өмірін көрмеген адамдарға, әрине, бұл



тек ойдан шығарған ертегі, тіпті өз бала-шағасы да сенбес, бірақ шындық сол. Тек балалары үшін.... Барлық қорлыққа, қиыншылыққа тек балалары үшін бармақ. Сонда да ақша құрғыр жетпей қалатын. Әсіресе тұңғышын мектепке берген жылы. Оқу құралдары, киім-кешек, қыздың бала-бақшасы, квартплата бәрі қосылып кетті. Медбикенің жалақысы неге жетсін. Болмаған соң, Қадиша түндегі пойызбен саудаға шығуды бет алды. Не дегенмен, сауда жасау қанында бар еді, мүмкін әкесінің сол қабілеті бұған да дарыған шығар. Бірақ пойызға шығып не сатпақ? Пирожкиден басқа жөнді ой келмеген соң, көптеп пісіріп кешкі пойыздарға шыға бастады. Ақтөбе - Орал аралықтары жақын болғандықтан, сол аралықтағы пойызға адам көп мінетін. Бақытына орай, пойызда бар тоқашы өтіп, таңертеңге шейін үйіне оралатын. Балалары да анасының тыным таппай еңбектенетінін біліп, үйде өздерін тыныш ұстайды.

Күндердің бір күнінде, Қадиша пойызға шықпақшы болады. Балаларына үйдің есігін ешкімге ашпандар деп, саудаға кетті. Сол баяғы Ақтөбе – Орал пойызы. Оралға дейін жарты тоқашын сатқан Қадиша қайтар жолда кері пойызды күте тұрмақ болып Орал вокзалында отыра тұрады. Оны ұзақтан бақылаған болу керек, бір әдемішелеу келген, орта жастағы орыс келіншек қасына жақындап келді. Шаршап тұрса да, түнгі 2-де пойыз күткеннен басқа шара жоқ, жаңағы орыс келіншекпен сөйлесіп кетті. Орынбордың қызы екен. Оралға семинарға келіпті. Қадишаның сөйлесе келе білімділігіне таңғалып отыр. Саудаға әжептәуір қабілеті бар екенін байқап, оған өзінің жұмыс істейтін компаниясына шақырды. Негізі олар өз компанияларының Қазақстандағы филиалын Орал қаласынан бастағысы келген екен, бірақ бұл жерде ол бизнесті алып кетер жөнді адамды таппаған соң, қайтып бара жатқан болу керек. Кенеттен орыс келіншек Ақтөбедегі біздің компанияның өкілі сен болсаңшы деп, Қадишаға ұсыныс жасады. Мұндай үлкен бизнеспен айналысып көрмеген Қадиша басында кідіріңкіресе де, орыс келіншек сөмкесінен бірнеше косметикамен каталогтарды Қадишаның қолына қыстырды. Сол жерде қысқаша қалай маркетинг жасау керек екенін үйретіп, сол екі сағат ішінде Қадишаны нағыз саудагер қылып шығарды...



Қадиша әлгі келіншектің алғашқыда берген косметикаларын өз емханасында тез сатып жіберді. Кейін көптеп алдыра бастады. Қолы босаса Орынборға өзі барып қайтатынды шығарды. Тек өз емханасында ғана емес, басқа көршілес мекемелерге, пәтерлерге, бала-бақшамен ұлының мектебіндегі апайларға да сататынды шығарды. Үстінен түсетін пайда да бірталай. Үй ішін асырауға жетеді. Артынан адамдар жинай бастады. Бірақ медбикелік жұмысымен бірге қосып істей алмайтындықтан, тәуекелге бел буып, жұмысын тастады. Ресейге семинарларға барып жүрді. 2-3 жылдың ішінде олардың өнімдерін тек қана Ақтөбеде емес, басқа Батыс Қазақстан облыстарында да сата бастады. Мүмкін, 21 ғасыр келіп, елдің жағдай оңалайын деді ме немесе Қадишаға құдай қарасқан ба не болса да саудалары өте жақсы өтіп жатты. Кейін 5-7 жылдың ішінде Қазақстанның басқа үлкен қалаларында филиалдарын ашты. Әрине, көш басында өзі, Қадиша. Ол кездері балалары да ержетіп қалды, ұлын қазақ-түрік лицей-интернатына берді, ал қызы мектепте. Анасына қолғабыс болғысы келетін Дариға үй шаруасымен айналысады. Командировкадан келген кезде ыстық шайымен өзі пісіріп үйреткен тәтті бәліштерін анасының алдына қояды.

... Жылдар өтіп, Қадишаның екі көзі, ұлы мен қызы ер жетті. Ұлын марқұм әкесі армандағандай, мен бола алмасам да, осы бала болсыншы деп медуниверситетке түсуін өтініп еді. Әрине, Нұрлан Болашақ бағдарламасымен Америкада оқып келіп, қазір білікті маман, нейрохирург болып жұмыс істеп жатыр. Жары Нұргүлді де шетелде оқып жүргенде кездестірді. Ол да дәрігер, педиатр. Қызы Дариға дизайнды оқып, өз ательесін ашпақ ойы бар. Бір жыл бұрын ғана күйеуге шыққан, қазір сол өзінің туған қаласында тұңғыштарын күтіп отыр, 9-шы ай дейді, босанатын уақыт жетті... Қадиша баласының қолында, Астанада тұрады. Компанияларының ең басты кеңсесін осында көшіріп әкелген. Сол баяғыдай, өзіне дамыл жоқ, күнімен түні



еңбектенуде. Әр мемлекеттегі семинарларға Қазақстанның өкілі ретінде барады, әр қалада өтетін семинар жиынға өзі де қатысады. Бір сөзбен айтқанда өз ісін жақсы көреді, ал ең бастысы, балаларын. Сондықтан да осы жолғы сапары тек қызы үшін. Ақтөбеге жол тартып барады. Жұмыс телефоны сөндірулі. Тек қызы үшін...

Қадиша бір нүктеге көзін қадағалы 20 минут өтіпті. Пойыз қозғала бергенде бір 17-18 жасар бойжеткен үлкен шамаданын сүйретіп, тарс-тұрс дауыс шығартып, улатып-шулатып купе есігін ашып кірді...

Иә, өмір – ұстаз, бәріне үйретеді. Пойыз жылжып барады, өмір де жылжып барады. Осы пойыз жода қаншама тағдырар бар, табыс тапқандар қаншама, жоғалтқандар қаншама. Өткенде көрші әйел әңгіме айтып отыр. «Алматыдан келе жатқанмын, купеде жалғыз болдым. Бұл да Құдайдың маған берген бағы шығар деп ойлап, рақаттанып бір дем алатын болдым ғой деп жаттым. Содан түн ішінде Шудан шулатып саудагер әйелдер отырды. Құдай самасын, қаншама қытай сөмкесі, кіргізіп жатыр. Өздері қандай күшті дейсің! Заттарын қойып болған соң, ал енді жақсылап шай ішіп алайық деді. Бір жарты арақтарын алды. Мені де шақырды. Менің ұйқым қанып, жап-жақсы демалып қалыппын. Отырсам отырайын деп, бірге шай іштім. Әңгімелерін тыңдап отырып біресе олардың ерліктеріне қуанып, біресе аяп отырдым. Небір алаяқтарға жем болып, Бішкек базарында ақшасын алдырып алған келіншек: «ой, білмейсіңдер ғой қыздар, менің «данышпан байым» қандай сюрприз дайындап отыр деп келем ғой. Ақшамды алдырып алғанда пойыздың астына түсіп өлейін деп ойлады. Көз алдыма шырқырап жылап тұрған қызым елестегенде ойымнан қайттым. Білмеймін бұл қанша уақытқа жалғасады?» деп, мұңын шағып еді. Енді бірі: – Майра, айтпашы құрсын, мен әкелген нанды жеп отырып, өзі көк тиын таппай отырып, «сен мені ойламайсың, менің не киіп жүргеніме қарамайсың» деп күйдіретін күйеуіме жауап айта алмаймын ғой» деді. Үшіншісі: – қыздар, сол үшін мына жылытатын, ұмыттыратын қасиетті сусыннан тартып алайық деді. Үшеуі жата салысымен, сұлатып тастаған бөренедей ұйқыға кетті. Мен әйелдердің тағдыры туралы ойлап, Қарағандыға дейін көз



ілмедім. Қарағандыға жақындағанда оларды ояттым. Тағы да жылдам-жылдам қимыл, маған алғыстарын айтып, таңғы суықта пойыздан түсті. Астанаға көңілім түсіп, көңілсіз оралдым. Әйелдің қырық жаны бар деген рас сөз ғой деп ойлаймын» деді. Мен өз өмірімді көз алдымнан өткізіп отырып, «мүмкін» дедім. Менің 40 жанымнан қаншасы қалды екен деп ...



Жанерке Шахина
Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі, 2-курс

Көршінің қызы

Күн көкжиектен асып көтеріліп бара жатты. Кішкетай Жания күндегідей көрші балалармен далада тығылыспақ ойнап жүрді.

– Ал, жарайды, алпысқа шейін санаймын, тығылып қалыңдар, – деп,

үйдің жарына басын бұрып, көзін екі алақанымен жұмып, «Бір, екі, үш...» деп санай бастайды. Балалар тез ауланың ішімен жүгіріп тығыла бастады. Жанияның ең жақын құрбысы Алтынай үйдің жанындағы ағаштың артына беттеп бара жатып, «Тек караушы болма» деп ескертіп қойды. Әрине, бала болғасын қызығушылығы ішінен күйдіріп бара жатқан Жания, білдіртпей басын сәл артқа бұрып, құрбысының үлкен ағаштың түбінде отырғанын байқап қойды.

– Елу сегіз, елу тоғыз, алпыс – деп, соңғы сөзіне қатты ырғақ беріп

айқайлап, достарын іздеуге кіріседі.

Ақырындап Алтынай отырған ағашқа жақындай бергенде, үйдің терезсінен анасы Сания: «Жәнөк, Атөкөн, кіріңдер ішке, ас дайын» деп қыздарды үйге шақырады. Ағашқа жетіп үлгермеген Жания «Алтынай, шық, сен ағаштың артындасың, мен сені мана байқап қойғанмын» деп, өзінің қулығына мәз болып, құрбысын шақырады. Алтынай өзінің бірінші табылғанына көңілі түсіп, ренжіп, бұртиып тығылып жатқан орнынан шығады. Сол уақытта «Әй, қыздар, тез кірсеңдерші, бәріміз сендерді күтіп отырамыз ба?!» деген шаңқылдаған дауыс естіледі. Екі қыз бұл айқайдан шошып, тез үйге қарай жүгіреді.



Үйге бара жатқанда, подъезден шығып келе жатқан көрші ағаны көріп, сәлемін беріп кідіріп қалады. Дүкенге асығып бара жатқан көрші:

- Тез үйге кірсеңдерші, мамаларың қоймастан сендерді асқа шақырып жатыр ғой.
- Түүф, енді төртінші қабатқа көтерілу керек. Жарайды, біз барайық, әйтпесе мама шақырып мазамызды алар, – деп, Жания құрбысымен жүгіруден шаршап ухлеп соңғы қабатқа көтеріледі.

Көрші аға, Алихан, балалар үйінде әлеуметтанушы болып қызмет ететін. Өзі балажан болғанымен, балалары жоқ-тұғын. Сондықтан болар, ауладағы бүкіл балалармен жақсы араласып, ойнап тұратын, бірақ Жанияға деген ықыласы ерекше болатын. Ол бүлдіршінді өз қызындай сүйіп, араларында бір байланыс барын сезінетін. Оның Зере деген жұбайы болатын. Алихан үйге кіріп, көтеріңкі көңілмен:

– Зере, мен келдім, – деп, ас үйде шаруасымен айналысып жатқан

жолдасына азық-түлікті ұсынып, «тағы да көршінің қызын кездестірдім. Әй, сол қызды-ай, кішкентай болып алып «мамам мазамды алады» деп қояды.

Жымия күлген Зере:

– Иә, менің де соны көргенде үнемі көңілім көтеріліп қалады. Тілі бал

тіпті өзінің... Жарайды, түскі ас ішейік, сорпа әзірлеп қойдым.

Екеуі түскі асқа отырады.

Күн қызара ұясына батып, кеш келді. Зере шебер тігінші еді және көршілеріне іс тігуде көмегін аямайтын. Бұл жолы да,



Санияның сұрауы бойынша Жанияның бір көйлегін өзгертіп отырған. Алихан терезе алдында даладағы балалардың ойынын тамашалап отырды. Бір уақытта есікті біреу қақты.

– Алеке, есікті ашып жіберші, менің қолым бос емес. Сания шығар, кешке қарай соғып кетемін деп еді. Алихан асықпай есікке қарай барды. Ашса, есік алдында күлімсіреп Жания тұр екен.

– Тағы да сәлеметсіз бе, Алихан аға. Маған су бересіз бе? Қааатты шөлдеп қалдым. Үйге көтерілуге ерініп тұрмын.

– Кіре ғой, жаным. Жүр ас бөлмеге. Зере, бізге кім келгенін кара.

Зере көріп, күлімсіреп, Жаниямен амандасады. Балақай қол бұлғап, Алихан ағаның артынан ас бөлмеге ереді. Көрші аға су құйып беріп, Жанияның қолына кәмпит ұстатады. Жания:

– Екінші қабатта тұрған не деген керемет. Ойнап жүргенде шөлдесең, тез көтеріле саласың да, болды.

– Ал сен бізге қыз болсаңшы, сонда рақат болады. Жоғарыға көтеріліп шаршамайсың, әрі мен саған осылай үнемі кәмпит беріп тұрамын, –деп Әлихан қалжыңдады. Жания сылқ-сылқ күліп, суын ішіп, рақметін айтып, есікке қарай беттейді.

Шығарда:

– Алихан аға, мен осылай су ішуге Сізге келіп тұрсам бола ма? – деп сұрады.

– Әрине, балапан, қалаған кезіңде келе бер, – деп маңдайынан сүйеді.

Кешкі ас кезі. Жания күні бойы үйге кірмей сыртта достарымен ойнап жүр. Сания дастарқан басын әзірлеп жүріп, бөлмесінде отырған үлкен қызы Шырынға: – Шырынжан, Жанокты шақырып жіберші, – деп сұрайды. Шырын терезеден Жанияны дауыстап шақырады. Әншейінде айғайлап жауап



кататын қыз үндемейді. Шырын ішінен «Түүф, баяғы тығылыспағын ойнап, тығылып, үндемей тұрған шығар» деп ойлап, тағы шақырады. Жауап жоқ. Түсінбестен терезеден басын шығарып қарайды. Далада Жанияны көрмейді. Анасы уайымдамасын деп, бөлмесінде жұмыс жасап отырған әкесіне жүгіріп барып, кіші қыздың, далада жоқтығын айтады. Әкесі: «Қалай жоқ? Ай, Алтынайдың үйінде ойнап жатқан шығар. Жарайды, өзім барып іздеп келейін,» – деп, тұрып шығып кетеді. Амантай үшінші қабатта тұратын Алтынайдың үйіне барса, әкесі Қаныштан басқа ешкім жоқ екен. Ол да Жанияны көрмепті. «Ақаң осы балаларды қарап отырғанды жақсы көретін еді ғой, мүмкін сол көрген шығар» деп ойлап, төмен түсіп есігін қағады. Үйдің ішінен сыңғырлап күлген дауыстар шығады. Есікті Зере ашып, «Аа, Әбес, сенбісің? Қош келдің! Төрлет, шайға отыр», – деп ішке шақырады. «Жо-жоқ, рахмет. Мен Жанияны іздеп жүрмін. Қызымды көрмедіңдер ме?» Сол уақытта ас бөлмеден Жания жүгіріп шығып, «Папаа, кеттік, шай ішейік. Алихан аға тәтті кәмпиттерін шығарып қойды» деп қолынан ұстап ас бөлмеге сүйрейді. «Жанок, мамаң тамақ әзірлеп қойды ғой, жүр, үйге барайық». «Мен тойып тұрмын, осында тамақ ішіп алдым», – дейді Жания жымыып.

Арада біраз апта өтті. Жанияның достары ауылдағы ата-әжелеріне қыдыруға кетті. Қыздың іші пысып, күні бойы үйде отырды. Әпкелері үлкен болғандықтан Жанияның ойындарын ойнамайды. Ата-анасы да өз жұмыстарын істеумен әлек. Ойын баласына назар аударар бір жан жоқ. Ойнайтын адам таппағандықтан, Жания өздігінен сурет сала бастады. Сәулесін шашқан күнді, ақша бұлттарды, көкте шарықтап ұшқан құстарды, шалқар көл мен жасыл жайлауды салды. Өз туындысына таң-тамаша болған балақай суретті әке-шешесіне



асыға көрсетті. Қолы тимеген ата-анасы «Жарайсың, қызым» деп аса назар аудармай жұмыстарын жалғастыра берді. Бала жүрегі сезімтал болады ғой. Көңілі түсіп кеткен Жания, басы салбырап үйден шығып кетті. Баспалдақ санап, екінші қабатқа түсіп, сүйікті көрші ағасының есігін қақты. Алихан ағасы есікті ашқан кезде, мән-жайды түсіндірместен, көздері мөлдіреп «Мен сендердің қыздарың болайыншы» – деді...

Жалғасы бар...



Ұлан Исмайыл
Ғылым және технология мектебі, 2-курс

Менде сенің жүрегің соғып тұр

Біз сияқтыларды “Чернобльдiктер” деп атайды...

...Тiптi не айтарымды да бiлмеймiн... Өлiм жайында ма немесе махаббат жайында ма? Әлде екеуi бiр нәрсе болғаны ма?..

... Отау құрғанымызға алты айдан ендi асқан едi. Көшеде қол ұстасып жүргендi ұнататын едiк. Мен оған сүйемiн деп айтушы едiм, бiрақ қалай сүйгенiмдi өзiм де бiлмеппiн. Ойланып та көрмеппiн. Өрт сөндiру бөлiмшесiнiң жатақханасында тұратын едiк. Екiншi қабатта. Бiзден бөлек тағы үш жас отбасы бар болатын, бәрiмiз бiр асхананы қолданатын едiк. Ал терезеден төменге қарасаң, өңкей қызыл өрт сөндiру көлiктерiн көресiң...

Бұл – оның жұмысы. Оның жағдайын, қайда болатынын әрдайым бiлiп отыратан едiм. Түн ортасында шуылдаған дыбыстан ойанып, терезеден қараймын. Ал ол болса: “Асель, терезенi жап, ұйқта. Станцияда өрт шығыпты, мен көп ұзамай келемiн” дейдi.

... Жарылысты өзiм көргенiм жоқ. Тек лапылдаған өрт. Барлығы жарқырап тұрғандай. Аспан да солай. Көк түтiн. Ыстық. Ал ол болса әлi жоқ. Арнайы киiмдерiн де кимептi, құр көйлекпен кетiп қалған сияқты. Оларға ескертпеген, үйреншiктi өрт сөндiру тапсырмасына шақыртқан. Сағат төрт... бес... алты.... Бiз алтыда ауылға, оның ата-анасының үйiне картоп егуге барайын дегенбiз. Қала мен ауылдың арасы қырық шақырым. Егiн егу, жер аудару... Оның сүйiктi iстерi. Анасы оны қалай қалаға жiбергiлерi келмегенi жайлы жиi еске алатын едi. Тiптi оған арнап жаңа үй тұрғызған. Кейiн әскерге кетiп қалды.



Мәскеуде өрт сөндіру зwoдында әскери борышын өтеді. Қайтып келген соң өмірін өрт сөндіруге арнады. Басқа еш нәрсені мойындамайтын еді.

Кейде оның дауысын естігендей боламын... Тірі.. Кейде суреттері де маған қатты әсер етеді. Кәдімгі дауыстап шақырғандай болады.

Сағат жеті... Оның ауруханада жатқаны туралы хабар келді. Өкпемді қолыма ұстап сонда жүгірдім. Барсам, тәртіп сақшылары аурухананы қоршап алыпты, ешкімді өткізбейді. Бір жақтан жедел жәрдем көліктері қаптап келуде. Тек мен емес, түнде станцияға кеткен ерлердің келіншектері, аналары, барлығы осында. Осы ауруханада істейтін танысым бар еді. Соны іздестіре бастадым. Оның бір көліктен түсіп бара жатқанын көріп, жетіп барып:

– Мені өткіз! Шыдай алмаспын! Онымен көрісуім керек. Тек көрсем болды.

– Жарайды – деді, – жүгір, он - он бес минутқа тек.

Оны көрдім. Көзі көрінбейді, денесі ісіп кеткен.

– Сүт беріңдер, көп сүт, – деді менің бір танысым.

– Ол сүт ішпейді ғой, бірақ, десем,

– Енді ішетін болады, жан керек болса ішеді, - дейді.

Дәрігерлер, медбикелер, әсіресе еден жуушылар біраз уақыттан кейін ауыратын болады, кейбіреуі бақилық болады... Бірақ оны ешкім де білмейтін еді. Таңғы онда оператор қайтыс болыпты. Ол бірінші болып жан тапсырды. Бірінші күні...

Құрбым Таня жүгіріп келе жатыр. Оның күйеуі де осы палатада. Әкесімен келіпті, көлікпен. Сол көлікпен ең жақын ауылға сүт іздеуге кеттік. Ол шамамен қаладан үш шақырымда. Үш литрлік банкадан бәріне жетсін деп, алтауын сатып алдық. Бірақ сүттен жүректері айнып жатыр. Үнемі естен танып қала береді. Дәрігелер оларды газдан уланған дейді, бірақ радиация туралы ешкім айтпайды. Қала әскери техникамен толып қалды,



жолдарды жауып тастаған. Электричка жүрмейді. Көшелерді бір ақ көпіршікпен тазалап жатыр. Менің бар ойым болса “Ертең, ауылға сүт алуға қалай барады екенмін?”. Ешкім радиация туралы айтпады... Тек әскерилер арнайы дем алатын маскалармен жүрді.

Кешкісін ауруханаға кіргізбеді. Айнала топырлаған адам. Мен оның терезесінің астында тұрмын. Ол терезеге жақындап келіп, бірдеңкелерді жалма-жан айтып жатыр. Естілмейді. Кейіннен сұрастырғанымда, таңертең оларды Мәскеуге алып кететіні белгілі болды. Әйелдер топырлап, “Күйеулерімізге жіберіңдер!” деп шуласып жатыр. Біз олармен кететін болып шештік. Сонда бір дәрігер шығып: “Оларды таңертең Мәскеуге ұшақпен алып кетеді, оларға киім алып келіңдер” деп кететіндерін растап кетті. Олардың станцияға киген киімдері жанып кеткен. Қалада автобус жүрмейді. Біз болсақ үйге қарай жүгірдік. Сөмкелермен келсек, ұшақ ұшып кетіпті. Содан алданғанмызды түсіндік... Біз қанша жыласақ та, айқайласақ та, жалынсақ та ешкім мән бермеді.

Түн.... Қаладан шығатын жаққа қарай жүздеген автобустар, ал қалаға кіріп жатқан тек өрт сөндіру көліктері. Көше ақ көпіршікке оранған. Біз болсақ соның арасымен жылап, есеңгіреп кетіп бара жатырмыз. “Жылы киімдеріңді өздеріңмен алыңдар, қалада бес – алты күн эвакуация болады, ормандарда тұрасыңдар...” деп, радиодан хабарлады. Кейбіреулер болса, табиғатқа шығатындықтарына қуануда. “Бірінші майды сонда қарсы аламыз” деп, өздерімен гитара, магнитофондарын алуды да ұмытпады. Тек қана біз жылап жүрміз. Біз... Күйеулері, балалары зардап шеккендер.

Жолды ұмытып қалдым. Оның анасын көргенде бірақ есімді жыйдым.

– Мама, мама! Вася Мәскеуде. Арнайы ұшақпен алып кетті, – дедім мен.



Құрсағымда алты айлық бала бар. Кешкісін басым ауырып, жүрегім айный бастады. Қатты қалжырап кеттім. Мен ұйқтап жатқанымда “Асель! Аселья!” – деп оятушы еді. Оны түсімде көремін, мені шақырғандай болады.

Таңертең Мәскеуге барамын деген оймен ояндым. Жалғыз өзім... “Қайда кетпекшісің?” – деп анасы көзі жасаурап қалды. Әкесі жиған-терген ақшасын алып, мені жолға шығарып салды.

Мәскеу – алтыншы арнайы радиологиялық аурухана. Арнайы құжаттарсыз өткізбейді. Вахтерге ақша беріп, әйтеуір өттім. Енді, радиологиялық бөлімнің бас дәрігерінің кабинетінде отырмын. Тіпті дәрігердің есіміне де мән бермеппін. Білетінім тек бір нарсе – оны көру. Дәрігердің бірінші сұраған нәрсесі:

– Балаларың бар ма?

Қалай ғана жоқ дейін. Жоқ десем болды, анық кіргізбейді. Арық болғаным жақсы болды, ішімнің шыққаны байқалмайды.

– Бар, – дедім.

– Қаншау?

Біреу деп айтсам кіргізбес деп:

– Екеу. Бір – қыз, бір – ұл, – дедім.

– Екеу болса, одан кейін керек болмас. Енді тыңда: Жүйке жүйесі бұзылған. Омыртқасы толықтай зақымданған...”

– Жарайды, кішкене ашушаң болса ештеңке етпес.

– Енді тыңда, жылайтын болсаң, сол кезде шығарып жіберем. Сүйісуге, құшақтасуға болмайды. Тіпті жақындама. Жарты сағатың бар.

Бірақ менің ойым басқа еді. Өзіме-өзім онсыз кетпеймін деп уәде бергенмін.

Кіріп келдім, олар кереуетте карта ойнап отыр. Менікі болса, мээ. Үстіне тар киім кигізіп қойыпты. Жеңі, балағы қып-қысқа. Бетінің ісігі басылыпты. Әбден химикаттармен емдеген болар.

– Қайда жоғалып кеттің?! – дедім. Ол болса мен құшақтамақшы.

– Отыр отыр, – деп дәрігер оны жібермей жатыр.



Құшақтасудың керегі жоқ.

Ал біз оны кейіннен әзілге айналдырып жібергенбіз. Бір кезде барлығы жиналып қалды, барлығы жиырма сегіз адам, жеті палатаға жатқызыпты. Бәрінің түрлері таныс. “Не жаналық, не болды?” деп, сұрастырып жатыр. Мен болсам: “Қалада төтенше жағдай деп бекітілді, халықты бір аптаға жан-жаққа алып кетіп жатыр.” Онымен жалғыз қалғым келді. Ойымды сезгендей, басқалар бірденкені сылтаулатып сыртқа дәлізге шығып кетті. Сосын мен дереу оны құшақтап, иіскелеп, сүйіп жатырмын. Ол қашуға тырысып:

– Жаныма отырма, орындақ алып, соған отыр,– деді.

– Ой, қай-қайдағыны айтпашы, бұар айта береді,– деймін. Жарылыстың қайда болғанын көрдің бе? Не болды сонда? Ең бірінші болып сендер емес пе барған сонда?

– Менің ойымша әдейі жасалған. Жарылысты қолдан ұйымдастырған.

Жігіттердің бәрі солай ойлап жатыр. Сүйтіп біраз ойланып отырды. Мен оны қайта-қайта құшақтап жібергім келмеді. Біраз уақыт отырдық.

Келесі күні келсем, әр қайсысын бөлек палаталарға жатқызыпты. Себебін “әрбір организм радиацияға әр түрлі қарсылық көрсетеді” деп түсіндірді. Біреуі көтергенді екіншісі көтере алмауы мүмкін екен. Қалған басқа науқастардың бәрін басқа ауруханаларға көшіріп жіберіпті.

Үш күн бойы Мәскеудегі институтта бірге оқыған құрбымның үйінде тұрдым. Валя осында ағасы мен жеңгесі үшеуі тұрады екен. Ол маған жаны ашып: “Не керек соны ала бер, тамақты қысылмай дайындай бер”, –деп қолғабыс жасады. Мен күнде алты адамға арнап сорпа жасап апарамын. Өзіміздің алты жігітке. Барлығы сол түні кезекшілікте болатын. Бәріне тіс щеткасын, паста, сабынын алып келдім. Ауруханада ондай заттар атымен жоқ еді. Сосын, кшікентай орамалдар сатып алдым. Қазір сол бір таныстарыма таң қалам. Әр түрлі алып қашпа әңгімелер



болды. “Ауруханадағылардың жағдай өте қауіпті, олардың маңына жоламау керек, радиация қатты жұқпалы...”, деген сияқты. Бірақ таныстарым қорықса да: “Ештеңкеден қысылма, бір зат керек болса айт. Олардың жағдайлары қалай? Өмір сүре ме?”, – деп алаңдап тұратын. Өмірімде ондай адамдарды кездестірген жоқ едім.

Менің ойым – тек қана ол. Ойымнан бір минутқа да шыққан емес. Бір кісі айтып еді: “Кейбір аурулар бар жазылмайтын, олардың тек қана қолдарын сипап отырасың, ештеңке істей алмайсың...” Өмірімнің бәрі нүктеге келіп тіреліп тұр. Ол болмаса не істеймін?

Таңертең ерте базарға бардым. Қайтарда Валяның үйіне барып сорпа дайындап алдым. Жігіттердің біреуі алма алып келуімді өтініп еді, оны да алуды ұмытпадым. Алты жарты литрлік ыдыстармен, қаланың бір шеті – ауруханаға қарай жолға шықтым. Қолымда тағы дорбам бар. Кешке дейін отырам солармен, сосын қаланың екінші шетіне қайтамын. Үш-төрт күн солай болды. Дәрігер аурухананың маңайындағы медбиккерге арналған қонақ үйде тұруға болатынын айтты. Бұл не деген бақыт?! Бірақ онда асхана жоқ, енді қалай тамақ істеймін... Дәрігерге барып айтып едім, ол:

– Бұдан былай тамақ істеудің қажеті жоқ. Олардың асқазандары тамақ қабылдамайды,– деді.

Он төрт күн өтті. Ол күннен күнге өзгере берді. Күн сайын жаңа бір адамды көргендей боламын. Денесінде күйіктер пайда бола бастады. Аузында, тілінде, маңдайына дейін жара басып кетті. Кейіннен үлкейе бастады. Денесі қарайып, қызарып, кейбір жерлері көк болып кетті. Ал мен болсам оны сүйемін, сол бір сұп-сұр денені, жараларын бәрін сүйемін. Ол менікі. Бұл сезімді айтып жеткізе алмаспын. Тіпті өзім де дұрыстап сезіне алмайтын сияқтымын. Мен оны құтқарғым келеді, жылауға да уақыт жоқ. Барлығы бір сәтте болғандай. Мен оны сүйемін. Сол кездің



өзінде қалай сүйгенімді білмеймін. Үйленгенімізге де көп болмады ғой. Кейде есіме алам, Көшеде кетіп бара жатқанымызды. Менің қолымнан ұстап, аймалап, қайта-қайта сүйе береді. Көшеде адамдар кетіп бара жатыр, барлығы бізге күлімсіреп қарайды. Ал енді менің барым да, бағым да, махаббатым да ауруханада палатада жатып, менің көзімнің алдында өшіп бара жатыр...

Қонақ үйге келген күні мамандар менің денемдегі радиацияны өлшеді. Киім, сөмкелер, аяқ-киімдерім барлығы радиацияға тұншыққан. Бар затымды дереу алып қойды. Тек ақшаны қалдырды, әйтеуір. Орнына елу алтыншы өлшемде халат, аяғыма қырық үшінші өлшемде сүйретпелер берді. Менің киімдерімді қайтармаймыз деді. Осындай түрде оған бардым. Мені көріп шошып қалған ол: “Құдай-ау, саған не болған?” дейді. Ал мен болсам, қайтсем де сорпамды дайындаудың уайымымен жүр едім. Ыдысқа қайнатқышты тастап, тауық етінен майдалап салып пісіремін. Кейін біреуден тостақ алып, біреуден тақтай алып...

Аурухананың халатымен базарға бармадым, азық-түлікке қонақ үйде істейтін еден жуушысы барып жүрді. Ал менікі болса тіпті сорпаны да іше алмайтын хәлге келді. Тіпті шикі жұмыртқаны да жұта алмайды. Пochтаға жүгірдім. Келе сала: “Қыздар өтінемін, – тез арада ата-анама хабарласу керек – күйеуім өлім аузында жатыр!”. Неге екенін білмеймін, тез арада байланыс құрып берді. Әкем мен ағам сол күні ұшақпен Мәскеуге ұшып келді. Біраз заттарымды, ақша алып келді.

Тоғызыншы мамыр. Ол үнемі айтушы еді: “Сен Мәскеудің қандай әдемі екенін білмейсің ғой! Әсіресе жеңіс күнінде. Салют, парад. Сенің көргеніңді қалаймын”. Палатада оның қасында отырмын. Көзін ашып:

- Қазір күндіз бе әлде түн бе? – деп сұрады.
- Кешкі сағат – тоғыз.
- Терезені ашсаңшы, салют басталады қазір!



Терезені аштым. Сегізінші қабат. Бүкіл қала көз алдымда. Алдында байқамаппын да көріністі. Не деген әдемі! Аспанға алғашқы от шашу басталды.

– Міне, ғажап.

– Саған Мәскеуді көрсетем деп айтып едім ғой. Саған әр мейрамда гүл сыйлаймын деп, уәде беріп едім ғой. Жастығының астынан үш қалампыр шығарып жатыр. Медбикеге ақша берген болуы керек. Сол кісі алып келген екен. Жантыласып құшақтап, сүйіп: “Жалғызым менің, махаббатым менің” – дегенім сол еді, қашқалақтап: “Дәрігер не деді? Жақындама маған, сүйме мені!” – деп, дірілдеген даусы шықты.

Маған дәрігерлер құшақтасуға болмайды деген еді. Бірақ мен.... Мен оны ары-бері көтеріп, отырғызатын едім. Көрпесін ауыстыратын едім. Градусник қоятын едім. Түнімен оның қасында болатын едім...

Бірде палатадан шыққаным сол еді, басым айналып жығыла жаздадым. Терезенің жақтауына сүйеніп тұрып қалдым. Қайта оның көзінше емес, дәлізде болғанына Құдайға шүкір. Жанымда өтіп бара жатқан бір дәрігер қолымнан ұстап:

– Сіз екіқабатсыз ба? – дейді.

– Жоқ, жоқ! – деп, бізді ешкім естіп қойған жоқ па деп қорқып кеттім.

– Алдамаңыз, – деп, күрсінді.

Қатты сасқалақтап қалдым. Оған не айтарымды білмей қалдым.

Ертесіне мені бас дәрігерге шақырды.

– Мені неге алдадыңыз? – деп сұрады ол.

– Басқа амалым қалмады. Шындықты айтқанымда үйіме жіберетін едіңіздер.

– Сіз не істеп қойдыңыз?!

– Бірақ мен...

... Оны өзінің палатасынан шығарып, арнайы камераға жатқызып қойды. Камера бір пакетпен қапталған, кіруге



болмайды. Арнайы құралдар көп, шошып кетесің. Жаңағы пакеттің сыртынан ине сала береді. Бірақ мен ешкім жоқта, құралдарды, пакетті жинап оның қасына баруды үйреніп алдым. Оның кереуетінің жанында кішкене ғана орындық болатын. Оның жағдайы қатты нашарлап кетті. Жанынан бір сәтке де ажырамадым. Үнемі мені шақыратын. “Асель, қайдасың? Аселья?”. Шақыра береді... Оларға солдаттар қарайтын болды. Себебі медбикелер, санитарлар оларға қызмет көрсетуден бас тартты. Солдаттар бәрін істейтін еді. Еден жуады, төсектерін ауыстырады, ластықтарды тазалайды... Солдаттар қайдан келді? Сұрамадым. Тек қана ол. Сол болса болды. Күнде естимін: “Өлді, өлді, Тищура өлді... Макс өлді. Семен өлді... Титенок өлді...”. Көз алдымда жігіттер көз жұмып жатты. Желкеден балғамен соққандай болады... Терім жарыла бастады, қолым да, аяғым да. Денеме күлдіреуіктер шығып кетті. Ол басын жастыққа үйкегенде шашы жастыққа төгіліп қалатын еді. Кейіннен барлығының шаштарын алып тастады. Мен оның шашын өзім алмақшы болғанмын, бірақ болмады. Ол үшін барлық нәрсені өзім жасағым келді. Оның қасында жиырма төрт сағат бойы болар едім, тек әлім жетпейді. Әр минут мен үшін қымбат еді...

Бір күні оның қасына барсам, столда апельсин тұр. Үп-үлкен. Бірақ сары емес – қызыл. Күлімсіреп: “Маған сыйлады, өзіңе ал, же,” – деп қояды. Медбике болса пленканың ар жағынан қолын сермеп, жеуге болмайды деп айтып жатыр. Оның қасында болған затты жемек түгілі қолмен ұстауға қорқасың. “Сен апельсинді ұнатасың ғой, қане жеші”, – деп айтты. Мен апельсинді қолыма алдым. Сол кезде ол көзін жұмып, ұйықтауға кірісті. Оған үнемі ұйықтататын дәрілер салынады. Медбике маған қорқып қарап тұр. Ал мен ше? Мен ол үшін кез келген нәрсені істеуге дайынмын. Ол өлім туралы, оның ауруы емделмейтінін және менің одан қорқатыным жайлы сезіктенбесе болды. Маған бір дәрігер айтқан еді: “Ұмытпаңыз, сіздің алдыңызда жатқан сүйікті



күйеуіңіз емес. Ол жатқан радиоактивті зат, өте улы. Сіз өзіңіздің басыңызды өлімге тіккелі жатырсыз, өзіңізді ұстай біліңіз, абайлаңыз!”. Ал мен: “Мен оны сүйемін! Сүйемін!” дей беремін. Ол ұйықтап жатса да құлағына: “Мен сені сүйемін” деп сыбырлаушы едім. Есіме баяғы бірге сүрген өмірімізді көп алушы едім. Біздің жатақханада... Ол менің қолымды ұстамаса ұйықтай алмайтын еді. Тіпті ұйықтағанда да қолымды жібермейтін әдеті бар еді. Түні бойы солай....

Ал енді ауруханада мен оның қолынан ұстап, жібермедім...

Түн. Тыныштық. Біз екеуміз ғана. Маған мұқият қарады да:

- Біздің баламызды көргім келеді. Қандай болады екен ол?
- Оның атын кім деп қоямыз?
- Он енді өзің шешерсің.
- Неге мен өзім, сен бар емессің бе?
- Егер ер бала болса – Вася, қыз болса – Наташка болсын.
- Васясы несі? Менің Васям бар ғой, біреу – сен. Басқасы керек емес.

Осы уақытқа дейін оны қалай сүйгенімді білмеппін. Ол... Тек қана сол. Соқыр сияқтымын. Ішімдегі баланы ұмытып та кететінмін... Алтыншы айдамын. Балама ештеңке болады деп ойламадым, құрсағымда ғой... Менің оның камерасында қонып жүргенімді дәрігерлер білмейтін еді, медбикелер рұқсат беретін. Басында көндірмекші болып: “Қызым-ау жассыңғой әлі. Бұл адам емес қой. Реакторғой. Сені жандырып бітіреді” дейтін. Мен күшік сияқты олардың артынан қалмай, есіктің артында сағаттап тұратынмын... Өтіндім, жалындым... Болмаған соң олар: “Сайтан алғыр! Сен есіңнен адасқансың” деп, жібереді әйтеуір. Таңертеңгі тоғыздан кешкі тоғызға дейін оның қасында боламын. Оны күніге суретке түсіріп жатты. Бірақ түсіріп жатқандарын менен жасырғысы келді. Тек бір жамылғымен түсіреді, кейде жалаңаш күйде. Мен сол жамылғыны күніге таңертең ауыстырушы едім, кешке дейін әбден қан болады. Жамылғыны ауыстырарда, оны ары-бері қозғалтамын. Денесін



ұстағанда терісі қолыма жабысып қалады. Тырнағымды қанағанша алып тастадым, тек оны жаралап алмайын деп. Медбикелердің ешқайсысы оны ұстамайтын, тіпті жақындамайтын. Бірдеңке болса мені шақыратын. Оны суретке түсіре беретін. Ғылымға дейді. Мен олардың бәрін қуып жіберер едім, әттен, қолымнан келмейді! Кезекші медбикеге:

– Ол өлейін деп жатыр.

– Енді не деп ойлайсың? Ол мың алты жүз рентген алды. Ал адамды өлтіруге төрт жүзі жетеді. Сен реактордың жанында отырсың.

Барлық жері менікі, сүйемін, әрбір түгіне дейін сүйем, менің Васям...

Соңғы есімде қалған нәрселер.... Түн. Жанында орындықта отырмын. Таң атты, сағат сегіз: “Вася, мен барайын. Кішкене демалып алайын” дедім. Көзімен бара бер дегендей белгі берді. Қонақ үйдегі бөлмеге барып, еденге жаттым. Есіктің тоқылдағанынан оянып кеттім. Енді көзімді ашқаным сол еді: “Бар, жүгір! Тоқтаусыз сені іздеп жатыр” деп есіктен кезекші медбике сөйлеп кетті. Кеше Таня: “Таңертең жерлеуге бірге барайық, сенсіз шыдай алмаспын” деп жалынған еді. Сол таңда Танының күйеуін жерлеп келдік. Қонақ үйге келсіммен кезекші медбикеге қоңырау соқтым.

– Алло, оның жағдайы қалай?

– Он бес минут бұрын көз жұмды.

Мен түнімен оның қасында болдым ғой!! Тек екі-үш сағатқа шығып кеттім. Тұрған жерімде дірілдеп, айқайлай бастадым. Аспанға қарап: “Неге?! Не үшін?!...”. Дауысымды бүкіл қонақ үй естіген болар. Адамдар маған жақындауға қорықты...

Есімді жидым. Оны соңғы рет, соңғы рет көруім керек! Ауруханаға жүгірдім. Камерасына кіріп келсем, жатыр. Алып кетпепті әлі. Соңғы сөздері: “Асель, Асель!”, болды деп, медбике



мені тыныштандырғысы келіп жатыр. Содан соң соңғы демін алып, үндемей қалыпты.

Онымен моргке дейін бардым. Қабірі әлі есімде, үлкен полиэтилин пакеттен жасалған. Моргте бір ағай: “

– Оны қандай киімде жерлейтінімізді көргіңіз келмей ме? – деді.

– Әрине!

Оны әдемі әскери киімге киіндіріп қойыпты. Көкірегінде бас киімі тұр – әдемі жасыл фурашка. Аяғы ісіп кеткендіктен, етігін сыйғыза алмай, жанына қойып қойыпты. Қолынан ұстап көтермекші болдым, сүйегі салбырап тұр. Етінен ажырап кеткен. Органдары тамағына келіп тіреліп тұр. Аузынан қан байқалады. Аяғына бірде-бір етік шақ келмеді! Менің көзімше әсем киімде оны целлофан қапшыққа салды да мықтап байлап тастады. Сосын барып, сол қапшықты ағаш қабірге салды. Қабірдің сыртынан тағы бір қабат пленкамен қаптады. Соның барлығын цинктен жасалған басқа үлкендеу қабірге салды...

Барлығы кетіп қалды, оның ата-анасы. Менің әкем мен ағам қасымда қалды. Мәскеуде қара орамал сатып алдым. Кейін арнайы комиссия келіп бізге Васяның қабірін бере алмайтындарын айтты. Тек қана бізге емес, барлық жігіттердің жақындарына солай айтқан екен. Оларды арнайы молаға жерлейді екен. Жігіттердің сүйегін еліне алып кеткісі келгендерді: “Олар – халық қаһармандары. Отбасыға бұйырмайды енді. Жігіттер мемлекеттің адамдары” деп көндіріп жатыр.

Әскери жүк көліктерінің арқасында отырмыз. Оның қабірі көз алдымда. Солдаттар жанымызда қаптап отыр. Полковник рацияны мұқият тыңдап тұр. Екі-үш сағат арнайы молаға қарай жүрдік. Рациядан: “Күтіңдер, біздің бұйрығымызды күтіңдер” деген дауыс шықты. “Кіруге әлі рұқсат бермейміз. Моланың маңында шетелдік журналистер жүр, біраз күтіңдер!”, деп рациядан белгісіз біреу дыбыстады.



Барлығы үнсіз. Мен есеңгіреп айтып отырмын: “Менің күйеуімді неге тығып жатырсыңдар? Сонда ол кім? Қанішер ме? Қылмыскер ме?” Қасымда отырған полковниктің рациясын алып қоймақшымын. Жанымда отырған әкем: “Тыныш, тыныш қызым” деп, бауырына басып, басымнан сыйпап жатыр. Полковник рацияға: “Молаға кіруге рұқсат беріңіз. Әйелі өзін-өзі ұстай алмай жатыр”. Молаға кірдік, көліктен шықтық. Солдаттар көліктен қабірді түсірді. Бізді солдаттар қоршап алды, солай бір ғимаратқа дейін бардық. “Тез, тез!”, деп бір офицер айқайлап жатыр. Апыр-топыр қабірлді ішке алып кетті, біз қалдық. Қабірді құшақтап та үлгермедім. Бізді бір автобусқа мінгізді, солай қонақ үйге алып барды. Қасымыздан бір әскери кісі шықпады. Келесі күні елімізге қайтатын билет алып келді. Еш жаққа шығармады. Жолға тамақ та ала алмадық.

Бізге ешкіммен сөйлеспеуді бұйырды. Мен бір сөйлесе алатындай, мен тіпті жылай да алмадым. Қонақ үйден кетіп бара жатқанымызда, кезекші көрпелерімді, жастық, сүлгі барлығын пакетке салып жатты. Кейіннен өртеп жібірген болар. Қонақ үйге өзіміз төледік, дәл екі апта жатыппын. Екі апта... Екі апта бойы алтыным көз алдымда жатып, өлді...

Үйге келдік. Келе салып ұйықтадым. Үш тәулік ұйықтаппын. Жедел жәрдем шақыртыпты. “Жоқ, өлмеген. Ол тұрады. Бұл сондай қатты ұйқы”, деп айтып кетіпті.

Мен жиырма үш жастамын... Бірде түсімде, қайтыс болған әжем жерленген киімінде келді. Үйдегі шыршаны безендіріп жатыр. Мен:

– Әжетай, неге бізде шырша тұр? Қазір жаз емес пе?

– Солай жасау керек. Жақында сенің Васяң маған келеді.

Вася орманда өскен. Тағы бір түс есімде. Вася аппақ киімде келді, Наташаны шақырып жатыр, біздің қызымызды... Әлі туылмаған қызымызды... Қызымыз өсіп қалған. Аспанға лақтырып ойнап жатыр онымен. Екеуі күліп жатыр. Оларға



қарап мен: “Бақыт – бұл не деген күшті?” деп ойланып тұрмын. Кейін екеуміз көлді жағалай жүрміз. Ұзақ жүрдік. Бәлкім ол ар жақтан мені жыламасын деп сұрап жатқан болар. Белгісі шығар. Ар жақтан – жеті қат аспаннан.

Екі айдан кейін Мәскеуге бардым. Молаға, оны көруге ғана... Молада онымен үнсіз тіл қатқандай болдым. Молада толғағым басталды. Сонда жүрген адамдар жедел жәрдем шақырды. Бір қызығы босанарда көрген дәрігерлердің түрі қатты таныс болды. Мүмкін екі ай бұрын көрген дәрігелер шығар. Ол кезде есімді білмей, түрлерін аңғармағанмын да ғой. Уақытынан екі апта бұрын босандым. Маған көрсетті, қыз. “Наташенка” деп айттым мен. Әкем атын “Наташа” деп қойды. Дене мүшесі сау, әп-әдемі қыз. Оның бауырында “Цирроз” бар екен. Бауырында жиырма сегіз рентген. Жүректің тума талмасы... Алты сағаттан кейін қызым “Өліп қалды” деп айтты...

Дәрігер:

– Қызыңды өзіңе бермейміз.

– Қалай сонда бермейсіңдер?! Мен оны сендерге бермеймін... Сендер оны ғылымға алмақшысыңдар... Жек көрем ғылымдарыңды, сендерді, бәрін!... Оны өзім жерлеймін, оның қасына.

Әбден айқайладым, өзім не айтып жатқанымды да білмеймін. Сандырақтап жатырмын... Естен танып қалдым. Қызымды алмайтын болыпты. Бәлкім аяп кеткен болар... Бір ағаш қорап алып келді. Қарасам ішінде Наташам жатыр. Жаялыққа орап қойыпты. Мен көз жасым сел болып:

– Оны Васямның аяқ жағына жерлеңдер. Айтыңдар бұл – Наташа деп.

Моласына “Наташа Игнатенько” деп жазылды. Оның аты да болмады ғой. Тек жаны ғана. Алты сағаттық өмір... Бір ширек күнге созылған ғұмыр...



Екуіне әрдайым екі орам гүл алып келемін. Біреуін оған, екіншісін қызымның басына қоямын. Сонда көзім мөлтілдеп, тізерлеп жүремін. Мен қызды өлтірген... Мен.. Ол мені құтқарды. Қызым... Барлық радиацияны өзіне алды. Өте кішкентай... Мен екеуін де сүйдім. Бірақ... Қалай ғана мұндай махаббаты өлтіруге болады? Ыстық сезім! Неге екі зат бірге? Махаббат пен өлім... Бірге... Не үшін? Маған мұны түсіндіретін біреу бар ма?!

Киевтен маған пәтер берді. Бір шағын ауданда сол атом станциясының адамдары тұрады. Пәтер үлкен, екі бөлмелі. Вася екуміздің армандағанамыздай. Үйдің әр бір жері маған Васяны есіме салады. Үйде жөндеу жұмыстарын бастап кеттім, бастысы бірдеңкемен айналысу. Жата берсем жынды болып кететін шығармын.

... Екі жыл өтті. Оны түсімде көп көремін. Жаланааяқ жүреді. “Неге жаланааяқ жүресің?” десем: “Сол, менің еш нәрсем жоқ” дейді.

Мен үшін өмірдің мәні қалмады. Әрі қарай өмір сүргім де келмеді. Есімнен адасатын шығармын. Түнде жатқанда, “Васенька, мен бала туамын, жалғыз болуға қорқамын, енді былай шыдай алмаспын” деп рұқсат сұрадым.

Мен жиырма бес жастамын. Жігіт тауып алдым. Оған барлығын айттым. Барлық шындықты... Өмірім бойынша бір-ақ махаббатым бар екенін де айттым. Онымен кездесіп жүрдік. Оны үйіме шақырмайтынмын. Үйімде Вася бар, ол әр бұрышта.

Кондитер болып жұмыс істедім. Торт жасаймын, кейде көз жасым қосылып кетеді тортқа. Мен жыламаймын, жүрегім жылайды. Қыздардан сұрағаным “Тек маған жандарың ашымасын, әйтпесе, кетіп қаламын!”.

Васяның орденін алып келді. Қып-қызыл. Оған көп қарай алмаймын. Көзімнен жас аға береді.



Бала тудым... Есімін Тимур деп қойдым. Құрбыларым “Саған тууға болмайды” деуші еді. Дәрігерлер де солай айтқан. Тіпті оң қолсыз туылады деуші еді. Мен болсам, “Қайтейін, сол қолмен жазатын болады” деймін. Жоқ, сап-сау туылды. Әп-әдемі. Мектепке барады, ылғи бес алып келеді. Барлығын түсінеді, ақылды. “Анашым, әжемдікіне екі күнге кетсем, сен шыдай аласың ба?” дейді маған. Жоқ, болмайды. Онсыз күн көре алмаймын.

Баламмен көшеде кетіп бара жатырмыз. Мен құладым. Бірінші инсультім осылай болды. Сол жерде балам:

– Анашым, су ішесің бе? Мені тастамашы. Кетпеші анашым...

Ары қарай есімде жоқ. Көзімді ашсам, ауруханада жатырмын. Қолымды баламның қолынан дәрігерлер әрең дегенде шығарып алыпты. Қатты қысып алыптын. Тимурдың қолы көгеріп қалыпты. Тағы бірде үйден шығып бара жатырмыз. Тимур “Ана, қолымды ұстамай-ақ қой, сенен ешқайда қашып кетпеймін” дейді.

Осылай күн көреміз. Бір-біріміз үшін қатты қорқамыз. Ал, әр бұрышта Васяны көремін. Оның суреттері... Түнде балам ұйықтап жатқанда, онымен, Васямен сөйлесемін. Кейде түсімде “Қане, баламызды көрсетші” дейді. Біз Тимурмен бірге келеміз. Ол болса қызын алып келеді. Әрдайым сонымен бірге, оны ойнатады...

Менің өмірім міне осылай. Бір уақытта екі әлемде өмір сүремін. Қайсы өмірдің жақсы екенін білмеймін да. Біз сияқтыларды “Чернобьдіктер”, деп атайды. Тұрып жатқан жерімдегілердің бәрі дерлік чернобьдіктер. Барлық өмірін сол станцияда өткізгендер. Кейбіреулері әліге дейін сонда вахтамен жұмысқа барып тұрады. Қазір онда ешкім тұрмайды. Көбісі ауру, инвалид, бірақ жұмыстарын тастағысы келмейді. Басқа не істесін байғұстар? Айына бір-екі адам көз жұмады. Кенеттен өледі. Көшеде кетіп бара жатып, шай ішіп отырып, газет оқып



отырғанда өледі, немесе ұйықтауға жатқандары кейде тұрмай жатады....

Бірақ менің айтқым келгені менің сүйіктім туралы, мәңгі өлмес махаббатым туралы еді... Махаббатты ей, ғылым, сенің радиацияң да өлтіре алмайды. Мен сені сүйдім ... Менде сенің жүрегің соғып тұр, ол сенсің. Есіңде ме сен маған жүрегіңді ұсынып едің ғой ...



Самат Жұманов

Инженерия мектебі, 3-курс

Қарындасым – Алланың маған берген сыйы еді ...

1997 жылдың желтоқсан айы. Қыстың енді ғана басталған шағы. Айнала аппақ көрпесін жамылып, терең ұйқыға кетіп бара жатыр. Жаңа жылға әлі екі аптадай уақыт қалса да далада мерекелік көңіл күй бар. Осының бәрін ерекше сезінген алты жасар Қасым терезеден сол таңғажайып көріністі тамашалауда. Биылғы жаңа жыл ол үшін ерекше, себебі алдыңғысын шағын қалашықта қарсы алған болатын. Ал осы жылы оның әулеті Алматыға көшіп келді. Енді ол үшін жаңа қаладағы әрбір нәрсе сыйлықтай көрінеді. Алайда саны көп болса да, сол сыйлықтарды ұмыттыратын тағы басқа сыйлық бар. Сәл мезгілден соң бұйыртса, оның кішкентай қарындасы дүниеге келеді.

Қазір Қасым тәтесінің үйінде. Ата-анасы оны туған тәтесіне жиі қалдырғандықтан ол тәтесін екінші ана көріп, әжептеуір бауыр басып қалған еді. Күндердің бір күнінде ол Роза тәтесіне жүгіріп келіп:

– Сен білесің бе, мама Роза, мен қарындасыма ат қоямын, мама солай

айтты. Бірақ өкініштісі, мен қыздардың атын білмеймін ғой. Кел бірге ойлайықшы, қандай аттар бар еді өзі?

– Кетші, шын ба, күшті ғой! Әнеки, көрдің бе, демек үлкен азамат

болдың. Жарайды, кел көрейік. Мысалы, мынадай аттар бар ғой: Айгерім, Салтанат, Ғалия...

Тәтесі оған көптеген аттарды айтса да, ол Айгерім деген есімнен кейін ештеңе естімеді.



– Болды, мама Роза, мамаға айтшы бөпенің атын Айгерім қойсын деп.

Бірнеше күннен кейін періштедей боп Айгерім дүниеге келеді. Қасымның қуанышында шек болмайды. Иә. Ол үшін өзі ат қойып, енді аға болу ерекше бақыт еді. Сәбиді көруге қатты асығып, анасы келгенше күн санап жүрді. Осыған дейінгі барлық сыйлықтары артта қалып та кетті, өйткені ол үшін енді аға болудан артық сыйлық жоқ еді.

Екі апта бұрын ауруханаға кеткен анасы үйіне бүгінде екеу болып оралды. Қуаныштан көзі оттай жанып, Қасым жүгіріп, бәйек болып жүр. Біресе анасына, біресе қарындасына қарайды. Жүгіріп келіп сәбидің бетінен сүйеді. Анасының қолындағы кішкентай сәбиді жақсы көрмеу мүмкін емес болатын. Оны қайта-қайта иіскеп, құшақтағысы келген ол, бөпені көтергісі келіп:

– Мама, мама, мен көтерейінші, оны! Бәрің көтердің ғой маған неге бермейді? Мама, берсеңдерші енді! – десе, анасы:

– Балам, сен шамалы шыдай тұр, сен әлі өзің де кішкентайсың. Ертең бұйыртса сен де, көкелерің сияқты мықты болғанда көтересің жарай ма? – деді.

Сәл ренжігендей болып көрінсе де бала бұны жақсы түсінді. Ол қарындасының қасына барып оны енді бөпелігінен асырып, өскен күндерін елестете бастады. Оны бала-бақшаға қалай апаратынын, оның алғашқы қоңырауын, бой жетіп өскен шақтарын, барлығын. Әрине бұның барлығын әшейін сырт көзбен емес, оның жанашыр ағасы ретінде, оның қамқоршысы ретінде армандап, қарындасының тағдырына өзін жауапкершілікті аға ретінде ойлайды.

1999 жыл. Желтоқсан. Арада екі жыл өтсе де Қасымның кішкентай қарындасына деген сезімі басылған жоқ. Ол



қарындасына бәрін көрсетіп, түсіндіріп жүреді. Дала аппақ қармен қымтанып, сұлуланып жатыр. Қасым әр түрі кескінмен, мың сан өрнекпен үлбіреп жерге түсіп жатқан қарды тамашалап тұр. Қандай бақыт, енді ол жалғыз емес. Сүйікті қарындасын жетектеп, қар бастырып жүр. Қарындасының албыраған беті кішкентай салқынға да қызарып қалады. Оны тоңдырып алмайын деп, бауырына тартып құшақтайды. Кіп-кішкентай қарындасы үшін бұл үлкен аға болып тұр ғой, осы бір сезім оны ерекше қуантады. Үкендердің бәрі бұны кішкентай санайды. Ал жалғыз қарындасы ғана бұны үлкен санайды. Шынымен, бұл керемет емес пе?!

Осы екі жыл ішінде қарындасы жиі-жиі ауыратын еді, кейбір кездері анасы екеуі ауруханада жататын. Сол шақ өте ауыр шақ еді. Әкелері бір жыл бұрын ақша табам деп, алыс аймаққа кетіп қалған еді, бірақ оның да сол жерде мәселелері шығып, не бір нәрсе жібере алмайтын, не өзі келе алмайтын халге тап болды. Осылайша олар жалғыз қалды. Анасының мейірімге толы жанарын мұң басты. Кішкентай Әйгерімді құшақтап отырып, көзінен аққан жасты екі ұртын тартып тоқтатқысы келеді. Бірақ оған жас тоқтамай, сай қуалаған арықтай мойнына қарай ағады. Анасының көз жасын көруден қиын ешнәрсе жоқ. Қолынан келер шамасы жоқ. Анасы дәріханаға, дүкенге кеткенде Қасым Әйгерімге: «менің асылым, алтыным, қарындасым, сен жазыласың. Міндетті түрде жазыласың. Алла, анамды жылатпашы. Қарындасымды ауыртпашы» деп отырып, өзі де жылап алатын еді. Анадан мықты, анадан күшті ешкім жоқ екен. Қасым мен Әйгерімнің анасы бар қиындықты мойнымен көтеріп, тағдырдың ауыр салмағына өз иығын тоса білді. Қос балапанына өзінің қиналғанын еш көрсетпеуші еді. Өйткені анасына қуат беріп, оның төзімділігін арттыратын бір нәрсе бар еді. Ол – сол кішкентай періштесі Әйгерімнің қарақаттай мөп-мөлдір қара



көздері мен тап-таза күлкісі еді. Ол күлкі Қасымның да қуат алар орны сияқты болатын. Кішкентай Қасым әр атқан таңнан үміт пен қуаныш күтіп оянып, әр түнде үмітпен көз жұматын. Ал жаңа жыл деген тура осы шаңыраққа жаңа бақыт әкелетіндей болатын. Себебі Қасым қиялымен сол бақытты көруші еді. Ол үшін бақыт: қарындасының ауырмағаны, анасының жыламағаны, әкесінің аман-есен оралып, ең қарапайым ғана бақыты бар отбасы болған еді.

2001 жылдың желтоқсан айы. Әкесі қайта оралып, отбасының берекесі орнағандай болды. Жар дегенде жалғыз қарындасына өзі жинап жүрген ақшасына сыйлық алды. Қорапшаның ішін тәттілермен, ойыншықтармен толтырып, сыртынан эп-әдемі лентамен байлап, қарындасына алып келді. Туған күнінде ағасынан сыйлық алған қарындасы сол күні ерекше қуанышқа кенеледі. Қорапты дереу ашып жіберіп, әр ойыншыққа, әр тәттіге қуанды. Еркелеп келіп ағасын құшақтай алды. Қасым қарындасының бетінен сүйіп, көтеріп айналдырды. Бұлардың қуанышын көріп тұрған ата-аналары да мәз болды. Әйгерім ағасының сыйлығын анасына, әкесіне көрсетіп мәз.

Қазақтың қарапайым отбасының қарапайым бақыты осындай-ақ болар?.. Бала болып Қасым да, кішкентай Әйгерім де қуанатын, жылайтын еді. Ағасының бойында өнерге деген дарындылық байқалмаса да, қарындасы ән айтып би билеуге жақын болатын. Әйгерім ширақ болды, биді келістіріп билейді. Аузы томпайып ән де айтады. Ол үлкен сахна жұлдызы болуды армандайтын. Теледидардан балалардың өнерін көріп, солардай болғысы кететін. Ал ағасы болса, оған үлкен сеніммен қарап, одан келешекте танымал өнер жұлдызы шығады деп сенетін.

Уақыт да зымырандай жылдамдықпен жылжып келеді. Кеше ғана осы әлемге шыр етіп аяқ басқан қарындасы бүгінде жаңа жыл мейрамының алты жасар әншісі мен бишісіне



айналды. Келесі жылы бұйыртса жұрттың балаларындай мектепке барады...

Қасым да есейіп, бүгінде терең ойланатын деңгейге жетті. Жағдайдың бәрін түсіне бастады, қарындасы жұрттың баласындай емес екен. Дегенмен ол әлі де сенді, барлығы жақсы болады деп ойлады. Себебі әке шешесі де қыздарының денсаулығын уайымдап, дәрігерлерге көрсетіп жүр. Енді Алматыдағы пәтерлерін сатып, сол ақшаға Қасымның сүйікті Әйгерім қарындасын шетелге апарып емдеткелі отыр.

Қасым үйде көңілді жүруге тырысады, ал енді үйден шыға көңіл күйі түсе бастайды. Мектепте да көңілсіз жүреді. Мектептен шыға үйіне асығады. Қарындасын сағынады. Қарындасы оны күтіп жүреді. Ол оны ойнатады, велосипед тепкізеді, бақшадан құлпынай теріп әкеп береді. Бала жүрегі армандайды: «Не істесем менің қарындасым жазыллады?» деп ойлайды. Ой түбіне жетпейді.

Қарындасы Қасымды күн сайын мектепке шығарып салатын, өзі де ертең мектепке баратынын сезінгендей болып дайындалатын. Қолына әліппені алып, мектеп партасына отыруды, мектепте көп адаммен достасуды арман ететін. Міне мынау тұрған оның сумкасы, оның ішіне менің мектеп құралдарымды салып қоятын. Маған керекті жоқ деп ойлаған ғой, жарығым сол. Ал маған ол керек болса да, керек болмаса да мен қарсы болмайтын едім. Қайта оның жүзінде қуаныш көру мен үшін де қуаныш болатын.

Сол жылдың соңғы айы, маған бұл ай әрқашан ұнайтын. Алғашқы қар, керемет сезім ұялататын. Ал сол айдың соңы ...

Ата-анам мені мама Розаға тапсырып, өздері шетелге шығып барады. Кішкентай ғана Әйгерімнің жүрегіне ота жасайды дейді. Дәрігерлердің айтуынша операция жасалмаса



қарындасымның өмір сүруі екіталай екен. Анашым мені құшақтап: «Балапаным, қарындасыңның тілеуін тіле. Тамағыңды ішіп жүр. Уайымдама, сабағыңды жақсы оқы» деді.

Сол кезде менің жүрегім де шымырлап кетті. Менен де анама ауыр ғой деп ойладым да, анама көз жасымды көрсетпедім. Қарындасымды құшақтадым, ол да маған ботадай мөлдір көзімен қарап қояды. Екеуміз екі қолымызды жұмып, түйістірдік. Менің қарындасым бетімнен сүйіп, әдемі саусақтарын ашып жұмып: «пока» деді.

Қыс бұрын әдемі еді, енді суық, сүреңсіз, үй бұрын жылы еді, енді салқын, мектеп бұрын жақын еді, қазір алыс. Мен Әйгерім бар да үйге жүгіріп келетінмін, қазір үйге асықпаймын.

Телефон шырылдады, бұл анам еді. Операцияға дайындық жақсы болып жатқанын, қарындасымның сәлем айтып жатқанын айтты. Сол кезде телефонның арғы жағында қарындасымның күлкісі естіліп жатты. Мен ойладым, ол әлі сол қалпы екен, еш өзгермеген, еш мұңаймаған. Мен одан енді үлгі алуды жөн көрдім. Мен үміт дегеннің мәнін сонда терең түсіндім. Біздерді ұстап тұрған күш үміт еді.

Келесі күні мен түс көрдім. Ол маған өте ауыр тиді, себебі қорқыныш пен үрейге толы еді. Таңертең суық хабар жетті. Үміт те алдайды екен...

Екі-үш күннен кейін жаңа жыл. Қуанышы жоқ жаңа жыл. Сағынышы мол жаңа жыл. Мен қарындасымды сағынып отырмын. Оның сыңғырлаған күлкісі, өкшесін көтеріп билегені, аузын томпитып айтатын әні, «пока» деген үні бәрі-бәрі санамда, жүрегімде, көзімнің алдында тұр.

... Сыйлық... Менің өмірімдегі ең жақсы сыйлық менің қарындасым еді.



Оның аз ғұмыр кешсе де, маған жасап кеткен сыйлығына сыйлық жетпес. Ол мені «аға» деді, ол маған еркеледі, мен оны ойнаттым. Осындай керемет сыйлық, осындай нәзік қарындасымның ағасы болуды нәсіп еткені үшін Алла тағалаға шексіз алғысымды білдіремін! Қарындасыма енді жағыз пана Алла ғой...



МАЗМҰНЫ

СЦЕНАРИЙЛЕР

Айгерім Өмірхан. Зағип.....	6
Айболат Қойшыбай. Жақсылық жасауға мүмкіндік	31
Айдана Танбай. Лейла	42
Ақерке Қожатай.	51
Маржан Омарова. Досыма хат	59
Торғын Шоқанбаева. Мариям	70
Арай Көлдебаева. Жүрекке жол	75

ӘҢГІМЕЛЕР

Ерден Серікбаев. Шахтер	87
Ерқанат Нұрмаханов. 14 900 тг	101
Көркем Ыбрахым. Тоғыспаған тағдыр жолы	129
Гүлайым Алматқызы.	
40 жаннан қанша жаным қалады екен?	149
Жанерке Шахина. Көршінің қызы	159
Ұлан Исмайыл. Менде сенің жүрегің соғып тұр	164
Самат Жұманов.	
Қарындасым Алланың маған берген сыйы еді.....	181

